

З. Сейітжанұлы

# ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ

*Оқу құралы*

Стереотиптік басылым

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2020

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84(5к)  
С 31

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің  
Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы, профессор **А. Темірболат**  
филология ғылымдарының докторы, профессор **Т. Тебегенов**  
филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ. Мәдібай**  
филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Әбдіғазиев**

**Сейітжанұлы З.**

С 31 Қазақ халық әдебиеті: оқу құралы. – 2-басылым, толықтырылған. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 170 б.

**ISBN 978–601–04–0101–3**

«Қазақ халық әдебиеті» атты оқу құралында халқымыздың бай да мазмұнды фольклорының түрлі саласы: тұрмыс-салт өлеңдері, мақал-мәтел, шешендік сөздердің табиғаты, прозалық және эпикалық жанрлардың түрлері, айтыс өнерінің тарихы, дәстүрі қарастырылады. Сондай-ақ әр жанрлық түрдің ерекшеліктері, жасалу, даму жолдары, көркемдік-эстетикалық мәні тұжырымдалады.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

**ӘОЖ 821.512.122**  
**КБЖ 84(5к)**

ISBN 978–601–04–0101–3

© Сейітжанұлы З., 2020  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

## Кіріспе

Фольклор – қазақ халқының ғасырлар бойында жасаған рухани мұрасы. Фольклор ағылшынның (*folk – халық, lore – білім, даналық*) сөзі. Бұл термин неміс ғалымы И.Ф. Кнафльдің тұжырымдауынша халық даналығы деген ұғымды білдіреді. Осы пікірді ХІХ ғасырдың ортасында ағылшын ғалымы У. Дж. Томс та дамыта түседі. Ол фольклорды ел арасында туған өлең-жыр, ертегі, аңыз, түрлі наным-сенімдерді жинақтайтын термин ретінде ұсынады<sup>1</sup>.

Қазіргі ұлттық сөз өнерімізді үш түрге бөледі: фольклор, ауыз әдебиеті (ақын, жыраулар поэзиясы) және жазба әдебиет. Бұлардың үшеуіне де ортақ белгілері болуымен бірге әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Фольклордың үш сипаты бар: а) фольклор – ежелгі дүниетаным және көне мәдениет әрі мұра; ә) фольклор – тұрмыстың бір бөлшегі; б) фольклор – сөз өнері<sup>2</sup>.

Сан ғасыр сахара саясында көшіп-қонып, өмір кешкен қазақ халқы сөз өнерін ерекше қадір тұтқан. «Аталы сөзге ақымақ тоқтамайды» дей отырып, жүйрік ой, жүйелі сөзге жүгінген. Өздерінің жан сезімін, көңіл күйін пернелеп те, термелеп те білдіріп отырған. Басқаша айтқанда, халық көптеген аңыз-әңгіме, өлең-жыр, мақал мен даналық сөздерді ауызша шығарып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде жеткізіп отырған. Өйткені халықтың көшпелі өмір салты халық әдебиетінің дамуына әсер етіп, ықпал жасаған. Аттың жалы, түйенің қомындағы тіршілік өмір сырын санаға сақтап, ауызша айтуға дағдыландырған. Сондықтан әр адамның оқуы шарт болмаса да «тоқуы» шарт болған, жасынан жаттап айтуға, импровизаторлыққа машықтанған.

Әрине, әуел баста халық әдебиеті үлгілерін жеке адамдар шығарғанымен, кезінде хатқа түспегендіктен оны шығарушының аты

---

<sup>1</sup> Аникин В.П. Русский фольклор. М., 1987. С. 7-8

<sup>2</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы, 2008. – 1-т. – 20 б.

ұмыт болған. Әрі біреуден-біреуге ауызша айтылу арқылы жетіп, үнемі екшеліп өңделуден өтіп көпшіліктің шығармасына айналып кеткен. Атадан балаға ауысып отырған фольклор мұралары талай-талай ғасырлардың сүрлеу-соқпақтарынан өтіп, уақыттың талап-талғамына шыдағандары ғана біздің заманымызға келіп жеткен. Бұлар өткен замандардың сыр-сипаты мен жаңғырық-жыршысындай. Одан халықтың асыл арман-үміті, дүниетанымы мен наным-сенімі, ғұрып-салты, харекет-кәсібі, елдік-ерлік тарихы соншама айқын елестейді. Кез келген фольклорлық мұра халық өмір-тіршілігінің алуан түрлі жақтарын бейнелейді. Бұған қарап халық әдебиетін тарихтың өзі не оның құжаты деп қарауға болмайды. Әр жанрдың болмысқа қатысы әр түрлі дәрежеде болады.

Бір кезде Қазақстан жерін мекендеген түркі тұқымдас рулар халық әдебиетімен байланысып жатады. Бұған аталған рулардың кейбір ертегілері мен аңыздарының, мақалдары мен жырларының Қазақстан мен Орта Азия, Қарақалпақ пен Алтайдың түркі тілдес халықтарына ортақ мұра болып келетіндігі айғақ<sup>3</sup>. Сонымен бірге қазақ фольклорына қатысты нұсқалар ертедегі Орхон-Енисей (V-VIII ғ.) ескерткіштерінен ұшырасатыны да белгілі. Осының бәрі де фольклорлық мұраның тамыры тым тереңде жатқанын байқатса керек.

Қазақ фольклоры жанр жағынан да, түр жағынан да бай мұра. Оның ғасырлар бойғы тарихы бар. Ол сонау алғашқы қауымның ыдырау кезеңінде туып, күні бүгінге дейін өмір сүруде. Көне заманнан бері ол жай ғана өмір сүріп қоймай, әрбір қоғамға, өмір шындығына сәйкестеніп өзгеріп отырады. Кейбір жанрлар өмірден бір жола жоғалып, оның орнына жаңа жанрлар пайда болды<sup>4</sup>. Халық әдебиетінің негізгі жанрлары – тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер, лирикалық өлеңдер мен айтыстар, қаһармандық эпостар мен ғашықтық жырлар, тарихи жырлар мен қиссалар, т.б. Бұлар іштей бір қанша жанрлық түрге жіктеледі.

Фольклор мұралары өмір талабына, халықтың қажетіне қарай

---

<sup>3</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960. 1-т. 1 кітап. 7-бет.

<sup>4</sup> Қасқабасов С. Фольклордың қазіргі өмірдегі орны // Фольклор шындығы. – Алматы, 1990. 148-бет.

жаңғырып-жаңарып отырады. Уақыт өткен сайын фольклордың жеке туындыларын қойып, тіпті, тұтас жанрлары да эволюциядан өтеді. Көптің көкейіне қонбай, көңілінен шықпағандары қолданудан қалып, замана тілегіне, халық мүддесіне сай келгендері ғана өмір сүрген, халықтың рухани мүлкіне айналған. Демек, фольклор жанрларының қай-қайсысы болса да сан буынның талғам-таразысынан өтіп бізге жеткен. Сондықтан ауызша туып, тарау фольклорлық мұралардың басты ерекшелігінің бірі болмақ.

Фольклордың табиғаты – сан қырлы. Халық әдебиетінің өзіне тән белгісі ретінде мыналарды айтуға болады, авторының белгісіз болуы, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткендіктен көп вариантты болып келуі, кейбір қалыптасып дәстүрге айналған тұрақты сөздер, тіркестер мен сөйлемдер ортақ болып, бір шығармадан екінші шығармаға сол күйінде ауысып, көшіп жүруі, халық әдебиетінде бірнеше өнердің бірлесе көрінуі яғни синкретті екендігі. Сондай-ақ бір шығарманың өзінде түрлі дәуір шындығынан хабар беретін көпқабаттылық болуында.

Шығарманың мазмұны мен көркемдеу құралдарында дәстүрліліктің басым келуі халық әдебиеті туындыларының тағы да бір үлкен белгісі. Өйткені фольклор ұжымдық сананың жемісі. Халық әдебиеті шығармаларының нормативті болатыны да ерекшелігіне жатады. Қаһарман мінезінің «дайын» қалпында берілуі, олардың қалайда бір қасиет иесі болып көрсетілуі халық әдебиетінің көркемдік тәсіліне тән нәрсе. Өйткені фольклор туындыларында көркем бейне алдын ала белгіленген «міндетті» ғана атқарады<sup>5</sup>.

Қазақ көне мұраларының ізі Түрік қағанаты дәуіріне тән ескерткіштер – Орхон-Енисей (VI-VIII ғасырлар) жазбаларында сақталғаны мәлім. Орхон жазулары деген не? – деп жазады академик М. Әуезов, – олар фольклордың мейлінше көне үлгілерінің де ескерткіштері емес пе? Сол жазуларда эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері бар<sup>6</sup>. Ал Орхон-Енисей ескерткіштерін қазақтың эпикалық жырларымен салыстыра қарастырған ғалым Н. Келімбетов те Күлтегін тарихи фактілердің тізбегі емес екенін, қайта түркі халқының арман-қиялын, ғасырлар

---

<sup>5</sup> Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы. 1989. – 12-14-бет.

<sup>6</sup> Әуезов М. Шығармалары. – Алматы, 1969. 2-т. – 172-бет.

бойы жүргізіп келген күресі мен кескілескен шайқастарда қол бастаған хас батырларын жыр еткен батырлық эпостың алғашқы үлгілері екенін айтады<sup>7</sup>.

Сондай-ақ Қытайдың ежелгі «Тарихнама», «Ханнама», «Таңнама» сияқты тарихи жылнамаларында түркі тілдес ру-тайпалар мен халықтардың шығу тегі, шежіре аңыздары, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы жөнінде көптеген аңыз-ертегілер, деректемелер ұшырасады. Тіпті, кейбір аңыздың (үйсін елінің жас баласы туралы) жазбаға түсірілгеніне екі мың жылдан астам уақыт өткен екен<sup>8</sup>.

Халық әдебиетінің кейбір үлгілері Махмұт Қашқаридің «Диуан лұғат ат-түрк» (XI ғасыр) және Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» (XI ғасыр) ұшырасатыны белгілі. Аталған ежелгі ескерткіштерде мақал-мәтелдер, халық өлеңдері мен эпикалық ерлік жырлары кездесетіні көпшілікке көптен мәлім. Олардың кейбірі қазақтың халық өлеңдері мен мақал-мәтелдеріне өте жақын, тіпті, ұқсас болып келеді.

Бұған қарағанда, түркі тілдес халықтардың соның ішінде қазақ халқының көне мұраларының шығу тегі мен хатқа түсуі бағзы замандардан бастау алатындығын байқауға болады.

Қазақ халық әдебиеті жайында көңіл аударып, ой-пікір білдіру XVIII ғасырдан басталады. Халық әдебиетін зерттеу жолында төңкерістен бұрынғы ғылым екі түрлі кезеңді басынан кешіреді. Оның біріншісі – XVIII ғасырдан XIX ғасырдың ортасына дейінгі, екіншісі – XIX ғасырдың келесі жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі уақытты қамтиды<sup>9</sup>.

Бірінші кезеңде қазақ халқының фольклорын жинап-зерттеу арнайы түрде қолға алына қойған жоқ еді. Өйткені фольклортану ғылымның жеке саласы ретінде шаңырақ көтермеген-ді. Патша өкіметі үшін ұлан байтақ қазақ даласының сыр-сипатын, оның саяси-қоғамдық жағдайын, елдің тыныс-тіршілігін білу пайдалы болды. Осыған орай, Қазақстанға экспедициялар жіберіліп отырды. Осындай оймен келіп-кетушілердің қай-қайсысы болса

<sup>7</sup> Келімбетов Н. // Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы, 1986. – 52-бет.

<sup>8</sup> Мыңжани Н. // Қазақ фольклоры және оның қисса-дастан жанры жайында. // Мұра. – 1982. – №1. – 5-бет.

<sup>9</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960. 1-кітап. – 10-бет.

да, өздерінің негізгі жұмыстарымен бірге жол-жөнекей халық әдебиеті нұсқаларын да хатқа түсіріп, пікір білдіріп отырған. Басқаша айтқанда фольклорды таза ғылыми мақсатқа емес, халықтың тарихы, әдет-салтын білу үшін қосымша материал ретінде пайдаланған. Мәселен, Н. Рычков, П. Паллас, И. Георги, И. Андреев, т.б. авторлар еңбектерін осы тұрғыдан жазғандары белгілі. Сонымен, XVIII ғасырларда қазақ фольклорының жанрлық түрлері арнайы жиналып зерттеу нысанына айналған емес.

Ал XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ фольклорын ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінен алғанда тарихи-этнографиялық сипатта болды. Қазақ даласында болған ғалымдар мен саяхатшылар халық әдебиетінің үлгілерін халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрпымен бірлікте алып қарастырды. Осыған байланысты қазақ фольклорының жанрлық жүйесі мен идеялық-көркемдік ерекшеліктерінен гөрі, өлең-жырлардың қай жерлерде, қандай себеппен айтылатындығы, ақын-жыраулардың өнері молырақ сөз болады. Зерттеушілер өз көзімен көрген жәйттерді, осыдан алған эсерлерін қағаз бетіне түсірді. Қазақ фольклоры туралы айтылған ой-пікірлерді, бақылау тұжырымдарды солардың еңбектерінен кездестіреміз<sup>10</sup>.

XIX ғасырдың бас кезінде шығыстанушы ғалымдар Генрих Юлиус Клапрот, Г.Н. Спасский, Ф. Назаров, Г. Мейендорф, А. Каменский, т.б. қатарлы адамдардың еңбектері мақала және кітап түрінде жарық көрген. Бірақ бұлардың жазбаларында фольклорлық мұралар жеке сөз болмайды. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпымен бірге қарап, этнографиялық тұрғыдан сөз еткен.

XIX ғасырдың бірінші жартысында ғалымдар мен саяхатшылардың еңбектерінде, қолжазба, күнделіктерінде қазақ фольклорының мәселелері қазақ халқының шығу тарихына қатысты аңыз-әңгімелермен байланысты сөз болып отырады. Мәселен, В.Б. Броневский, А. Левшин, И. Прихард, П. Чихатуховтың еңбектерінде осы тараптағы аңыз әңгімелер сипатталады. Олар қазақтың шежірелік (геонологиялық) аңыздарын халықтың тарихынан, әр түрлі түсініктерінен мәліметтер келтіру үшін пайдаланады<sup>11</sup>.

---

<sup>10</sup> Қазақ фольклористикасының тарихы. Алматы, 1988. – 21-бет.

<sup>11</sup> Сонда. 26-бет.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында поляк революционері Адольф Янушкевич те қазақ фольклорының кейбір мәселелері туралы бағалы пікір айтқан адамның бірі. Ол ақындар айтысы мен шешендік өнерді аса жоғары бағалайды. Фольклорды айтушылар мен таратушы ақын, жыршы, бақсылар және халық әдебиетінің түрлері, халықтың салт-ғұрпы туралы құнды деректер қалдырған.

Бұл кезеңдегі қазақ елінде оқымыстылар мен саяхатшылар игілікті іс тындырған. Қазақ фольклорын жинап, жариялау, орыс тіліне аударуға айтарлықтай үлес қосқан. И. Белинин, Г.И. Спасский, Г.Ф. Генс, Н.Ф. Костылецкий, С.Б. Броневский, В. Федоров, П. Золотов, Н.М. Карамзин, Г.С. Саблуков, Н.Б. Шибалин, А. Фролов, т.б. Бұл істің мән-маңызын дер кезінде ұғып, орыс зерттеушілеріне қол ұшын берген қазақтың білімді адамдарының қатарында Шыңғыс Уәлиханов, Ахмет Жантөрин, Әбдуәли Дербісәліұлы, Бейбіт Дауылбайұлының есімдерін атауға болады. Осындай жұмыстар нәтижесінде халықтың мұрасын зерттейтін фольклортану ғылымы туып қалыптаса бастаған.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ фольклорын жинап, жариялау мен зерттеу жұмыстары қарқынды жүргізіле бастады. Қазақтың мәдени-әдеби мұраларына көңіл аударып, ден қоюшылардың қатары да көбейеді. Халық әдебиеті үлгілері ғылыми мақсатпен жиналып, зерттеле бастайды.

XIX ғасырдың екінші жартысында белгілі ғалымдар Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Потаниннің қазақ халық әдебиеті жайындағы мәнді зерттеулері жарыққа шығады. Сондықтан қазақ фольклортану ғылымының нағыз қайнар көзі осы кезеңнен арна тартады деуге болады.

Сонымен бірге осы кезеңде қазақ фольклорын жинап, зерттеушілердің қатарында Н.Ф. Костылецкий, И.Н. Березин, Н.И. Ильминский, А.В. Васильев, П.П. Семенов, М. Тереньев, В.В. Стасов, А. Харузин, Н. Гродеков, Я. Лютш, Н.П. Распопов, А.Е. Алекторов, П. Мелиоранский, В. Катаринский, А. Ивановский, В. Бартольд, Ә. Диваев, т.б. көптеген оқымыстылар зор үлес қосты. Сондай-ақ бір шоғыр қазақ зиялыларының Б. Дауылбаев, Р. Әбдірахманов, С. Жантөрин, М. Ибрагимов, Т. Сейдалиндердің еңбектері де осы кезеңге тура келеді.

Осы кезеңде шығып тұрған басылым беттерінде қазақтың



тарихы мен этнографиясы туралы деректермен бірге көптеген фольклорлық мұралар да жарияланып тұрған. Атап айтқанда «Астраханский вестник», «Оренбургский листок», «Тургайская газета», «Туркестанские ведомости», «Дала уалаятының газеті» қатарлы басылымдарда фольклордың әр түрлі жанрлық түрлері (ертегі, эпикалық жырлар, жұмбақ, мақал-мәтел, шешендік сөз, тұрмыс-салт өлеңдері, лирикалық өлең, т.б.) қамтылған. Әсіресе, «Дала уалаятының газеті» бұл тарапта аса қомақты істер тындырған. Газет бетінде Абай, Ыбырай, Мәшһүр Жүсіп және орыс жазушыларының шығармалары жарық көріп тұрады. Сонымен қатар қазақ тарихы мен мәдениетіне, этнографиясына қатысты әр түрлі материалдар да осы газет бетінен үнемі орын алып отырған.

XIX ғасырдың 60-80 жылдары ұлттық фольклористика жалпы филологиялық ғылымның өзінше саласы ретінде көріне бастады. Дәл осы кезден бастап қазақ фольклоры ғылыми мақсатта жиналып, академиялық немесе арнаулы жинақтар енді ғылыми тұрғыдан зерттеле түсті. Жаңа қалыптаса бастаған фольклортану ғылымының көш басында халқымыздың ұлы перзенттері Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев болды<sup>12</sup>.

Сан салалы фольклорлық мұраларды жадында жаттап-сақтап, таратуда бақсы, ақын, жыршы, жырау, сал, сері, т.б. өнер иелерінің орны ерекше. Егер халық арасынан шыққан құйма құлақ ақын, жыршылар болмаса, көлемді де көркем эпикалық жырлар туып, кең тарамауы да мүмкін. Ол халықтың ғасырлар бойы жасап, сақтап келген аңыз-ертегі, батырлық жыр, тапқыр сөз, мақал басқа да тіл көркемдіктерін өз шығармаларында мол пайдаланып, жаңа мазмұнға сәйкес өзгертіп, дамытып отырады<sup>13</sup>.

Ақын, жыраулар – халыққа рухани нәр беретін өнерлі тұлға. Қалың қауым олардың өлең-жырларын тыңдау арқылы көңіл күйлерін көтеріп, жабырқаңқы жандарын жадыратады. Жырдағы оқиғадан өздерінің арман аңсарларын тапқандай рахат сезімге бөленеді. Тіпті, жақсы ертектілер де халықтың қадірменді адамдарының бірі болып есептелген. Сондықтан халық мұндай өнер иелеріне әркез ілтипатпен қараған.

<sup>12</sup> Қазақ фольклористикасының тарихы. Алматы, 1988. – 100-бет.

<sup>13</sup> Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1956. – 19-бет.

Кезінде ақын, әнші, жыршы, күйшілерді бөле-жара жіктемеген. Сондықтан бір адам орайы келгенде ақынның да, әншінің де, жыршының да ролін атқара берген. Күнделікті кино-театры жоқ көшпелі және жартылай көшпелі күн кешкен елде жыршылар кейде артистің де сипатында көрінген. Әншілік, актерлік, күйшілік, әңгімешілдік, тарихшылдық бас қосатын синкретті өнер жыршылдық ерте кезде театр, филармония орнына жүріп, елдің көңілін көтеріп, сұлу сөз бен саздан ләззат алатын сүйікті ермегіне айналған<sup>14</sup>. Бұдан шығатын қорытынды сол сан ғасырлық тарихқа ие халықтың поэзиялық байлығын таратушы ақын, жыршылардың шығармашылық жолын білудің де өзіндік мәні бар.

Ал XX ғасырдың алғашқы жарымында фольклорлық мұраларды жинап-жариялау және зерттеу күн тәртібіндегі қоғамдық мәні бар іске айналады. Осы тұста Ә. Диваев, М. Көпеев өздерінің бүкіл саналы ғұмырларын осы жолға бағыштаса, халықтың музыкалық фольклорын жазып алып насихаттауда А. Затаевичтің де еңбегі елеулі. Бұл саладағы орыс ғалымдарының атқарған істері өз алдына бір төбе. «Қазақтың бай ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауда, ол жөнінде тұжырымдар айтуда орыстың ориенталист ғалымдарының істеген еңбегін айырықша атауымыз керек, солардың іждахатымен XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде бірқыдыру мұра баспа бетіне түсіп, тарих ауқымына тартылды»<sup>15</sup>.

Қалай дегенде XX ғасырдың алғашқы жарымында оқу-ағарту жұмысы өріс алып, қазақ тіліндегі баспасөздің көбеюі секілді мәдени шаралардың жандануы фольклорлық мұраларды көптеп жинап, жариялау, зерттеу жұмыстарын жандандыра, кеңейте түседі. Халық әдебиетінің үлгілері мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып қана қоймай, жеке кітап түрінде жарық көре бастайды. Сюжеті шығыс халықтарының көбіне ортақ қиссадастандарды қайта жырлап, өңдеп бастыру істері де етек алды. Осы тұста Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, С. Мұқанов, Х. Жұмалиев, Е. Ысмайлов, Ә. Қоңыратбаев, Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллин, Н. Смирнова, Ы. Дүйсенбаев тағы басқа фольклористер халық әдебиетін жанрларға жіктеп зерттей бастайды. Алдыңғы толқын

<sup>14</sup> Бердібай Р. Саркылмас қазына. – Алматы, 1983. – 37-бет.

<sup>15</sup> Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – А., 1994. – 369-бет.

аға буын өкілдері фольклорлық мұраларды жинау, жариялау және зерттеу сияқты сан тараптан қолға алып, фольклортану ғылымының керегесін кеңейтіп, еңсесін биіктетуде еңселі еңбек еткендері аян.

Зерттеу саласында істелген игі жұмыстың нәтижесі ретінде 1948, 1960 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихы» жарық көрген, әрі осы екі том тұтастай халық әдебиетіне арналған. Соңғы кітапта халық әдебиетінің түрлі жанрлары бойынша тараулар беріліп, олардың табиғаты қарастырылған.

Сонымен бірге бір шоғыр фольклоршы ғалымдар осындай жақсы бастаманы жалғастырып, халық әдебиетін зерттеуді тереңдете түсуде. Бұл ретте Р. Бердібай, Б. Уахатов, С. Қасқабасов, О. Нұрмағанбетов, С. Садырбаев, Б. Адамбаев, Н. Төрешұлов, Ш. Ыбыраев, Б. Абылқасымов, А. Сейдімбеков, Ф. Оразаева, Б. Әзібаева, Е. Тұрсынов, Т. Сыдықов, К. Сейдеханов, М. Жармұхамедов, Ш. Әлібеков, М. Тілеужанов, А. Бұлдыбай, К. Матыжанов, Ш. Керімов, Б. Қанарбаева, Б. Рахымов, Г. Қазыбек, З. Сейітжанұлы, т.б. есімдерін айту орынды. Фольклоршы ғалымдар озық ғылыми-методологиялық тәсілге сүйене отырып, сәтті қадамдар жасауда. Жекелеген еңбектер болсын не ұжымдық монографиялар болсын тың сапалық сипаттағы зерттеулер болды. Фольклордың өзіндік ерекшелігі, өзгеше бітімін ескере отырып, түрлі жоспарлар бойынша жүйелі зерттеулер жүргізіліп келеді. Осы ретте Р. Бердібайдың «Қазақ эпосы», «Сарқылмас қазына», «Эпос – ел қазынасы», С. Қасқабасовтың «Қазақ халық прозасы», «Родники искусства», Б. Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңдері», «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы», Ә. Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы», С. Садырбаевтың «Фольклор және эстетика», «Қазақ фольклорының тарихи негіздері», Б. Адамбаевтың «Халық даналығы», Н. Төрешұловтың «Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері», Т. Сыдықовтың «Ғасырлардың кәусар бұлағы», Е. Тұрсыновтың «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері», М. Жармұхамедовтың «Айтыстың даму жолдары», О. Нұрмағанбетованың «Қобыланды батыр», Ш. Ыбыраевтың «Эпос әлемі», Б. Абылқасымовтың «Телқоңыр», А. Сейдімбековтың «Мың бір маржан», Ж. Дәдебаевтың «Бөлтірік

Әлменұлы және қазақтың шешендік өнері», С. Негимовтың «Шешендік өнер», Қ. Саттаровтың «Қазақтың халық романдық эпосы», Ш. Әлібековтың «Қазақ фольклорының эстетикасы», Б. Әзірбаеваның «Казахские народные романтические дастаны», З. Сейітжанұлының «Тарихи эпос», А. Бұлдыбай «Өшпес өнер өрісі», Ш. Керімнің «Қазақ жұмбағы», Б. Рахымовтың «Тарихи жырлардың поэтикасы», К. Ісләмжанұлының «Рухани уыз», Т. Қоңыратбай «Эпос және этнос», Б. Қайнарбаеваның «Мағжан шығармаларының фольклорлық қырлары», Қ. Алпысбаеваның «Ш. Уәлиханов – фольклортанушы», т.б. еңбектері жарық көрген.

Сондай-ақ авторлар ұжымы жазған еңбектер де жұртшылықтан жақсы бағасын алды. Бұл қатарда «Қазақ тарихи жырларының мәселелері», «Қазақ фольклорының типологиясы», «Қазақ фольклористикасының тарихы», «Фольклор шындығы», «Қазақ фольклористикасының тарихилығы» секілді ұжымдық монографияларды айтуға болады. Бұл зерттеулердің әр бірінде фольклордың әр түрлі проблемалары қарастырылады. Басқаша айтқанда фольклор әр қырынан алынып зерттеледі. Айталық, «Қазақ фольклорының типологиясы» атты монографияда авторлар ұжымы тарихи-типологиялық тәсілді басшылыққа ала отырып, эпос, ертегі, аңыз-әңгіме, тұрмыс-салт өлеңдері секілді жанрларды түркі-моңғол халықтарының (ноғай, қырғыз, башқұрт, татар, алтай, саха, бурят, қалмақ, т.б.) фольклормен салыстырып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктерді саралайды. Сөйтіп, халық әдебиеті шығармаларының тегі, даму, өзгеру заңдылықтары ашылады.

«Қазақ тарихи жырларының мәселелері» дейтін еңбекте ел намысын қорғап, ер атанған әйгілі тарихи адамдар жайында шығарылған өлең-жырларға талдау жасалады.

Халық әдебиетінің негізгі бір саласы тарихи жыр, өлеңдердің тегі, дамуы, жанрлық ерекшеліктері сараланады. Сөйтіп тарихи белгілі бір дәуірде өмір сүрген батырлардың ел қорғау жолындағы ерлік ісі, заманы, оған дәлел ел бағасы, оның халық әдебиетіндегі көрінісі сияқты күрделі мәселелер келтіріліп, ғылыми талапқа сай қызықты тұжырым айтылған.

«Қазақ фольклористикасының тарихында» қазақ халық әдебиетінің ерте заманнан қазан төңкерісіне дейінгі аралықтағы жи-

нау, жариялау, зерттеу тарихы жинақталады. Фольклортанудың даму жолы әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен байланыста тексеріледі. Сонымен бірге белгілі фольклоршылардың өмірі мен қызметі жан-жақты қарастырылады. Қысқасы, қазақ фольклортану ғылымының бай тарихы жүйелі зерттеледі.

«Фольклор шындығы» монографиясында эпос, бесік жыры, шешендік сөз, дастан, т.б. негізінде ел өмірімен әдет-ғұрпының, шаруашылығы мен этнографиясының, наным-сенімі мен тарихи оқиғалардың халық поэзиясындағы көрінісі анықталады. Эпостың жанрлық түрлерінің қалыптасуы мен даму жолы талданады. Ежелгі фольклорлық дәстүрдің қазіргі жайы, ақын-жыраулардың эпикалық жырларды тудырып, таратудағы орны айқындалып, олардың орындау шеберліктері сөз болады.

Осы қатарда «Қазақ фольклорының тарихилығы» атты ұжымдық еңбекке де сәл аялдаған жөн. Монография – фольклордағы тарихилық (историзм) проблемасына арналған көлемді еңбек. Фольклор туындыларының басты ерекшелігі белгілі бір кезеңнің ғана емес, түрлі дәстүрлердің шындығын елестететін көпқабаттығына көбірек көңіл аударылып, тарихи шындық пен көркем ойлаудың ара қатынасы ашылады.

Демек, аталған еңбектердің қай-қайсысы болса да фольклортану ғылымының бүгінгі таңдағы талап-талғамына толық жауап беретін соны серпін, тың ізденіс танытқан зерделі зерттеу екені даусыз.

Бұл арада айта кететін бір жай – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі халық әдебиетінің ежелгі нұсқалары жөнінде Қ. Сүйіншәлиев, М. Жолдасбеков, М. Мағауин, А. Қыраубаева, Н. Келімбетов, Қ. Өмірәлиев, т.б. ғалымдар еңбектерінде тартымды ой-тұжырымдар түйінделген. Ал ақындық жырау-жыршылық өнердің сыр-сипаты бүгінгі мәдени өмірдегі орны мен өнегесі, халық ақындары шығармасының көркемдік бітімі М. Дүйсенов, К. Сейдаханов, С. Негимов зерттеулерінде көрініс тапқан.

Соңғы жылдары М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты тек зерттеу жұмысымен ғана айналысып қоймай, «Қазақ халық әдебиеті» айдарымен қазақ фольклорының көптомдығын шығаруды қолға ала бастады. Бұл жұмыстар оқырман қауым үшін пайдалы, мәдени өміріміздегі үлкен жетістік болары даусыз.

## Тұрмыс-салт өлеңдері

«Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» дейтін қағидаға сүйенген халқымыз сөзді қадір тұтып, өлеңді өнер санаған. Сондықтан да болар көңілдегі мұң мұнарын да, өміріндегі қызық-қуанышын да өлеңмен өрнектеген. Тіпті, өлеңсіз өмірі өтпеген десек те артық айтқандық болмас еді. Қазақ халық әдебиеті соның ішінде өлең үлгілері Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген халықтардың ортақ ескерткіші – Орхон-Енисей жазбалары мен XI ғасырдағы Махмұт Қашқаридің «Сөздігінде» кездесетіні белгілі.

Алайда бұлардың қайсысы болса да түркі тектес халықтарға ортақ мұра. Ал қазақтың халық өлеңдерінің ұлттық мұра ретінде жиналып, ол жөнінде пікір айту XVIII ғасырдың соңғы жартысынан басталады.

Халық өлеңдері жайлы алғашқы деректі орыстың саяхатшы-этнографтары мен ғалымдары Н. Ричков, П. Паллас еңбектерінен ұшыратсақ, қазақтың XIX ғасырдағы өмір-тұрмысын зерттеген А. Левшин, М. Готовицкий, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Г. Потанин, В. Радлов, И. Березин, А. Алекторов, А. Васильев, Н. Пантусов, т.б. зиялы адамдар халық өлеңдерін жинап, жариялаған, пікір айтқан.

Халық өлеңдерін арнайы жинап, зерттеу жұмысы жиырмасыншы жылдардан басталады. Бұл іске С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан, Ы. Ысмайлов, т.б. ғалымдар мен қаламгерлер ат салысқан. Осы кезде қазақ халық әдебиеті соның ішінде халық өлеңдері мен ән өлеңдерін жинап, бастырып, пікір айтуда үлкен үлесі бар адамның бірі – Ә. Диваев болса<sup>16</sup>, екіншісі – А. Затаевич. Белгілі фольклоршы Ә. Диваев халық өлеңдерін жинап қана қоймай, оны бірнеше топқа бөліп, жеке жанр ретінде қараған. Ал ән өлеңдерін жинап бастырумен шұғылданған А. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні», «Қазақ халқының 500 әні» атты елеулі еңбектері бар.

Халық өлеңдеріне айрықша ынта қойып зерттеген бір шоғыр өнер адамдарының еңбектері де айтарлықтай. Олар: А. Жұбанов, М. Төлебаев, М. Ахметова, Б. Ерзакович, т.б.

---

<sup>16</sup> Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы, 1988. – 346-бет.

М. Әуезов 1927 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» деген оқулығында халық өлеңдерін жеке жанр ретінде қарап, классификация жасайды, ғылыми талдаулар береді.

Осындай мәнді еңбектің бірі – С. Сейфуллиннің 1932 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті» атты зерттеуі. Автор халық әдебиеті мен оның жанрлық түрлеріне тоқтала келіп, халық өлеңдеріне «салт өлең-жырлары» деп арнаулы тарау бөледі.

Кейінірек, яғни 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихындағы» халық өлеңдері соның ішінде тұрмыс-салт өлеңдері жайындағы зерттеуді профессор Б. Кенжебаев жазса, 1960 жылғы «Қазақ әдебиетінің тарихының» фольклорға арналған томына тұрмыс-салт жырлары туралы М. Сильченко арнаулы тарау жазған.

Сондай-ақ профессор М. Ғабдуллиннің 1958 жылы шыққан «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» оқулығында да тұрмыс-салтқа байланысты туған шығармаларға ғылыми талдаулар жасалған.

Профессор З. Ахметов «Өлең сөздің теориясы» (1973) атты зерттеуінде халық поэзиясының көркемдік ерекшеліктеріне – сөз суреттілігі мен тіл бейнелілігіне жан-жақты назар аударады.

«Халық поэзиясының эстетикалық мәні мен оның қоғам өмірінен алатын, ақындық, өлеңшілдік дәстүрі турасында жазған Қ. Жұмалиев пен Е. Ысмайылов, Ә. Марғұлан мен Н. Смирнова, М. Қаратаев пен С. Қирабаев еңбектерінің де орны бөлек. Т. Нұртазин мен Ы. Дүйсенбаевтың салт өлеңдері, Ә. Тәжібаев пен Р. Бердібаевтың ән-өлең туралы айтқан ой-пікірлері де ерекше құнды. Ал, О. Нұрмағанбетова мен К. Сейдеханов Ұлы Отан соғысы жылдарындағы солдат жырларын зерттеді, талдаулар жасады»<sup>17</sup>.

Ғалымдар әр кез халық өлеңдерін жинап, зерттеген және әр түрлі принцип ұстана отырып жүйелеген, қызықты тексерулер жүргізіп отырған. Сонымен, халық өлеңдерін ғылыми жүйеге келтіріп, классификация жасауға оқымыстылардың әр буын өкілдері ат салысқан. Соңғы кездері халық өлеңдерін арнайы зерттеген ғалым Б. Уахатов оның жанрлық-функциональдық белгілеріне сүйене отырып, қазан төңкерісіне дейінгі халық өлеңдерін үлкен

---

<sup>17</sup> Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы, 1974. – 30-бет.

екі топқа бөледі. Бірінші топ – тұрмыс-салт өлеңдері, екінші топ – лирикалық өлеңдері<sup>18</sup>: – десе, «Қазақ әдебиетінің тарихында» қазақ халқының өлеңдік қорын а) салт өлеңдері, б) лирикалық өлеңдері, в) тарихи өлеңдері деп үш топқа бөліп қарастырады<sup>19</sup>. Бұлардың әрқайсысы іштей тағы бірнеше түрге бөлінеді.

Қазақтың халық өлеңдері – ұзақ заманның жемісі. Сондықтан ерте заманнан бергі ел өмірінің, халық тұрмысының сан алуан сырын танытатын бағалы мұра.

Өлеңді жанына жақын бағалаған халық өздерінің тұрмыс-салтына байланысты көптеген өлең үлгілерін шығарған. Сөйтіп, елдің тұрмыс-тіршілігіне, еңбек-кәсібіне, әдет-ғұрпына, түсінік-танымына байланысты туған шығармалар тұрмыс-салт өлеңдері деп аталады. Тұрмыс-салтқа байланысты өлеңдердің бірнеше түрлері бар.

## Аңшылыққа байланысты өлең

Адам баласының ең ерте кездегі күн көріс кәсібі аңшылық болғаны белгілі. Күн көру қажеттілігінен туған аңшылықпен алғашқы қауымдық дәуірдегі, тіпті, ежелгі тас дәуірдегі адамдар да айналысқан. Бұған қарағанда күн көрістің ең ескі формасы болып саналатын аңшылықпен қазақ халқы да ерте кезден шұғылданған. Бір жағынан, халық аң аулауды кәсіп етсе, екінші жағынан, көңіл көтеріп, сейіл-серуен құру үшін де қажеттілік деп білген. Сондықтан мергендікпен ит жүгіртіп, құс салуды өнер санап ол жайында алуан түрлі өлең-жырлар, аңыз-әңгімелер шығарған, жүйрік ат, қыран бүркіт, мылтық, алғыр тазыны мадақ еткен. Мәселен:

Оралдан кашқан ор түлкі,  
Өрлей кашса ит жетпес.  
Тегеуріні төрт елі  
Аспаннан түскен тас түлек.  
Жерге түссе тек кетпес. –

---

<sup>18</sup> Сонда, 75-бет.

<sup>19</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960. 1-т. 1-кітап. – 91-бет.



дейтін жолдар кәнігі құсбегі – саятшының аузынан шығатын сөздер. Өйткені «Тегеуріні төрт елі» дейтін жолдағы тегеурін – қырандардың өкше саусағы. Басқа саусақтарға қарағанда ең әлді де мықты саусақ. Төрт елі тегеурін нағыз қырып сал қыранда ғана болмақ. Ал төртінші жолдағы «Тас түлек» деп отырғаны да бүркіттің үш не төрт жастағы қаһарлы болмыс-бітімі анық байқалады.

Эпикалық жырларда ер жігітті қыран құстармен салыстыру – қалыптасқан бейнелеу кестелері ретінде жиі қолданылатыны өз алдына, тіпті, ер азаматы қайтыс болған қаралы күнде де:

Үйде сұңқар түлеткен,  
Қиядан сұңқар тілеткен.  
Алтайы қызыл түлкі алған  
Қиядан барып теке алған<sup>20</sup>, –

деп жоқтаған.

Осы жоқтауда саятшылық құрып, құс салып, аң ату Кеңгірбайдың жақсы өнерінің бірі деп бағаланады. Ал мына бір өлең жолдарына көңіл аударып көрейік:

...Жас жігіт, саған қарасам,  
Қара лашын – тұйғынсың.  
Алысыңа қарасам,  
Құс алатын қырғисың<sup>21</sup>.

Бұл жеме-жемге келгенде жауды да жеңіп, шаршы топ алдында дауды да шешіп тастайтын батыл, жүйелі сөзбен жүйріктігін танытқан шешен азаматқа берілген баға. Көп алдында көсіле сөйлеген шешендікті дәріптеу үшін, оны тұйғын мен қырғиға теңеген. Мұндай айшықты баламалар аңшылыққа байланысты ұғым-түсініктен туғаны даусыз.

Қазақ халқы ұзақ уақыт аңшылықты кәсіп етіп, табиғат аясында көшіп-қонып жүргендіктен дала аң-құстарының сыр-сипатын жетік білген. Бүркіт, қаршыға, тұйғын, лашын, сұңқар, ителгі, бидайық, тұрымтай, жағалтай, т.б. қыран құстарды қолға үйретіп-

---

<sup>20</sup> Боздағым / құрастырып, алғы сөзін жазған Т. Арынов. – А., 1990. – 34-35 б.

<sup>21</sup> С. Сейфуллин. Шығармалар. – А., 1964. 6-т. – 364-бет.

ақ құсқа салған, күн көріс үшін пайдаланған. Сонымен бірге көңіл сергітер ермегі еткен. Сондықтан халық қыран құстардың тек-тұқымын, мекен-ұясын, тұлға-бітімін, дағды-машығын, ұшу мәнерін, шабытты шағын жақсы білген. Бірақ қыранды баптау екінің бірінің қолынан келе бермеген. Сондықтан халық өлеңінде қыран сыны қаға беріс қалмаған.

Жұкалау көк тұмсығы болса жалпақ,  
Мелжемді, жұмыр аяқ, бұты талтақ.

Осы өлеңдегі бүркіт дене мүшелерінің осылай болып келуі оның қырандық белгілері болып есептеледі. Табиғатқа көрік беріп, адамға олжа түсірген тау қырандары туралы өлеңдер көп. Соның бірі М.Ж. Көпеев жазып алған «Қаршығаны мақтағаны» деп аталатын өлең.

Көк жендет, мойның ұзын, шалғың қысқа,  
Салғамын жалықпастан талай құсқа.  
Алты қаз, он бес үйрек бір жерде алып,  
Дуадақ жолықпады сен байғұсқа<sup>22</sup>.

«Ауылда құс етіне кәні қылған» қаршығаның қырағы қырандығы саятшы иесінің аузынан әсерлі баяндалады. Екінші жағынан, қыран құстың сыртқы сипаты да көз алдына келгендей болады.

«Қаршығаны мақтағаны» өлеңі қапияда қаршығасынан айырылған құсбегінің сүйініші мен өкінішінен хабардар ететін халық мұрасы.

Халық қыран құстар туралы ғана емес, құстардың әр түрлі тек-тұқымдары жайында да өлең-жырлар шығарған. Сұлу қыз бен сүйген жарды ақкумен салыстыру да қанықты бейнелеу тәсілі, себебі халық аққуды атпаған, қасиетті құс деп қадірлеген.

Айналайын қарағым, кекілдім-ай,  
Балапаны аққудың секілдім-ай.

деп ұнатқан адамын аққудың балапанына салыстырады. Немесе:

---

<sup>22</sup> Көпеев М. Ел аузынан жинаған әдеби үлгілері. – А., 1992. 2-т. – 44-бет.

Айт дегенде өлеңді аңыраймын,  
Көлден ұшқан аққудай мамырлаймын<sup>23</sup>.

деген де көлдің көркі аққу құс сұлулық-сымбаттылықтың символы саналады.

Тағы бір топ өлеңдерде әр түрлі аң-құстардың тіршілік қамқарекеті байқалады.

Ала қанат сауысқан,  
Жауыр атқа жабысқан.

Не қасқыр туралы:

Ұрлық, зорлық кәсібім,  
Тамактанар нәсібім.  
Жеті күн желден,  
Жеті күн елден,  
Жайылған қойдан,  
Жаман қойшыдан<sup>24</sup>.

Осы өлең де жауыр аттың арқасын шоқып күнелтетін сауысқан мен тамағын ұрлық не зорлықпен табатын қасқырдың әрекеті айтылады. Мұның бәрі де халық аң мен құстың тыныс-тіршілігін жетік білетіндігін көрсетеді.

Аңшылық жайындағы өлең-жырларды көне заман наным-сенімдерінің көмескі ізі қалған. Кейде аң-құстарды адамша сөйлейтін етіп көрсетеді, оларды айтыстырады. Мәселен, «Түлкі мен тауықтың айтысында» Сүлеймен пайғамбар заманында бір тауық жаман тамды мекен етіпті. Оны көрген түлкі бір күні тауықты алдап жегісі келіп іздеп келеді.

Биік жерде отырған тауыққа келіп, Сүлеймен патшаның ауылында жиын болды, бәрімізді шақырып былай деді:

Патша айтты елге басыңды қос,  
Қас болып өмірлерің өтпесін бос.  
Қаршыға мен қырғауыл, қой мен қасқыр  
Төртеуі құшақтасып болды шын дос<sup>25</sup> –

<sup>23</sup> Ауыл кеші көңілді. – А., 1991. – 55-бет.

<sup>24</sup> Ақ сандық, көк сандық / құрастырып, алғы сөзін жазған Ш. Ыбыраев.– А., 1988. – 47-48-бет.

<sup>25</sup> Мұра. 1982. – № 1. – 130-131-бет.

деп, осындай жақсы хабарды жеткізуге келдім дейді. Мұның қулығын сезген тауық алысқа қарап, сенің жолдастарың ба, біреулер келе жатыр депті, сасқалақтаған түлкі анықтап қарашы дегенде, тауық:

Жіңішке түсі сары, иттен биік,  
Құйрығы ұзын, кетеді жерге тиіп, –

дейді. Әбден мазасы кетіп өң-түсі қашқан түлкі мені қуып келе жатқан тазы болмасын, ол жиынға бармай қалып еді деп алды-артына қарамай

Тауығым, тазы болса айтпашы деп,  
Қу түлкі жөнеліпті тұра қашып<sup>26</sup>.

Ал «Шіл мен адам айтысында» тұзаққа түсіп қалған шіл мен адам айтысады. Адам шілден жеген бидайды қайтар деп талап етеді. Шіл жалынып босатсаңыз деп өтінеді. Сонда аңшы:

Қу шілім, аға екелеп бір қоймайсың,  
Басыңды кесейін бе сірә бүгін, –

деп қорқытады. Онда шіл:

Аға еке, есен де сен, көсем де сен,  
Ішінде иір қобыз шешен де сен.  
Аға еке, жіберерлік сізден болса,  
Қош айтып өлеңменен есендесем<sup>27</sup>, –

деп адамды мақтап, ажалдан аман құтылады.

Сонымен, қазақ халқы да ерте кезден бастап аңшылықты кәсіп еткен және қыран баптап, ит жүгіртуді өнер деп санаумен қатар ол жөнінде неше түрлі халық әдебиеті үлгілерін шығарған. Сонымен бірге халық әдебиеті ел қамқоры бағырлар мен олардың серігі әйелдер бейнесін жасағанда алуан түрлі аң-құстармен салыстыру арқылы образды түрде көзге елестетіп небір әдемі көркемдеу құралдарын (теңеу, эпитет, метафора, т.б.) жасаған.

---

<sup>26</sup> Мұра. 1982. – № 1. – 128-бет.

<sup>27</sup> Мұра. 1982. – № 2. – 130-131-бет.

Мұндай көркемдік салыстырулар ерлік пен сұлулықты дәл бейнелеп аша түссе, екінші жағынан халықтың саятшы-аңшылық кәсібінен де хабардар етеді.

## Егіншілік кәсіпке байланысты өлең

Қазақ халқының байырғы шаруашылық өмірінің екінші бір саласы егіншілік болған. Археологтарға сүйенсек, ата-бабаларымыз жер өңдеумен ежелден бері айналысқан. «Қазақтың арғы тегі андрондықтар жерді тас соқалармен жыртып, өнген өнімді қоладан жасалған орақтармен орып, тас кеспектермен бастырған. Андрондықтар мұрагері сақ, үйсін, қаңлылар маусымды және суармалы егін шаруашылығымен айналысқан»<sup>28</sup>.

Арғыны айтпағанда тіпті, бергі XIV ғасырда Сырдария бойындағы Сығанақ, Ясы қалалары мен оның төңірегінде халықтар жер өңдеп, егін салғаны белгілі, өйткені оңтүстік өңірі диқаншылық кәсіпке қолайлы болған. Демек, аң аулап, мал бағу қандай қажеттілік болса, жер өңдеп егін салу да сондай қажеттілік болған. Әрі халқымыз нанды ежелден-ақ қадір тұтып, «алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деп оны алтын мен күмістен жоғары қойған.

Күн жылынып, аспаннан шуақ төгіліп, көктем келгенде диқаншылар егістік қамына кіріскен. Арық тартылып, тоған аршылып, соқалар жөнделген. Алғашқы боразданы аптаның бір сәтті күні бастап, «Диқан баба, қолдай көр» – деп жалбарынған. Мұнан кейін «Құдай берсе берсін. Диқан баба келе берсін», – деп тұқым себуге кіріскен. Бұл кезде де Диқан бабадан рақым тілеген:

Я, құдай, ауадан жаудыр,  
Жерден өндір.  
Бала-шағаның ырыздығын өзің жеткір<sup>29</sup>.

деген тілектер айтылған.

<sup>28</sup> Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – А., 1983. – 95-бет.

<sup>29</sup> Древние обряды верования и культы народов Средней Азии. – М., 1986. – С. 55.

Зерттеушілердің айтуына қарағанда, жер жырттардың алдында ауылдың қадірлі ақсақалдарының үйіне «Қос көже» пісіріліп, биіктеу қыраттың басында ақсақалдар ішетін болған. Сондай-ақ егінді қуаңшылыққа ұрындырмау үшін «Тасаттық беру», күзде «Қырман қамдау», т.б. секілді ырым-салттар істелетін болған<sup>30</sup>. Демек, көктем мен күзде, яғни егін себу мен жинауда бүкіл халықтық дәстүрге айналған әдет-салт маусымдық мерекелер болған. Осындай салттың бірі күзде астық ұшырып, дән тазартқан жел иесін (Мірхайдар, кел Мірхайдар) шақыратын болса, шығыр иесі Әлі-Шынарға:

Шығырдың шын атасы Әлі-Шынар,  
Шынарға сыйынбасақ шығыр сынар.  
Әлгі Шынар менен көп сыйынсаң  
Қашан да тәңірі оңғарып, ісің тынар<sup>31</sup>,

деп тіл қатқан. Астықты бастырғанда көлікке мінген адам астындағы көлігіне қарата өлең айтады.

Оптыр майда, оп майда,  
Майда болмай болмайды.  
Сабаны саған пайда.

Немесе:

Оптыр майда, бидай пайда.  
Диқан баба майда майда.  
Береке бер құдай-ау.  
Көп-көп пайда.

Немесе:

Оптыр майда, бидай қайда,  
Диқан баба майда-майда.  
Береке бер құдай-ау.  
Көп-көп пайда<sup>32</sup>.

Бұдан астықты төкпей-шашпай жинап алу мақсаты көрінсе, екіншіден, Диқан бабаға сиыну арқылы егіннен мол өнім алуға

---

<sup>30</sup> Сонда, 60-65-бет.

<sup>31</sup> Сонда, 58-бет.

<sup>32</sup> Сонда, 68-бет.

болады деген сенімді де байқауға болады. Күзде қызыл қырман кезінде, «кепсен сұрау», яғни егін салған адамнан көмек-жәрдем сұрайтын да болған.

Үлкен көсе сен едің,  
Кіші көсе мен едім.  
Мал тамыры суалып,  
Жер тамыры қуарып,  
Кепсен сұрай кеп едім...<sup>33</sup>

деген жолдар осындай жайдан туған. Қалай дегенде халық өмірінде дәнді дақылдың айтарлықтай ролі болған. Ата-бабаларымыз «Тамыр тартқан тарықпас» дей отырып, егіншілік-бақшалық кәсіпке байланысты көптеген мақал-мәтел, өлең-жырлар тудырған. Тіпті, халық өлеңдерінде егін мен бау-бақшалыққа байланысты көріктеу құралдары да көптеп ұшырасады.

Базарда бұл болады піскен қауын,  
Қызыл алма алады көздің жауын.

немесе:

Көзіме көрінесің егіндей боп,  
Егіннің жаңа шыққан көгіндей боп<sup>34</sup>.

Осының бәрі де қазақ халқы ата кәсібінің бірі егін егіп, бау-бақшалықпен айналысқанын көрсетеді. Әрине, диканшылыққа байланысты өлең-жырларды тереңірек қарастыру арнайы зерттеудің міндеті. Бұл арада егіншілік көне кәсіптің бірі болғанын қысқа ғана сипаттаумен шектелдік.

## Төрт түлік туралы өлеңдер

Қазақ халқы күн көріс кәсібінің ең негізгісі мал шаруашылығы болды. Көшпелі халықтың ішіп-жер асы да, киер киімі де, жүгін артып, мінер көлігі де мал болған. Демек, малсыз тірлік ету

---

<sup>33</sup> Автордың жинаған материалдарынан.

<sup>34</sup> ОҒК қолжазба қоры. 145-бет.

мүмкін емес-ті, барлық қажетін төрт түлік мал өтеді. Сондықтан мал халықтың тұрмыс-тіршілігінен ерекше орын алған. Ғасырлар бойғы өмір-тағдыр малмен біте қайнасып, бірге болғандықтан, ел санасында өшпей, із қалдырған, ол жөнінде халық неше түрлі өлең-жыр, мақал-мәтел, аңыз-әңгіме тудырған. Тіршіліктің тірегі мал деп ұққан халықтың төрт түлікке (түйе, жылқы, сиыр, қой) деген ықылас-тілегі ерекше болған.

Алғаш кездескен екі адам, «мал-жаның аман ба?» – деп сәлемдесуді ереже-қағидаға айналдырудың өзі-ақ төрт түліктің ел өміріндегі алар орнын анықтағандай.

Мал шаруашылығын әбден игерген дәуірде сол малдарды алғаш ұстап, баққан адамдар жылқышы ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара болып антропологиялық мифология тудырған<sup>35</sup>. Сөйтіп, халық төрт түлік малдың сақтаушы-пірі болады деп сенген. Көшпелі-бақташылық кәсіпке байланысты айтылатын жылқы – желден, түйе – сордан, сиыр – судан, қой – оттан, ешкі – тастан пайда болған деу де көне тотемдік түсінік болса, екінші жағынан, әр түліктің сыр-сипаты да ескерілген сияқты. Себебі тамағы мен киімі, тұтынатын керек-жарағының бәрі малдан өндірілетіндіктен оның бабын жете білуге тырысқан. Әрі төрт түліктің піріелеріне жалбарынып мал басының көбеюін тілеп отырған.

Қойдың арғы пір-иесі – Шопан ата, жылқынікі – Қамбар ата, түйенікі – Ойсыл қара, сиырдікі – Зеңгі баба болған. Төрт түлік туралы айтылатын өлең жырлар мен аңыз-әңгімелердегі пір-иелер бір кезде болған атақты бақташылар, олардың кейбіреуінің қабірі Сырдария мен Жетісу өлкесінде осы күнге дейін сақтаулы<sup>36</sup>. Халық осы қорғаушы пір-иелерге тіл қатып, індет пен ит-құстан сақтауды өтініш еткен.

Шаруаның бір түлік пірі – Шопан,  
Келтірмей қу, пір ата, қойға топан.  
Қойды аңдыған пәленің бәрі құрып,  
Бықпырт тиіп үні өшсін қасқыр апан<sup>37</sup>. –

<sup>35</sup> Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – А., 1987. – 29-бет.

<sup>36</sup> Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы, 1969. – 161-бет.

<sup>37</sup> Қазақ халық әдебиеті / құрастырып, алғы сөзін жазған С. Садырбаев. – А., 1990. – 39-бет.



деп тілек білдіреді. Жылқышы атаға арнауы да осы тектес болып келеді.

Шаруаның пірі Жылқышы ата,  
Тілегенде өзің бер ақтан бата.  
Үйір-үйір жылқыны шұрқыратып  
Ойдан-қырдан арқансыз әкеп мата.

Төрт түлік малдың пір-иелеріне жалбарыну өлеңдердің мазмұнына қарағанда малды ауру-індеттен, ит-құстан сақтауды мақсат еткені байқалады. Мұндай тілек-өтініш өлеңдер басқа малдарға қарата да айтылады. Кейде олардың адам баласына келтіретін пайдасына да назар аударылып отырған.

Сиыр берсең қарадан,  
Қатық кетпес шарадан.  
Қасиеті мол бір мал  
Мөңіреп келген даладан<sup>38</sup> –

деп Зеңгі бабаға, ал «Шекшек атаға» деген өлеңде:

Ешкі берсең шөреден,  
Құрт кетпейді өреден.  
Қасқыр менен ұрыны  
Қараңғыда көреген.  
Екі туып бір жылда  
Еңбегінді төлеген<sup>39</sup> –

деп ешкінің өсімталдығы мен басқа да қасиеттерін санамалап атап өтеді. Енді бірде Ойсыл қараға жалбарынып:

Шаруаның бір пірі – Ойсыл кара,  
Түйені өсір жарылқап, болып пана.  
Ит-құс, пәле, індеттен аман сақтап  
Топ-топ болып көбейсін аруана<sup>40</sup>, –

дейді. Төрт түлік туралы өлеңдердің бір шоғыры малдың пірлеріне қарата айтылған өтініш-тілек түрінде келіп, онда мал

---

<sup>38</sup> Шалғын. – 1981. – № 2. – 95-бет.

<sup>39</sup> Сонда, 95-бет.

<sup>40</sup> Қазақ халық әдебиеті. – А., 1990. – 40-бет.

басының аман болып көбейе беруін тілеген. Өйткені көшпелі қазақ халқының бар байлық-бақыты малының амандығына байланысты болған. Бұл өлеңдер сонау ерте заманда, яғни көп құдайға табынған шамандық дәуірде туған деуге болады<sup>41</sup>.

Халық бүкіл тіршіліктің қам-қарекетін, мұқтажын мал арқылы шешіп отырғандықтан, төрт түліктің қыр-сырын соншама жетік білген. Малдың қандай індет-ауруы бар, оны қалай бағып-қағуға болады, қандай жер қандай түлікке қолайлы, қай шөптің жұғым-қуаты жақсы, тағы басқа осындай қажеттіліктерді жете біліп мол тәжірибе жинақтаған. Оны ақыл-кеңес, өлең-жыр, аңыз-әңгіме түрінде атадан балаға жеткізіп, жас ұрпақтың санасына сіңіріп отырған. Мәселен, «Төрт түліктің кеңесі», «Иесі мен сиырдың айтысы», «Малдың баласын сүйюі», «Ешкі мен қойдың айтысы», «Қасқырдың қойшыларға айтқаны», «Түйе, түйе, түйелер», т.б. өлең-жырлар осындай жайдан туған. «Төрт түлік кеңесінде» **жылқы** былай депті:

Бетегелі белге бітем,  
Найза ұстаған ерге бітем.

### **Түйе:**

Жалмаң құлақты сорға бітем,  
Ел ішінде зорға бітем.

### **Сиыр:**

Қалың құрақ нуға бітем,  
Қоры үзілген қуға бітем.

### **Қой:**

Жусанды аққа бітем,  
Баққа емес, бапқа бітем, –

дегенде бетегесі қалың жер жылқыға, жалмаң құлағы көп ащылы жер түйеге, құрақты жер сиырға, жусанды жер қойға қолайлы екенін көрсек, екінші жағынан, ретін білмесе түйенің өсімтал түлік еместігін, ал жылқы алыс жолды қысқартар ер қанаты болғанын байқаймыз.

---

<sup>41</sup> Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – А., 1958. – 31-бет.

Төрт түлік туралы өлеңдердің ішінде қозысынан жеріген қойды арбап көндіру үшін айтылатын «Тубяй-тубяй» сияқты халық өлеңдері де болған. Алайда бұл өлеңдер тым ерте заманда туып, тарағанымен біздің дәуірімізге жетпей ұмытылып кеткен<sup>42</sup>.

Халық тіршілігінің тірегі болған төрт түлік малды дұрыс бағуға ерекше көңіл бөлгені мәлім. Енесі өліп, жетім қалған қозыны тез жетіліп, жақсы өсу үшін қойға егіздетіп теліген. Қойдың мейірін ояту үшін өлеңді пайдаланған. «Жеріген қойды телу өлеңінде»:

Момын қозың міне тұр,  
Оны-дағы біле тұр,  
Тойге қойым, тойге!  
Мына тұрған ақ қозың,  
Танымадың неге өзің,  
Тойге қойым, тойге!  
Өзің туған бала ғой,  
Бауырыңа ала ғой,  
Тойге қойым, тойге! –

деп телитін болса, «Жеріген ешкіні телу өлеңінде»:

...Шөре, шөре, шөрегім,  
Ермек болсын қорегін.  
Бұталы жер тілегің,  
Өзің тапқан шұнағың.  
Орында оның тілегін.  
Шөре, шөре, шөрегім!<sup>43</sup> –

дейді. Белгілі бір талап-тілекті орындау үшін сөздің магиялық күшіне сенген. Өлең-сөз арқылы малға әсер етуді мақсат еткен.

Халық арасында төрт түліктің қайдан шығып, тарағаны туралы айтылатын өлең, аңыз-әңгімелер де баршылық. «Қазығұрт тауы» өлең-аңызда жер бетін топан су қаптайды. Тек Қазығұрт тауының басына ғана су көтеріле алмаған екен. Осындай апат кезінде Нұх әулиенің кемесі ғана суда қалқыпты.

---

<sup>42</sup> Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы, 1974. – 102-бет.

<sup>43</sup> Қазақ ауыз әдебиетінен таңдамалы үлгілер. – Үрімші, 1993. – 2-т. – 936-бет.

Су бетінде кеме жүрді қалықтап,  
Бұрынғылар дейді осындай анықтап.  
Жанды заттан кейінгіге таралған,  
Барлығынан бір-бір жұптан алып қап.  
Қазығұртқа кеме қонған ақыры,  
Жүрген кеме жер бетіне алыстап<sup>44</sup>.

Ақыры Қазығұрт тауына тоқтаған кеме ішінде бүкіл жан-жануардан бір-бір жұптан болады. Кейіннен төрт түліктің тұқымы осыдан тарапты-мыс. Өлең-аңызда:

Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?  
Жетім бота жатып қалып,  
Ойсыл қара жануар содан қалған.  
Қазығұрттың басында кеме қалған.  
Ол әулие болмаса неге қалған.  
Бір қатпа тай үстінде жатып қалып  
Жылқышы ата жануар содан қалған.  
Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?  
Жалғыз тана үстінде жатып қалып,  
Зеңгі баба жануар содан қалған.  
Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?  
Жұрын тоқты үстінде жатып қалып,  
Шопан ата жануар содан қалған<sup>45</sup>, –

деп төрт түліктің өніп-өсуін осылай түсіндіреді. Сонда аман мал тұқымын бағып-қағып өсірген малшылар әр түліктің піріне айналған көрінеді.

Кейде халық мал мен адамды айтыстыру арқылы мал басының сырын біліп, оның өніп-өсуін ойлаған. Ол үшін ерінбей еңбек етіп, малды дұрыс бағу қажет. Сондықтан халық сан түрлі өлең шығарып, малдың жем-шөбін, қорасын дайындау қажеттігін айтқан. «Иесі мен сиырдың айтысы» атты өлеңде осы жай ашық байқалады. Иесі:

---

<sup>44</sup> Шалғын. – 1985. – № 4. – 17-22-бет.

<sup>45</sup> Сейфуллин С. Шығармалар. – Алматы, 1964. – 6-т. – 190-бет.

Неғып жүрсін, қу жалғыз шолақ сиыр,  
Сиырымен айтақтың болдың үйір.  
Үй маңында көдені жұлып жатпай,  
Сен шолаққа бір сойқан болды биыл, –

дейді. Иесінің бұл сөзіне сиыр:

Жасағанның жарлығы тастан қатты,  
Сүмендетіп арыттың кер жорға атты.  
Үй қасында көденің түк дәмі жоқ  
Қара өлеңнің қамыс пен түбі тәтті<sup>46</sup>, –

деп жауап береді. Иесі үй маңынан алыс кеткен сиырын кінәласа, сиыры қара өлең мен қамысты жерді іздеп барғанын айтады. Бұл өлең сиыр малына қандай шөп, қандай жер лайық екенін білдірмек. Ал «Соғымға сойып аламын» деп қорқытқан иесінің сөзінен де ығыспайды, оған дау айтады. Осы арқылы өмірі малды кәсіп еткен халықтың оларды қалай бағуға, қайткенде мал басын көбейтуге болатынын жақсы білгенін аңғарамыз. Халық үнемі малдың бабын табуды мақсат еткен. Сондықтан малды да, қасқырды да «сөйлеткен». Өз тәжірибелерін өлең-жыр арқылы бейнелеген, мал бар жерде ырыздық-ырыстың да көп болатынын жете аңғарған.

Қазақ халқы төрт түліктің амандығын, өсуін тілек етіп қана қоймаған. Оны бағудың да әдіс-тәсілін жете білген. «Қасқырдың қойшыларға айтқаны» дейтін өлеңде қойды ит-құстан аман сақтаудың бір жолы қойшылардың мінген көлігіне байланысты екенін қасқырдың аузынан айтқызады:

Бала қойшы,  
Алыста ойнап қала қойшы.  
Жаяу қойшы,  
Жатқан қойшы.  
Түйелі қойшы,  
Тұрған қойшы,  
Төбесінен ұрған қойшы.  
Атты қойшы,  
Ашуы қатты қойшы.

---

<sup>46</sup> Сонда.

Өгізді қойшы,  
Өлген қойшы,

Жеп болғанда көрген қойшы<sup>47</sup>.

Бұл өлеңнен қойды қандай көлікпен бағуға болатынын білсек, екіншіден, адамдардың көне дәуірдегі анимистік, магиялық түсінік-ұғымдарының да ұшығы байқалады.

Сан ғасыр аттың жалы, түйенің қамында жүріп төрт түлікті кәсіп көзіне айналдырған халық малды төлдетіп, ентаңба салу, жүнін қырқып, құйрық-жалын күзеуге де ерекше мән берген. Алғаш бие байлағанда орындалатын ырым-салттар болған. Бие бауға май жағып, арнаулы шашу шашылған, бата беріліп, тілек айтылған.

Жылқышы ата – Қамбар,  
Мінгенің жирен шабдар.  
Мыңды айдатып, жүзді байлатсаң,  
Сенен басқа нем бар?  
Желің ұзын болсын,  
Ішкенің қымыз болсын,  
Аллауакбар!<sup>48</sup>

Қазақ халқы төрт түлікті ырыс-құт деп ұққандықтан, кез келген уақытта жақсы ниетін білдіргенде малды аузына алмай тұрмаған. Мал басының амандығын бір сәт те естерінен шығармаған.

Биең ішті болсын,  
Түйең күшті болсын.  
Сиырың сүтті болсын,  
Қошқарың құтты болсын.  
Ешкің егіз болсын,  
Қойың семіз болсын,  
Үйіңе береке толсын!<sup>49</sup>

деп бата-тілек айтуы да осыны аңғартады. Ертеректе береке-дәулет төрт түлікке байланысты екенін ешкім де жоққа шығармаса керек.

---

<sup>47</sup> Сонда. 259-260-бет.

<sup>48</sup> Автордың жинаған материалдарынан.

<sup>49</sup> Ақ бата / алғы сөзін жазған С. Негимов. Құрастырған С. Негимов, Т. Қазіұлы. – А., 1992. – 36-бет.

Төрт түлік мал халық әдебиетінің тақырып-мазмұны болып қана қойған жоқ, халықтың тілегіне де әсер етті. Адамның сын-сипатын, мінез-машығын ашып көрсету үшін төрт түлікпен салыстырып әртүрлі әдемі теңеу сөздер жасаған. «Қыз Жібек» жырында Қыз Жібектің кербез-керім қимыл-қозғалысын көрсету үшін төмендегідей салыстыру қолданады:

Жүйрік аттай ойқастап,  
Құнан қойдай бой тастап, –

десе, Гүлбаршынды «Қысыр емген тайдай боп», Ақжүністі «Бектер мінген бедеудей» деп сипаттайды. Осы салыстырулар арқылы сұлулардың мінез-бейнелері, жүріс-тұрыстары да көз алдыға келеді. Қайғылы ауыр жағдайды адамның көңіл-күйін білдіргенде «ботадай боздады», «қойдай шулады» деу де соншама әсерлі. Осы сияқты халықтың шаруашылық кәсіппен шұғылданған өмірінен туған көркемдеу құралдарын көптеп табуға болады. Өйткені халықтың көркемдік ойлауы өздерінің тіршілік-тұрмысына сәйкес болады. Бұл секілді айшықты сөз өрнектері халық поэзиясының ұлттық сипатын арттырып, әсерлілігін күшейтеді, ерекше рең дарытады.

Түйіндей келгенде, халықтың төрт түлік туралы өлең-жырлары өте көп. Бұл оның ұзақ уақыт күн көріс кәсібінің негізгі саласы мал болғандығының айғағы.

## Қымызмұрындық тойы мен өлеңдері

Қымызмұрындық – ел жайлауға көшіп шығып, алғаш бие байлағанда аталып өтетін қымыз тойы. Мұны зерттеушілер ғұрыптық фольклорға жатқызады. Жайлауға шығып арқа-басы кеңіген халық бие байлап, қымыз ашытуды қуаныш санап, мерекеге айналдырған. Алғашқы қымызды бүкіл ауыл адамдары жиналып ішетін болған.

Алдымен бие байлау үшін дайындық жасалады. Қымыз құйылатын саба, бие сауатын көнек дайындалады. Желінің екі басына жуан қазықтар қағылады. Осы қазықтарға жылқының қылы

қосылып жүннен есілген жіп-желі тартылады. Желінің ортасынан да бірнеше қазықтар қағылады. Осындай дайындықтардан соң сәтті күні сәскеге таман ауыл адамдары желі басына жиналады. Жылқышылар айдап келген жылқы ішіндегі құлындарды жігіттер құрық-шалмамен ұстап, желіге байлай бастайды. Құлындарды байлап болған соң үйден әкелген тағамдарды (кұрт, май, ірімшік, ет, т.б.) желі басындағы адамдардың барлығы отырып ішеді. «Байлар көбейсін!» – деп тілектер айтады. Айғырдың жалы мен сауырына, желібауға сары май жағады. «Бие байлар» деп аталатын кішігірім тойға айналдырады.

Алғашқы ашыған қымызды бүкіл ауыл адамдары жиналып ішеді. Әр түрлі ойын-сауықтар өтеді, мал сойылып, қуаныш ретінде аталады. Бұл әр ауылда өтеді. Жылқы пірі Қамбар атаға (Жылқышы-ата) қарата тілек айтылады.

Жылқышы ата – Қамбар,  
Әр тілеуінді құдай оңғар!  
Биен көп болсын  
Бала-шағаң аман болсын,  
Аллах акбар!

Бұған қарағанда халық өмірінде жылқы малының орны ерекше болғаны аңғарылады. «Бие байлар» күні желі басында үлкен ақсақалдар тарапынан бата-тілек беріледі. Мәселен:

...Биесі бұтын жимасын,  
Көнекке сүті сыймасын.  
Ұзара берсін желісі  
Кенейе берсін өрісі!  
Аллауакбар! –

деп жылқы малы мен одан сауылатын сүттің көп болуын ниет еткен. Ал, күз болып бие ағытылар кезде екі-үш күнгі қымызды жинап, ауыл адамдары бас қосып ішетін болған. Мұны «Сірге жияр» деп атаған.



## Наурыз өлеңдері

Наурыз – көптеген дүниежүзі халықтарының дәстүрлі мерекесі, наурыз атауы парсы тілінен шыққан. Нау – жаңа, руз – күн яғни жаңа күн, жаңа жылдың басы деген сөз. «Нау» сөзі әр түрлі өзгерістерге ұшырай отырып, бірталай тілдерде сақталып келеді. «Нау» индо-еуропалық халықтар дараланудан бұрынғы сөз. Оған кемінде бес мың жыл болды<sup>50</sup>. Наурыз мейрамының бес мың жылдық ұзақ тарихы бар екенін белгілі ғұлама Омар Хайям да атап өтеді<sup>51</sup>. Сондай-ақ шығыстың ойшылдары мен ақындары Фирдоуси, Рудаки, Әбу Райхан Бируни, Саид Нафиси, Ибн Баихи, Махмуд Қашқари шығармаларында күншығыс халықтарының төл мерекесі наурыз тойы туралы деректер, мәліметтер, пікірлер кездеседі<sup>52</sup>. Осының бәрі наурызды тойлау қай кезден басталғанын дәл айтпағанымен, бұл дәстүрдің өте ерте кезден бері болғанын көрсетеді.

Осы мерекені ежелгі гректер «Партих», бирмалықтар «Су мейрамы», тәжіктер «Гүлгардан», «Гүлнаурыз», «Дехкан», татарлар «Нардуган», буряттар «Сагаон Сара», соғдалықтар «Наусарық», хорезмдіктер «Наусардж», армяндар «Навасарди», чуваштар «Норис ояхе», өзбектер «Навруз» деп әр түрлі атаған. Қазақ тілінде де ежелгі парсы тілінен келіп сіңісіп кеткен.

Әр халықтың дәстүрлі жаңа жылы болған. Ерте кездерде көптеген халықтарда жыл мен айдың басын көпшілікке жариялап отыру салты болған. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алған күннің бірі – наурыз. Өйткені наурыз – жыл басы. Осы күнді жыл сайын жиырма екінші наурызда (ескіше 9 март) «Наурыз мейрамы», дәлірек айтқанда «Ұлыстың ұлы күні» деп мерекелейтін болған. Демек, бұл күн кездейсоқ тойланбаған. Шығыстың көп елдері күн мен түннің теңелетін күні – жиырма екінші наурызды жаңа жылдың басы деп есептеген. Парсы календарында наурыз айы емес, жыл басындағы бір күн болса, қазақ календарында ай атына айналған. Жыл басын білу

---

<sup>50</sup> Исақаков М. Халық календары. – А., 1980. – 245-бет.

<sup>51</sup> Хайям О. Трактаты. – М., 1961. – С. – 10.

<sup>52</sup> Негимов С. Ұлыстың ұлы күні. – А., 1991. – 9-бет.

– күнделікті тұрмыс-тіршілік талабы. Өйткені мал төлдету, шөп шабу, егін салу, тағы басқа маусымдық жұмыстар жыл мезгіліне тікелей байланысты болған. Сондықтан шығыстың көп елдері наурызды жаңа жыл ретінде тойлауды дәстүрге айналдырған.

Атам қазақ,  
Ертеден-ақ,  
Осы күн деп жыл басы  
Мерекелеп,  
Тілеу тілеп,  
Қазан асқан үй басы<sup>53</sup> –

деген жолдар осы салтқа байланысты туған.

Ашық аспан астында өмірі өткен көшпенділердің күнделікті күн көріс хам-харекеті жыл мезгілдерін айыруға, мерзім-уақытты білуге, есептеуге мәжбүр еткен. Сондықтан олар аспан шырақтары күннің батуы мен шығуын, айдың тууын және жұлдыздарды бақылай отырып болжам жасаған. Осы арқылы шаруалық маусымдары мен көші-қон белгіленген. Қараңғы түн мен жарық күннің жазғытұры тепе-теңдікке келуі (22 наурыз) жақсылықтың жаршысындай көрінген. Бұдан кейін түннің қысқарып, күннің ұзаратынын білген халық осы күнді үлкен мерекеге айналдырған. Демек, наурыз әуел баста календарлық жұртшылық мерекесі ретінде қалыптасқан<sup>54</sup>.

Мал шаруашылығымен айналысқан байырғы көшпелілер үшін бораны мен аязын ала келетін қыстың қаншалықты қиын екені айтпаса да түсінікті. Күннің қабағына қарап отырған халық қытымыр қыс пен жұттан қатты қауіптенген. Олардың тіршілік ету қажеттігі қалыптастырған астрономиялық ұғым-түсініктерін бір жылды екіге (алты ай жаз, алты ай қыс) бөлген. «Тоқымдай қар болған жерде тоқтылық қыс болады» деп күдіктене отырып, жадыраған жазды асыға күткен. Байырғы есеп бойынша күн мен түн теңелетін 22 наурызда аспан денелері өздерінің бастапқы орындарына келіп табиғат оянады. Күллі тіршілік атаулының бәрі жаңғырып жаңарады деп санаған. Қыстың қаһары кетіп, жердің

---

<sup>53</sup> Мұра. – 1990. – № 1. – 50-б.; Наурыз. – А., 1991 / құрастырған М. Қазыбек.

<sup>54</sup> Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – А., 1989. – 56-бет.

тоңы жібиді. Күн дүниені шуағына шомылдырып, ағаштар бүр жарып, жер көктеп, мал төлдейді. Осының бәрі де тіршіліктің түлеуі есептелген. Қыстан қысылған шаруа адамдары үшін бұл айрықша қадірлі, қуанышты күн болған. Өйткені малдың аузы көкке, адамның аузы аққа тиетін сәтті асыға күткен. Жыл басы табиғаттың осылай жасырып-жандануына орайлас келуін тіршіліктің ең бір қызықты күні санаған. Сондықтан наурызға байланысты көптеген өлеңдер туған. Демек, наурыз өлеңдері, бір жағынан, календарлық сипатта, екінші жағынан халықтың еңбек-кәсібіне байланысты туғанын байқаймыз. Наурыз күнін Ұлыстың ұлы күні, жаңа жылдың басы деп біліп, ол күні кәрі-жас құшақтасып көрісіп, бір-біріне ақ ниетін, арман-тілегін жыр, тақпақпен айтатын болған<sup>55</sup>.

Күллі халыққа шаттық-шадман әкелетін күнді әр адам, әр отбасы күтіп қана қоймай, алдын ала ерекше дайындалады. Киім-кешектерімен үй ішіндегі дүние-мүліктердің бәрін қағып-сілкіп, кір қоқыстан тазартады. Ұлыс күні үлкен-кішінің бәрі жаңа киімдерін киіп, үсті-бастарын ретке келтіреді. Наурызды қарсы алудың қалыптасқан дәстүрі де болған. «...Жаңа жыл табалдырық аттап, төрге озғанда «жалғыз шала сәуле болмас, жалғыз шырақ тәубе болмас» деп тосқын-тасқын, жауын-шашын көп болсын деп дастархан үстіндегі ыдыс атаулы аққа (сүт, айран, шұбат, шалап, уыз, бидай, тары, арпа, сұлы, жүгері, т.б.) және кәусар бұлақ суына толтырылады»<sup>56</sup>. Қысқасы, жылдың басы жақсы болса, аяғы да жақсы болады деген сенім-түсінік болған. Ал ұлыс күні салт бойынша әр үйде наурыз көже жасалады.

Абдыраның аузы ашылады,  
Сүрінің соны асылады.  
Қазан оттан түспейді,  
Әр үй арнайы көже істейді<sup>57</sup>.

Наурыз көженің жасалу тәртібі мен берілетін уақыты болады. Наурыз көже – бұрынғы қазақ календары бойынша жыл басы

---

<sup>55</sup> ҚСЭ. – А., 1976. – 8-т. – 288-бет.

<sup>56</sup> Өмірзақов Т. Ұлыстың ұлы күні // Лениншіл жас. – 1991. – 21 наурыз.

<sup>57</sup> Шалқар. – 1992. – 20 наурыз.

айында берілетін тағам. Наурыз көже кемінде жеті түрлі азық құрамынан (бидай, тары, қамыр, ет, тұз, сүт) пісіріледі. Соғымның арнайы сақталған мүшелері (қазы, карта, шұжық, жамбас) қосылады<sup>58</sup>. Түрлі дәндер елдің сол кездегі ұғымы бойынша жеті түрлі тірліктің иесіне берілген атама ас болып саналған<sup>59</sup>.

Қатал қыстың тақсіретін тартқан халық үшін қуаныш, қызық көктем шуағымен ілесе келгендей әсер ететін. Сондықтан ұлыс күні ерекше қуанып, мереке дастарқанынан ешнәрсені аямай кең пейілділік көрсетеді.

Ұлыс күні қазан толса,  
Ол жылы ақ мол болар.  
Ұлы кісіден бата алса  
Сонда олжалы болар<sup>60</sup>.

Жаратылыс-дүниенің тамырына су жүгіріп, аш-арыққа үміт ұшқыны пайда болған ұлыс күні адамдар құшақтасып, көрісіп бір-біріне жақсылық құт-береке тілейді.

Ұлыс оң болсын,  
Ақ мол болсын,  
Ұлыс бақты болсын,  
Төрт түлік ақты болсын.  
Ұлыс береке берсін.  
Бәле-жала жерге енсін<sup>61</sup>.—

деген жүрек жарды ықыластарын білдіреді. Бұрыннан келе жатқан жөн-жосық бойынша наурыз көженің ішіне салынған қойдың басы не ірі қараның шекесі қарияларға ұсынылады. Бұл үлкендерге көрсетілген сый-құрмет болып көрсетіледі. Ал жастар жағы наурыз көжені тойғандарынша ішеді. Мұның бәрі жыл бойы осындай молшылық, тоқшылық болсын деген түсінік-тілекті көрсетеді.

Әр үйдің сый-сыбағаларына риза болған қариялар наурыз дастарқанына арнаулы ниет-пейілдерін білдіріп:

---

<sup>58</sup> ҚСЭ. – А., 1976. – 8-т. – 288-бет.

<sup>59</sup> Қоңыратбаев А. Қазақ фольклорының тарихы. – А., 1991. – 46-б.

<sup>60</sup> Наурыз жанғырған салт-дәстүр. – А., 1990.

<sup>61</sup> Сонда. 124-бет.

Ұлыс мұратты болсын,  
Мекен тұрақты болсын,  
Малға құрақты болсын,  
Елге шуақты болсын.  
Өзен суатты болсын,  
Ерлер қуатты болсын.  
Алқап малға толсын  
Халыққа береке толсын<sup>62</sup>, –

деп баталарын береді.

Ұлыс күні кеткендері келіп, кемшіліктері толғандай болған, көпшілік ауыл-ауылға қыдырып, әңгіме-дүкен құрады. Бірін-бірі жаңа жылмен құттықтап маз-мейрам болады.

Танысымен танысқанда сырласы,  
Кезіккенде құрбысымен құрдасы, –

дейді.

Бір көже іштік, шықтық бір жасқа  
Осылайша мөлшер болып жыл басы<sup>63</sup>.

Сөйтіп, жасымызға жас қосылды деп те қуана отырып, бұл күнді үлкен сауық-сайранға айналдырған. Сөйтіп, қыс қысымынан құтылдырып, жадыраған жазды ала келген жаңа жылдың басы ел өмірінде ерекше күн болып есептелген.

## Наным-сенімдерге байланысты өлеңдер

Халық әдебиетінің қай жанрында болса да сонау алғашқы қауымдық қоғам кезіндегі адамдардың әлем, табиғат құбылыстары, тіршілік иелерінің жаратылуы туралы байырғы ұғым-нанымдарының жұрнағы сақталып қалған.

Ертедегі адамдар дүниетанымы төмен сатыда, түсінікте болған. Қоршаған табиғатты ғажайып күш ретінде ұғынғандықтан, әртүрлі нанымдар туғызған әрі сенген, өздерінің табиғатқа

---

<sup>62</sup> Мұра. – 1990. – № 1. – 50-б.

<sup>63</sup> Шалғын. – 1984. – № 4. – 21-б.

тәуелді сезінгендік жақсылық пен жамандықтың бәрі де әлде қандай кереметтің күші арқылы болады деп ұғынған. Сөйтіп, ай мен күнге, бұлтқа, отқа, т.б. сиынған, жалбарынған. Оларға жарылқаушы ретінде қараған. Жаңа туған айды көргенде төмендегідей тілек айтқан.

Ай көрдім, аман көрдім,  
Баяғыдай заман көрдім.  
Ескі айдай есірке,  
Жаңа айдай жарылқа, –

деп мал-жан амандығын тілеген.

Халық отты қасиетті деп санайды: отқа түкіруге болмайды, сондай-ақ үстінен аттауға да болмайды... Отқа табынып оттың қаһарынан қорыққан, сол оттың қаһарымен анттасқан. Көптеген аурулар оттың киесінен болады деп түсініп, сондықтан оттың киесімен емдейтін болған<sup>64</sup>. «От – ана, жарылқа» деп жаңа түскен келінге отқа май құйғызу дәстүрі күні бүгінге дейін сақталып келе жатқаны белгілі. Демек, халық мындаған ғасырларға созылған ұзақ тарихында сан түрлі наным-сенімдерді бастарынан өткерген. Алғашқы қауымдық діни ұғымдар мен нанымдарды М.О. Косвен мына түрде реттейді: анимизм, тотемизм, магия, табу, шаманизм, табиғатқа табыну, фетишизм, ата аруағына табыну, үй ошағына табыну, т.т.<sup>65</sup> Мұндай алғашқы қауымдық нанымдардың қайсысының қай кезде шыққанын арнайы қарастыруды қажет етеді. Бізге тек көне дәуірдегі адамдардың осындай наным-түсініктерінің іздері фольклорлық мұраларда сақталып қалғанын ескертумен ғана шектелдік.

Сонымен, ертедегі адамдар өздерінің тұрмыс-тіршілігіндегі кездесетін қиындықтарды әртүрлі ырым жасау арқылы жеңілдетуді мақсат еткен, сөйтіп олар өздері сиынған жаратылыс құбылыстарына жалбарынған, жәрдем сұрап, тілек тілеген. Мұндай жалбарынып-сыйыну әрекеттері тұрмыс-салтқа сіңіп, халық мұрасынан орын алған.

---

<sup>64</sup> Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – А., 1995. – 177-б.

<sup>65</sup> Қасқабасов С.А. Қазақ ертегілеріндегі тарихилық мәселесі // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. Филология сериясы. – 1983. – № 1. – 1-б.

**Бәдік.** Бәдік адам не малда болатын белгілі бір кеселді (ауруды) қуалап көшіру салты кезінде орындалған. Көне магиялық ғұрып бойынша қаскөй күштер ауру иелеріне сөз арқылы әсер етіп, оны көшіруге болады деп ұққан. Сондықтан бәдікте «көш» сөзі көп қайталанып отырады. Мәселен:

Әу, бәдік, кетер болсаң тауларға көш,  
Қызарған тау ішінде бауларға көш.  
Таппасаң көшер жайлау мен айтайын,  
Ат мінісіп арқыраған жауларға көш<sup>66</sup>.

Ауруды жиналған жұрт күшін біріктіріп емдейтін болған. Дәстүрлі ғұрыпты орындау үшін кейде қыз, жігіттер бәдікті кезектесіп те айта берген.

Жігіт:

Бәдік кетіп барады сусамырға,  
Жолда жатыр қайқайып қу қабырға.  
Құдай оңдап бәдікті қолға берсе,  
Басын байлап кетейін бір тамырға.

Қыз:

Бәдік кетіп барады шатқа таман,  
Тағы жүрді мінгелі атқа таман.  
Құдай оңдап бәдікті қолға берсе,  
Итерелік көпірді отқа таман<sup>67</sup>.

Демек, әуел баста бәдікті көпшілік болып орындаған. С. Сейфуллиннің айтуына қарағанда адам яки мал ауырса, әйел-еркек жиналып, ауырған малды қоршап алып екі-екіден қосылып шулап өлең айтқан<sup>68</sup>. Бұған қарағанда бәдікті топтанып, шулап айтқандығы байқалады. Өйткені ауру-сырқау тарататын қаскөй күштерді неғұрлым қатты дабыл қағып, айғай-шу шығару арқылы қорқытып-шошытып көшіруге болады деп ұққан. Қысқасы, бәдікті дерт көшіру кешенінен бөліп алуға келмейді. Бәдік болмысы «көшіру» қаскөй күштерден құтылудың жалпы

---

<sup>66</sup> Қазақ халық әдебиеті / алғы сөзін жазып, құрастырған С. Садырбаев. – А., 1990. – 45-бет.

<sup>67</sup> Сонда. 48-б.

<sup>68</sup> Сейфуллин С. Шығармалар. – А., 1964. VI-т. – 177-бет.

амалы болса, бәдік – емдік магияның жалқы әдістерінің бірі. Фольклортану тұрғысынан келгенде бәдікті вербальды магия үлгісіне жатқызуға келеді<sup>69</sup>.

Ғұрыптық поэзияның бірі бәдік емдік магияның жеке әдістерінің бірі ретінде көшіру ғұрпымен байланысты туған. Тіпті, көне магиялық ғұрып «көшіру» дүние жүзіндегі көптеген халықтарда болған.

## Арбау өлеңдері

Емшілікке қатысты туған ғұрыптық фольклордың бір түрі – арбау өлеңдері. Арбау тарихи тұрғыдан алғанда магияға жатады. Магия дегеніміз – материалды дүниеге табиғаттан тысқары жолмен әсер ету үшін қолданылатын ғұрыптар. Ертедегі ой өрісі төмен адамдар жанды-жансыз жаратылыстарының «иелеріне» сөз арқылы әсер, ықпал етуге болады деп сенген. Қаскөй күш, жамандық иелерімен күресудің жолы «сиқырлы» сөздің қуатты күші деп ұққан.

Арбау жөнінде Ш. Уәлиханов: «Арбау арқылы қырғыздар өздерін әртүрлі пәлекеттерден, аурулардан қорғайды, мұны да арбын дейді... Қазақтарда арбау-дұғалау, дуалау, сиқырлау, ал арбаушы дұға оқу арқылы жадыланған, ауырған адамдарды айықтырушы-емші. Адамды жылан шаққанда уын қайтару үшін қазақтар сол шаққан жыланды ұстап алып арбайды. Егер арбау әсерлі болса, жылан сол жерде өлуге тиіс. Арбау сөзінің шыққан төркіні де, ертедегі мағынасы да дұғалау, дуалау болса керек. Қазақтар сихс деген парсы сөзін де қолданады, сиқырлықты орындаушы – сиқыршы деп аталады»<sup>70</sup> – деп жазады.

Халық адам денесінде болатын кейбір дерт (күйдіргі, көкше, теміретке, құлғанар, т.б.) пен улы жәндіктер (жылан, бүйі, шаян, кара құрт, т.б.) шаққанда айтылатын сөздерінің магиялық әсері бар деп білген. Сол арқылы кеселден айығуға әрекет еткен. Мәселен, жылан шаққанда уын қайтару арбауы:

---

<sup>69</sup> Абылқасымов Б. Телқоңыр. – А., 1993. – 31-бет.

<sup>70</sup> Уәлиханов Ш. Тандамалы. – А., 1985. – 133-бет.



Кер, кер, кер жылан,  
Кереге басты мер жылан,  
Бір жылан бар сұм жылан.  
Бір жылан бар сұм жылан.  
Бір жылан бар жеті жылғы ту жылан.  
Құралай таудың басынан,  
Қуып келген қу жылан.  
Пайғамбардың демінен –  
Дегелек келді, шық жылдам<sup>71</sup>.

Теміреткіні арбауынан:

Темір, темір, теміреткі,  
Пайғамбарым егін екті.  
Егін судан құрыды,  
Сен де құры.  
Теміреткі темірден,  
Тәзгүнә, тәкули, тәрхәкуха  
Қатира Кәф – шық<sup>72</sup>.

Алдыңғы арбау жылан шаққанда уын қайтару үшін, ал екіншісі теміреткіні емдеу үшін айтылған.

Бұл секілді арбау өлеңдері күн жайлатып, бұлт шақырып, жаңбыр тілегенде де айтылған.

Кел, кел бұл, кел бұлт,  
Екі енеге тел бұлт.  
Ағысы қатты сулардан  
Ширай соғып кел, бұлт.  
Шөптің басы жерлерден,  
Жүгіре соғып кел, бұлт.  
Қайың басын қайыра соқ,  
Арша басын айыра соқ,  
Тобылғы басын толғай соқ.  
Атан түйе жыға соқ,  
Үзеңгіні үзе соқ,  
Тебінгіні тесе соқ<sup>73</sup>, –

деп келеді.

---

<sup>71</sup> Қазақ халық әдебиеті. – А., 1990. – 41-бет.

<sup>72</sup> Абылқасымов Б. Телқоңыр. – А., 1993. – 171-бет.

<sup>73</sup> Садырбаев С. Аталған еңбек. – 38-бет.

Демек, бұлт, жаңбыр шақырғанда өтініш-жалбарыну сипатында айтылған өлеңдерде арбауға жатады.

Сонымен, қазақша шақыру ғұрпы екі түрлі орындалады:

а) Тасаттық беру арқылы (коллективті түрде),

б) Жай тасын қолдану арқылы (дара түрде)<sup>74</sup>.

Арбауда жиі ұшырасатын «түсініксіз» сөздермен қайталаулардың магиялық сипаты болса, екінші жағынан көркемдік тәсіл. Яғни қайталау магиялық ғұрыпты орындаудағы шарттың бірі. Сөйтіп, арбау белгілі бір іс-әрекет негізінде, басқаша айтқанда жосын ғұрыпты өткеру негізінде айтылатын наным-сенімге байланысты туған.

## Бақсы сарыны

Фольклорлық мұраларды тудырушы және сақтап-таратушылардың байырғы типтерінің бірі – бақсы. Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов «Шаман сиқырлық қасиеттерімен қоса білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, күйші де, сәуегей де, емші, сегіз қырлы, бір сырлы адам болған. Қазақтар шаманды бақсы дейді»<sup>75</sup>, – деп жазады. Бұған қарағанда бақсы жай адам емес, әрі өнерлі, әрі емші, яғни адам баласына қас, зиянкес күштерге қарсы күресуші. Оның міндетінің бірі – ауру адамдарды емдеу. Сәуегейлік жасап, болашақты болжау да басқалардың ырымдық функцияларының бірі. Бақсылықта сөз бен музыканың күші ерекше рөл атқарады. Алайда бақсы сарыны шаманистік наным-сенімдерге қатысты туып, дамыған. Ауру адамды емдеу үшін бақсы ойнап, алдымен әулие-әмбиелерге сиынған. Қобызға қосылып, сарын айтып, жындарын шақырады. Мәселен,

Ақ пері мен көк пері,  
Аспаннан төмен көп бері.  
Жалғыз көзді дәу пері,  
Жалғыз көзді жау пері.

---

<sup>74</sup> Абылқасымов Б. Телқоңыр. – А., 1993. – 81-бет.

<sup>75</sup> Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – А., 1985. – 175-б.

Шақырғанда кел бері,  
Ақ сарбасын сойғызған,  
Ақ текемет жайғызған...  
Келші бері дәу пері.  
Кетсін пәлі байғұстан<sup>76</sup>, –

деп өзінің жындарына тіл қатады. Адам бойындағы пәлені жындардың көмегімен қумақ болады. Шамандық түсінік бойынша жындар әлемі екі үлкен лагерден тұрады. Мейірімді жындар (добрые духи) және зиянкес жындар (злые духи). Бақсыға бағынатындары, әрине, мейірімді жындар<sup>77</sup>. Сондай-ақ жындардың аттары да түрлі болуымен бірге әр бақсының өзіне тән жындары болған. Бақсы ойнағанда бағынышты жындардың атын атап, олардың орындайтын міндетін айтады. Бірде ай мүйізді көк қошқар кейпіндегі жынға:

Маңдайының ағы бар,  
Құйрығының қағы бар.  
Жаксы болжап қарашы  
Мынаның қандай соры бар, –

десе, енді бірде қанды балақ қайқы көзге:

Қанды балақ қайқы көз,  
Қайда жүрсің сенделіп.  
Шақырғанда шаңқылдап  
Шарыққа қон келіп.  
Пәлекеттер қайда жүр,  
Көзбен қара төңкеріп<sup>78</sup>, –

деп бұйырады. Ал Досмырза бақсы алдымен жаратушыға, онан кейін жын атасы Берлібайға сыйынып, солардан медет тілеген соң «үш жүз алпыс жасаған, жақ сүйегі босаған» Сары қыз атты жынын шақырады. Мұнан кейін болжаушы қара жынына тапсырма беріп:

---

<sup>76</sup> Мұра. 1989. – № 4. – 96-б.

<sup>77</sup> Абылқасымов Б. Телқоңыр. – А., 1993. – 136-б.

<sup>78</sup> Мұра. – 1989. – № 4. – 96-б.

Айтылатын мал бар ма,  
Шыққалы тұрған жан бар ма?  
Тебінгіде тер бар ма,  
Тепсініп тұрған ер бар ма?  
Қанжығада қан бар ма,  
Қаптай шапқан жай бар ма?  
Болжаушы қара, болжай кел,  
Төңіректі шалғай кел!<sup>79</sup> –

дейді. Бұл үзінділердің бірінде адам бойындағы ауру-кеселді қара, көр десе, бірінде пәле-құла жоқ па, төңіректі абайла, болжа деп әмір береді. Баксылардың жындарын шақырып, сарын айтудағы мақсаттары кеселді қуып, ауруды емдеу болғандықтан, сарынды бақсы ойынынан бөліп қарауға болмайды.

## Бата-тілек өлеңдері

Халықтың көне дәуірдегі сәбилік сана, әдет-ғұрпынан туған өлеңдердің бір түрі – бата-тілек.

Бата беру сөздің күш-күдіретіне сенген ертедегі адамдардың таным-түсінігінен туған көне дәстүр. Бата отбасы ғұрыптарына қатысты айтылып, халықтың күнделікті өмірінен кең орын алған жанрлық түр.

Бұрынғы замандарда ізгі-тілек, ақ бата арқылы бақ-дәулетті дарытып, мақсат-мұратқа жетуге болады деп сенген. Сондықтан халық «батаменен ел көгереді, жаңбырменен жер көгереді» деп даналық сөздер арқылы тұжырымдай отырып, үлкендерден бата алуды мұрат санаған.

Бата сөздерді оң бата, теріс бата деп екіге бөледі. Бата берудің мақсат-мазмұны сан түрлі болып келеді. Сонау көне заманнан келе жатқан игі дәстүрге халық ерекше мән берген. Күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан ақ бата беріп, алғыс айту жас ұрпақты кішілік пен кісілікке тәрбиелеуге айтарлықтай әсері бар. Өйткені бата – ниеттен туған игі тілек. Мәселен, жаңа шаңырақ көтерген жас отау иелеріне былай бата берген:

---

<sup>79</sup> Сейфуллин С. Шығармалар. А., 1964. 6-т. – 165-б.

Уа, отау иесі,  
Қолдан тәңір киесі.  
Инабатың игілікке бастасын,  
Пейілің жамандыққа баспасын.  
Ошағыңның оты сөнбесін  
Ар-ұятың арамдыққа көнбесін.  
Босағаң берік болсын,  
Қосағың жерік болсын...  
Өнегенді қазық ет,  
Ақылыңды азық ет.  
Сағың сынбасын,  
Бағың нұрлансын! –

деп атақ-абыройы артып, бақытты болуларын тілейді. «Жақсы сөзді жарым ырыс» санаған халық ұғымында алғысқа бөленуден артық абырой жоқ деп есептеген. Отау иелеріне ыстық ықылас білдіріп, бақыт тілеу олардың мерейін көтереді. Берекелі тіршілік кешу, абыройлы өніп-өсу алдымен отаудан басталатынын жете сезінеді. Ақ ниет, ақ бата оларды алға жетелейді. Адамгершілік қадір-қасиет қағидаларын нығайта түседі. Сондықтан өмірге қажет қағида есебінде қабылдайды.

Халық салтында келін түсіріп, қыз ұзату, дүниеге нәрестенің келуі, оның алғаш атқа мінуі, жайлауға көшіп бие байлау үлкен қуаныш саналған. Сонымен бірге алыс сапарға аттанғанда, ас беріліп дастархан жайылғанда, айт меркелері мен ұлыстың ұлы күні сияқты көп халық бас қосқан үлкенді-кішілі жиын-тойлардың соңынан жақсы тілек, оң бата беріледі:

Бастарыңа бақ берсін,  
Не берсе де нақ берсін!  
Қырда жүрген қызырды  
Үйлеріңе ап келсін!  
Көңілдерің тоқ болсын,  
Қайғыларың жоқ болсын!  
Шүпірлеген үйінде  
Балаларың көп болсын!<sup>80</sup>

Өздеріне қарата айтылған түзу ниет, жақсы сөзге үй иелерінің

---

<sup>80</sup> Беташар. – А., 1991. – 125-б.

де жандары жадырайды, ақыл-кеңеске балайды. Жақсы салтты сақтауға талпынады.

Қазақ халқының тұрмыс-салтынан кең орын алған батаның тақырыбы сан алуан, қолдану аясы кең. Жайлауға көшіп келіп, бие байланарда айтылатын бата былай болып келеді:

Сұрасаң бата берейін,  
Үстем болсын мерейің.  
Ықыласпен қол жайсаң,  
Ақ тілекті төгейін:  
Дастарханың мол болсын,  
Абыройың зор болсын.  
Көк жайлауды жайласаң,  
Тай-құлынды байласаң,  
Сабаң толсын қымызға  
Шараң толсын уызға<sup>81</sup>.

Барлық – байлық, несібе-ырыздық мол болып, мерейлерінің биік болуына тілектестік білдірген мұндай ізгі ниетке кімде-кім болса да риза болады. Ақ бата алдық, мұрат-мақсатқа жетеміз деген сенім ұялайды. Қуанышқа кенеліп, көңілдері марқаяды.

Жыл басында аман-сау бет көрісіп, береке-бірлік тілеу халқымыздың салауатты салтын, өнеге-тәлімін танытады. Сондықтан «Ұлыстың Ұлы күнінде» бата беріліп, маңызды-мағыналы тілек айтылады.

Ұлыс мұратты болсын,  
Мекен тұрақты болсын.  
Малға құрақты болсын,  
Елге шуақты болсын.  
Өзен суатты болсын,  
Ерлер қуатты болсын.  
Алқап малға толсын,  
Халыққа береке берсін!<sup>82</sup> –

деп термелейтін бата-тілек наурыз дастарханында беріледі. Батаны кез келген адам бермейді және кез келген жерде орындалмайды. Көбіне белгілі бір салтқа қатысты айтылатын батаны көпке

---

<sup>81</sup> Мұра. 1994. – № 4. – 52-б.

<sup>82</sup> Мұра. 1990. – № 1.

беделі бар жолы үлкен адамдар береді, көптің атынан айтылады. Мәселен, елдің амандығына берілетін батаны айтушы көтеріңкі үнмен өзінің жүрек жарды ақ тілегін:

Далақтатар даудан сақта,  
Жалақтаған жаудан сақта!  
Ашыққан бөріден сақта,  
Қара жердің көрінен сақта!  
Ашынған ұрыдан сақта,  
Құлқыны құрыдан сақта!  
Дауылдың кәрінен сақта,  
Жыланның зәрінен сақта!  
Аяқ-асты кезігер –  
Бәле-жаланың бәрінен сақта!<sup>83</sup> –

дегенде барлық қол жайып отырған адамдар да «Әумин» деп қостау білдіреді, беттерін сипайды. Мұндай батаның ұлағатты үлгісі ерекше.

Бата жеке адамға не көп адамға қарата айтылып, өнегелілікке үндейді. Береке-бірлік, қайырым-имандылық, ел мен жер, адалдық-адамгершілік, кісілік-кішілік әдеп-ұят, арман-мұрат сияқты толып жатқан халықтық қасиеттер ғибрат-насихат етіліп, өркені осуін тілек етіп айтады.

Кейде бата адамдарда кездесіп қалатын теріс іс-әрекеттерді шенеп-сынау үшін де айтылады. Бірде Серікбай бастаған бірнеше адам мал бағып отырған бір үйге қонады. Қонақтарына мал соймақ болған үй иесі әйелімен ақылдасады. Әйелі «ақсақ қойды сой, қыста өліп қалады» дейді. Бұлардың сөзін естіп қалған Серікбай ақсақ қойды әкеліп бата сұрағанда:

Әкелгенің ақ қой,  
Бір аяғы дақ қой.  
Ертеңде де қонақ бар  
Жарты етін ап қой  
Аллаһуакбар!

деп бата беріп, үй иелерінің сараңдығын мазақ етіп, беттеріне басады.

---

<sup>83</sup> Сонда. 50-бет.

Ақ бата алған адамның мерейі өссе, халық астамшылық жасап, біреуге жамандық, озбырлық істеген адамдарға не жан түршігерлік жауыздық жасаған қара ниет дұшпандарына жамандық тілеп, қарғыс түрінде теріс бата берген. Мысалы:

Малың жүзге жетпесін,  
Жүзге жетсе де күзге жетпесін.  
Қойыңа топалаң келсін.  
Басыңа зобалаң келсін!

Немесе:

Бір бақыт басыңа бұйырмасын,  
Тірлік күн төбеңнен қиырласын.  
Асыңа арық байтал бұйырсын,  
Қыршының тезірек қиылсын.  
Ел бата оқырыңа жиылсын,  
Көрінде көзіңе құм құйылсын.  
Қолым теріс жайылды,  
Алла шақсын тауыңды.  
Осы айтқаным жібітсін  
Көкте тұрған тәңірді,  
Аллаһуакбар! –

Теріс бата берілгенде қол теріс жайылады. Кейде ата-баба салтына, ата-ана ұйғарымына қайшы келген баласына теріс бата беруі мүмкін. «Қыз Жібек» пен «Құбығұл» жырында осындай жағдай ұшырасады. Әділбай қызы Ақбілекке теріс бата береді.

...Қайғыменен қашыққыр,  
Құса болып тарыққыр.  
Жолдасыңнан айырылып,  
Жалғыз қалып зарыққыр, –

дейді.

Бата беру – жақсы дәстүр. Жарқын салт. Оның өнегелік ғибраты мол. Бата-тілектердің көркемдік бояу-өрнектері мазмұн байлығы, ой тереңдігі уақыт рухына сай өңделіп, өзгеріп отырады. Бата жеті-сегіз буынды жыр, кейде он бір буынды қара өлең үлгісінде, бірде осы екеуі аралас келіп те отырады. Түйіндей



айтқанда бата-тілек халықтың кемел не келісті ой-сенімінің бір көрінісі. Оның мазмұнында шапағат-шарапаты мол ізгі тілек болады.

## Жарапазан

Жарапазан айту салты ислам діні енгеннен кейін туған. Өйткені ол исламның бес шарттарының бірі отыз күн ораза ұстаған рамазан айында айтылады, бірақ ай бойы айтылмайды. Оразаның бас кезінде үш күн және ортасы мен аяқ кезінде үш-үш күннен айтады. Халық жарапазан айтуды кәделі дәстүр санап, оған үлкен мән берген. Сондықтан жарапазан тұрмыс-салт негізінде туып, кең тараған өлең түрінің бірі.

Жарапазанды үлкен адамдар да, жас бозбалалар да айта береді. Ораза ұстаған ел кешке қарай ауыз ашып, көңілдері жадыраған кезде жарапазаншылар үй-үйді не бір ауылдан бір ауылды аралап жүріп жарапазан айтады. Ең алдымен үй ішіндегі адамдардың назарын аудару үшін

Үйің-үйің, үй екен,  
Үйдің көркі ши екен.  
Желі көркі бие екен,  
Қотан көркі түйе екен.  
Қонған аулы жиі екен,  
Аумағымен кие екен.  
Мен танымай жүр екем,  
Қайсы байдың үйі екен?<sup>84</sup> –

деп термелеп алады да, онан кейін жарапазаның жалғастырады.

Айтамын жарапазан ауылыңа,  
Бақ қонсын бар мұсылман қауымына.  
Береке, құт әкелсе наурыз көктем,  
Жаз жайлау қарқ болсын сауыңыңа.  
Мұхаммед үмбет айтқан жарапазан,  
Оразаң қабыл болсын ұстаған жан! –

---

<sup>84</sup> Қазақ әдебиеті. – А., 1992. – 20 наурыз.

деп тілек білдіре әндетеді. Себебі ораза айы – барша мұсылман қауымы тазалыққа ықылас қойып, ынтымақ-жақсылыққа жұмылатын кез екені белгілі. Сондықтан ораза құрметіне айтылатын жарапазанда шарифат шартына баса назар аударылып отырады.

Ақ үйің айға қарап орда болсын,  
Ұл-қызың жиылып молда болсын.  
Ораза тұтып барған мұсылманның  
Пырағы ұжымақта жорға болсын.

Немесе:

Ақ үйің айға қарап шатыр болсын,  
Ұлы-қызың жиылып бағыр болсын.  
Күтпеген хақтың жолын мұсылмандар  
Тартады қиыншылық бақыл болсын, –

дейтін жолдар арқылы ораза ұстап, хақтың жолын күтуге шақырады. Дінді қадірлеу қажеттігін ескертеді. Ислам дінінің парыз-қарызын арқау ете отырып, белгілі бір сарын-сазбен айтады. Бүкіл халыққа жақсылық тілеп, бауырмал-мейірімділікке үндейді. Қайырымы жоқ қатыгездіктен сақтандырады.

Кейде жарапазан тыңдаған үй иелері жылдамырақ сый-сияпат бермей, кешеуілдеп қалса, онда жарапазаншылар жеңіл-желпі жарасымды әзіл-қалжың да араластырып жібереді:

Айтайын зар-зар қақсап жарапазан,  
Алып шық нең болса да, жеңеше жан!  
Молдау ғып сый-сияпат көрсетпесең,  
Астымда аттың тері ол да жаман, –

деген тәрізді әзілді естігенде, үй иелері көңілдене бастап, жарапазаншыларды разы етуді ойлайды.

Жарапазан әуенмен айтылып, соңында қайырмасы болады. Мәселен:

Мұхаммед үмбеті айтқан жарапазан,  
Ораза қабыл болсын ұстаған жан.

Немесе:

Мұхаммед үмбеті айтқан жарапазан,  
Бір келген он екі айда ораза иман, –

деген арнау-тілек қайталанып отырады.

Үй иелері табаққа дәм салып бетін жауып алып шығады.  
Ырым-жолын алған жарапазаншы арнайы бата береді:

Менің атым Сарыбай,  
Сақалыма сары май.  
Бөденедей бырылдап,  
Бозторғайдай шырылдап  
Төсегіңнің басынан,  
Жастығыңның астынан  
Қыдыр келіп дарығай.  
Біз де келдік жиылып,  
Қыз-келіншек шықты киініп,  
Бергеніңді аламыз,  
Бір Аллаға сыйынып...  
Табағың асқа толсын,  
Төсегің басқа толсын.  
Ақ ордаң досқа толсын,  
Басыңа бақ қонсын.  
Көрісер тағы шақ болсын,  
Ақ ниетің сап болсын,  
Құрт-майыңа қап толсын  
Ісіне Алла жақ болсын! –

дейді. Үй иелеріне жақсы, ізгі ниет білдіреді, алғыс айтады. Жарапазан қайырымдылық-адамгершілікті, адалдық-имандылықты насихат ететін тұрмыс-салт өлеңдерінің бірі. Халықтың наным-сенім салтынан хабар беретін жарапазан өлеңін жаттап алып та не өз жандарынан шығарып та айта беруге болады.

## Үйлену салт өлеңдері

Тұрмыс-салт өлеңдерінің бір шоғыры үй-іші салтына байланысты туған. Өмірге сәби келсе, не жарық дүниеден жақын адам өлсе, не болмаса қыз ұзатып, келін түсірсе – осылардың бәрі

де белгілі бір салт-ғұрып, жөн-жоралғылардың аясында өтеді. Халықтың тұрмыс-тіршілігінен, өмірінің әр кезеңінен орын алған мұндай салттың қай-қайсысында айтылатын өлең-жырлардың түрлері көп. Солардың бірі – үйлену салтына байланысты айтылатын өлеңдер. Олар той бастар, жар-жар, сыңсу, бет ашар, т.б.

## Той бастар

Той бастар өлеңі қызды ұзатқанда жасалатын тойда және күйеу жігіттің үйінде келін түсіру қуанышына орай өткізілетін тойда да айтылады. Бұдан той бастар өлеңі осы екі той-тамашада да айтылады деген ұғым тұмау керек. Үй ішінің басқа да үлкенді-кішілі қуаныш-қызықтарына байланысты да айтыла береді. Той бастар өлеңінің мазмұн-мақсаты көпшілікті көңілдендіріп, той иесін құттықтау түрінде келеді.

Той бастандар, жігіттер, той бастандар,  
Той бастаған, жігіттер, көп жасандар.  
Сәтті күні сәрсенбі той болыпты,  
Тойыңызға құтты болсын дей бастандар.

Той иелерінің қуанышын құттықтап, отау иелеріне жақсы тілек-ниет айтылады. Той бастау өлеңінің мазмұны үнемі бір келкі бола бермейді. Құйысқаны көтеріліп, елінен аттанайын деп жатқан қыздың тойындағы өлең де жұбату, көңілін аулау жағы да аралас келеді.

Ертең ерте мінесің керінді енді,  
Іс түскенде басыңа ерінбе енді.  
Жайнаң қаққан ауылдың еркесі едің,  
Қайтып қиып кетесің еліңді енді<sup>85</sup>.

Ал келін түскен тойдағы айтылатын той бастар өлеңдерінде қуаныш сарыны басым болып, жарастыққа, бақыттылыққа баса назар аударылады. Қандай той-думан болса да, той бастар

---

<sup>85</sup> Мұра. 1982. – № 2. – 127-бет.

айтылады, той бастаған адамға ырым-кәде беріледі. Той бастаушының талант-талабы жақсы өнерпаз жан болса, той-думанның қызықты болып, көпшіліктің көңілді отыруына үлкен әсер етеді.

## Жар-жар

Үйлену салт өлеңдерінің бір түрі – жар-жар. Әдетте жар-жар той бастардан кейін айтылады. Тойға жиналған жастар екіге бөлініп айтыс түрінде өткізеді. Бір тобы – қалыңдық, бір тобы – күйеу жігіт жағы болып бөлінеді. Өзінің ата-анасы, туыс-туған, ел-жұртынан бөлініп, басқа ортаға кеткелі отырған қыздың көңілін ауласа, екінші жағынан, оның туып-өскен ел-жұртына деген қимастық сезім де бой көрсетіп отырады, жігіттер жағы:

Алып келген базардан,  
Қара насар, жар-жар.  
Қара мақпал сәукеле  
Шашын басар, жар-жар.  
Әкем-ай деп жылама,  
Қыздар байғұс, жар-жар,  
Әкең үшін қайын атаң  
Орын басар, жар-жар, –

деп қалыңдық та жұбата сөйлесе, қыздар тобы былайша жауап қайтарады:

Жазғытұры ақша қар,  
Жаумақ қайда жар-жар.  
Құлын тайдай айқасқан  
Оң жақ қайда, жар-жар.  
Азар жақсы болса да,  
Қайын ағамыз, жар-жар.  
Айналайын әкемдей,  
Болмақ қайда, жар-жар?<sup>86</sup>

Кейде жігіттер тобы әзіл-қалжың араластырып, қыз көңіліндегі

---

<sup>86</sup> Радлов В.В. Ел қазынасы – екі сөз. – А., 1994. – 42-43-б.

мұң-кірбінді сейілтпек болады. Басқаға жар болып, өмірдің тағы бір қызықты шағын бастайсың деп жұбатады.

Фольклордың басқа жанрлық түрлері секілді жар-жарда әр дәуірдегі өмір шындығына, салт өзгеріске ұшырап отырады. Қазіргі кездегі айтылып жүрген жар-жар өлеңінің мазмұны да, айтылуы да басқаша, тойға жиналған көпшілік екіге бөлінбей-ақ барлығы қосылып:

Ата-анаңның борышын,  
Ақтаңыздар жар-жар.  
Махаббатты мәңгілік,  
Сақтаңыздар, жар-жар, –

деп жеке үй болып, отау тігіп жатқан екі жасқа ақыл-кеңес беріп, жақсы тілек білдіреді.

Ерте кезден қазақтың театры болған жоқ. Бірақ оның элементтері болды. Соның бірі осы «жар-жар», т.т. Оның жиналған көпшіліктің алдында айтыс түрінде шығуы, өлең, ән, домбыра араласуы, жұртты қызықтыруы жағына алғанда, «жар-жардың» орындалуы ерте кездегі қазақтар үшін театр сахнасы есебінде болған<sup>87</sup>. Сондықтан «жар-жарды» драмалық фольклордың шағын түрі деуге болады.

## Сыңсу

Ұзатылған қыздың той-думаны аяқталып, өз босағасына аттанар сәтте айтылатын өлең түрі сыңсу деп аталады. Сыңсу қыздың ауыл-аймақ, ата-ана, туған-туыс, құрбы-құрдас және қамсыз күндерімен қоштасу түрінде айтылады.

Ақ көйлек кидім егіме,  
Шытыра салып шетіне.  
Айналайын әкем-ау,  
Қарамаған бетіме<sup>88</sup>, –

---

<sup>87</sup> Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – А., 1958. – 49-бет.

<sup>88</sup> Мұра. – 1984. – № 2. – 125-бет.

деп әкесімен, онан кейін жақын туыстарымен қоштасады. Енді бірде ел-жұртына қарата:

Айналайын, елім-ау,  
Асқар тау, айдын көлім-ау,  
Қош айтқанда өзіне,  
Үзіліп тұр белем-ау.  
Айналайын ауылым,  
Үлкен-кіші бауырым.  
Өздеріңді ойласам,  
Езіледі бауырым.  
Айналайын туған жер,  
Кір жуып, кіндік бұған жер.  
Алысқа кетіп барамын  
Қош болыңдар думанды ел<sup>89</sup>, –

дейді. Ұзатылып бара жатқан қыз өзінің наз-нала, қимастық сезімін осылайша білдірген. Өз ошағын тастап, бөтен орта, бейтаныс жұртқа сіну, үйрену оңай бола қоймаған. Сондықтан ұзатылып бара жатқан қыз өзінің күдік-арманын да жасырмай ашық айтқан.

Сыңсу айтылып болған соң аттанайын деп жатқанда қызға жұбату айтылған. Бір жағынан, қызға басу айтып ата-баба салтын ескертіп, оның көңіліндегі кірбінді кетіруді ойласа, екінші жағынан, жаңа барған жұртқа жағымды болып, жас келінге лайық мінез-құлық, іс-әрекет қалай болу керектігін ескертіп отырған. Мысалы:

Сәрсенбі сәтті тойыңыз,  
Тілеулі-құтты тойында,  
Көп жылауды қойыңыз.  
Мен айтамын өсиет, –  
Тыңдап, ұғып алыңыз.  
Мұнан көшіп кетерсің,  
Шын еліңе жетерсің.  
Тең құрбың шықса алдыңнан  
Ойын-күлкі етерсің.  
Құрбың күлсе, күлгейсің  
Әдеппенен жүргейсің.

---

<sup>89</sup> Сонда. 126-бет.

Салмакпенен сөз сөйлеп,  
Жақсы жауап бергейсің.  
Ата-енеңе барасың  
Дүниесін құрметтеп,  
Қабағына қарарсың<sup>90</sup>.

Сонымен, жұбату өлеңдерінде қалыптасқан дәстүр-салтты жалғастырып, адамгершілік сияқты жақсы қасиеттерді сақтауға жөн сілтейді.

## Беташар

Беташар келін түскенде айтылатын салт өлеңінің бір түрі. Біріншіден, жаңа түскен келіннің бет-жүзін ашып көпшілікке көрсету ниетінде, екіншіден, жаңа түскен келінге ата-енесінен бастап барлық ағайын-туыстарын, ауыл-аймағын таныстыру мақсатында айтылады.

Жаңа ортаны жатсынбай жақын тартып, олардың талап-тілектерінен шыға білуді ұғындыру көзделеді. Жаңа жұртқа келіп жаңа табалдырық аттаған жас келінге жауапкершілік жүктелген. Туыстуғанға сыйлы, өнегелі келін атанудың жолы айтылған. Бетін бүркеп келген келіннің бетін ақын не өлең-энге бейімі бар жігіт ашатын болған. Мысалы:

Келін келді, көріңдер,  
Көрімдігін беріңдер.  
Жақсы болса келін жан  
Бұдағы менің елім дер<sup>91</sup>, –

деп көпшілікке келіннің келгенін жария қылып, көрімдік сұрайды. Асыл бұйым байлаған таяқшасымен келіннің шәлісін андасанда бір көтеріп қойып, айнала қоршаған үлкен-кішіні таныстырады. Жас келін үлкендерді атағанда иіліп сәлем жасайды.

Жамандық жерде жата ма,  
Жақсыдан асыл аса ма?

---

<sup>90</sup> Қазақ халық әдебиеті. – А., 1990.

<sup>91</sup> Шалғын. 1981. № 2. 95-бет.



Еңкейіп сәлем етсеңіз,  
Тәрде отырған атаңа<sup>92</sup>.

Осылайша, әркімді өз орынан қарай таныстырады. Бұл кезде әзіл-қалжың араластырып, көпшілікті күлдіріп-көңілдендіріп отырады. Мұнан кейін жас келінге ақыл-кеңес айтылады:

Шайпау болма, шайпауыз,  
Шала тілді еркедей.  
Айтқан сөзің дәмі жоқ,  
Ас болмайтын желкедей.  
Тұрмасын сыртың жалтырап,  
Сыры өшкен айнадай.  
Сүйрендемей тыныш жүр,  
Бірді-бірге жанымай.  
Жол аяқ болма желеген,  
Үйден-үйге аралай.  
Сөз тыңдама әр үйден  
Босағаны жағалай<sup>93</sup>.

Жас түскен келіннің үй ішіндегі жүріс-тұрысынан бастап, ағайын арасы, көп алдындағы міндеттеріне дейін айтылады. Өтірік-өсектен, еріншек-жалқаулық сияқты жаман әдеттерден аулақ жүріп, үлкенге ізетті, кішіге қамқор болып, елге қадірлі жақсы келін атануының шарттары көрсетіледі, жайдары мінез, үлгілі келін болуға баса назар аударады. Беташар өлеңдері – күні бүгінге дейін өзінің мән-маңызын жоймаған үйлену салт өлеңдерінің бір түрі.

## Некеқияр

Некеқияр – үйлену ғұрып фольклоры жанрының бір түрі. Ислам дінінің шариғатына сәйкес үйленетін, екі адамның некесін молла қиюы керек. Ол үшін молла дұға оқып, екі жас неке суын ішуі керек және екі адам куәгер болады. Некеқияр жайында

---

<sup>92</sup> Сонда. 97-бет.

<sup>93</sup> Сонда. 99-бет.

алғаш пікір айтқан А. Байтұрсынов: «Некеқияр сөз деп неке қияр кезде екі арада жүретін екі куәнің – күйеу мен қыздың ырзалығын сұраған уақытта айтатын сөздерін айтамыз. Бұл әнмен айтылмайды. Бірақ өлеңде ұйқасқан, дәйім бір қалыпта айтылады»<sup>94</sup> деп жазады. Төмендегі өлеңді мысалға келтіреді.

Куә-куә-куәдүрміз,  
Куәлікке жүрәдүрміз.  
Мұнда халық қасында  
Таңда хақ қасында  
Екі кісі хаққа куәлік берәдүрміз.

Күйеу мен қыздан алынатын сұрақ-жауап қара сөз түрінде айтылады. Соған қарамастан үйлену ғұрпына байланысты жоғарыдағы өлеңнің сақталып қалуына қарағанда неке қию рәсімі кезінде айтылуы әбден мүмкін.

## Мұң-шер өлеңдері

Қайтыс болған адамды естіртіп, көңіл айту, жоқтау айтып, аза тұту халықтың тұрмыс-салтынан бағзы замандардан бері орын алып келе жатқан жөн-жоралғылардың қатарына жатады. Сондықтан мұң-шер өлеңдері көбіне қаза қайғысына, ел басына түскен қасіретті ауыртпалық жайында болып келеді. Олар: қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау, көрісу. Бұл топтағы өлеңдердің қай-қайсысы болса да жеке адамдардан бастап бүкіл әулеттің, тіпті, бір халықтың мұң-наласын, жабырқаңқы көңіл-сезімін білдіреді.

Қоштасу өлеңдерін елінен, жерінен, туған-туысынан айырылған адамдардың ішкі жан күйзелісін, күйік-құсасын танытады<sup>95</sup>. Мәселен:

...Боранда малым ықпаған,  
Үйімде дауыл жықпаған.

<sup>94</sup> Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 253-б.

<sup>95</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1960. 1-т. 1-к. – 124-бет.

Шоғыр бір жусан изендім,  
Сенен де кетіп күйзелдім.  
Байлаулы атқа пішенім,  
Матаулы атқа кісенім.  
Ат арқандар қазығым.  
Кетейін деп кетпедім,  
Жаудан болды жазығың...  
Қош, есен бол, туған жер,  
Кіндік, кірім жуған жер<sup>96</sup>.

Кейде қоштасу өлеңі ауру адамның жарық дүниеден өтер алдындағы ақтық өсиет, мұң-шері түрінде айтылады. Өзінің ағайын-туыстары, үй-ішімен қоштасып арыздасады.

Жылама енді, сен де бекер,  
Біржанға уақыт жетті алыс кетер.  
Артымда жастай қалған құлындарым,  
Тірлікте әлі-ақ бір күн өсіп жетер<sup>97</sup>, –

дейтін Біржан салдың өлеңі осындай жағдайда айтылған. Қоштасу өлеңі эпикалық жырларда да мол ұшырасады. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Ай мен Таңсықтың «Балталы, Бағаналы ел аман бол» деп басталатын қоштасуы адам көңілін тебіренерліктей әсерлі.

## Арыздасу

Арыздасу – мұң-шер өлеңдері жанрлық түрінің бірі. Отбасы ғұрып фольклорын зерттеген ғалым К. Исләмжанұлы адамның дүниеден өтуіне орай атқарылатын жосын-жоралғыларға байланысты туған өлеңдерді «азалау фольклоры» деп атап, оны ішкі жанрлық түрлеріне қарай: арыздасу, естірту, көңіл айту, жоқтау деп жіктейді<sup>98</sup>.

Жасы келіп қартайған немесе аурудан жазылмай фәниден өтерін білген адамдар ағайын-туыс, бала-шағаларын шақырып

<sup>96</sup> Сейфуллин. С. Шығармалар. – А., 1964. VI т. – 132-бет.

<sup>97</sup> Қожағұлұлы Е. Өлеңдер. – А., 1996. – 105-бет.

<sup>98</sup> Исләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы, 2007. – 171-бет.

ең соңғы сөзін айтады. Мұны арыздасу не бақылдасу деп атаған. Арыздасқан адам артындағы ұрпақтарына не істеу керектігін тілек-аманат етеді. Арыздасу көбіне өлеңмен емес, қара сөзбен айтылады. Арыздасқан адам ойға алған өтінішін жеткізеді. Сүйекке кімдер түсуі, қай жерге жерлеу, тіпті, жаназасын кім шығару сияқты атқарылатын жөн-жосықтарды өсиет етеді. Арыздасып қалған ағайын болса кешу сұрап, ынтымақты сақтауды аманаттап қоштасады.

Кейде суырып салып айтатын төкпе ақындар арыздасуды өлеңмен айтатын болған. Аурудан халі нашарлап әл үстінде жатқан Кемпірбайға көңілін сұрау үшін Әсет арнайы келгенін айтады. Сонда Кемпірбай домбырасын сұрап алып Әсетпен өлең арқылы қоштасады. Көкала үйрек – ақындықтың ұшып кеткенін, бұл өнердің баласына қонбайтынын айтып, өзінің фәниден кетер уақытының жеткенін сыр етіп ашады. Әсеттің келгенінен разы болып бақулдасады.

## Естірту, көңіл айту

Халықтың салтында елдің, не жеке адамның басына түскен ауыр қайғы, қаралы қазаны естірту үшін, ауыл басшысы, үлкен адамдары жиналып салт-дәстүрге сәйкес тұспалдай отырып естіртетін болған. Үмбетей жырау Бөгенбайдың қазасын Абылайға естірткенде Бөгенбайдың жауға қарсы көрсеткен батырлық ерлік жақсы қасиеттерін айта келіп былайша естіртеді:

...Ей, Абылай, Абылай,  
Сөзімді тыңда тағыда-ай.  
Өзіңнен біраз жасы үлкен,  
Домпеш таудай басы үлкен.  
Жаныңда болған сырласың,  
Үлкен де болса құрдасың.  
Сексеннен аса бергенде,  
Қайырылмас қаза келгенде,  
Батырың өтті Бөгенбай<sup>99</sup>.

---

<sup>99</sup> Абылайхан. – А., 1993. – 63-б.

Кейде алыста жүрген жақыны қайтыс болған адамға оның қазасын естірту үлкен адамгершілік міндет болған. Мұндай жағдайды орындау ауылдың сыйлы, сөзге тапқыр адамдарына жүктелген. Қайтыс болған адамның қазасын бірден тіке айтпай, әуелі өлім, өмір туралы толғап, тыңдаушының назарын аударады, ой салады.

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,  
Қияғы бүтін сұңқар жоқ.  
Өтпейтұғын өмір жоқ,  
Сынбайтұғын темір жоқ.  
Өзгермейтін заман жоқ,  
Мың жасайтын адам жоқ.  
Қартаймайтын жас болмас.  
Ағармайтын шаш болмас.  
Әке мың жасайды,  
Ұрпақ мың жасайды.  
Ата өліп бала қалса –  
Мұрат болар.  
Бала өліп, әке қалса –  
Ұят болар, –

деп тақпақтағанда тыңдаушы басына қайғы түскенін бірден аңғарады.

Осылайша қайтыс болған адамның қазасын естірткеннен кейін жұбату айтылады. Жаны жаралы болып отырған адамның қайғысын жеңілтетуге ортақтасады. Қаз дауысты Қазыбектің Әлімжан деген баласы қайтыс болғанда бір топ жолдасымен келген Төле би:

О, Қаз дауысты Қазыбегім,  
Кім білген бұл ғұмырдың азы-көбін.  
Қылыштың сабы кетіп, қабы қалды  
Бедеудің жаны кетіп, жалы қалды.  
Батырдың ары кетіп, малы қалды.  
Халықтың нәрі кетіп, сәні қалды.  
Уа, Қазыбегім, нар көтермес жұмыс болды,  
Өзі беріп ұлынды, өзі алды,  
Бұл пенде бір аллаға не қылады?<sup>100</sup> –

деп жұбату айтады.

---

<sup>100</sup> Шешендік шиырлары. – А., 1993. – 58-б.

Жұбату өлеңінде «болмасқа болаттай берік болып, тірі адам тірлігін істеу керектігін» ескертіп, сабырлық сақтауға шақырады. Қаралы адамның қайғысына ортақтасып, көңіліне жұбаныш, демеу боларлық сөздер айтылады. Мұндай жетелі сөз көңілді сергітеді. Қайғыны жеңіп, еңсесін тік ұстауға әсер етеді.

## Жоқтау

Жоқтау – халық әдебиетінің ең ескі түрі. Мұндай өлең үй-ішінде, қауым ортасында ардақты болған игі адамдардың дүниеден көшкеніне өкініп, оларды еске түсіру ретінде айтылған. Жоқтау – Орхон жазуларының түбегейлі аялғысы. Оның ең бір жарқын түрін біз Күлтегін жазуынан көреміз<sup>101</sup>. Ал XI ғасырда Махмұт Қашқари өзінің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде түркілердің батыр қолбасшысы болған Тұңға алып ер дүниеден өткенде айтылған жоқтаудан үзінді келтіреді. Бұларға қарағанда жоқтау өлең шығарудың тамыры тереңде екені даусыз.

Қайтыс болған адамды жоқтау – халықтық сан ғасырдан бері сақталып келе жатқан салты. Демек, жоқтау көне салт-ғұрыпқа байланысты туған мұң-шер өлеңдерінің бір түрі. Жоқтау адам қайтыс болған соң шығарылады. Жоқтауды қайтыс болған адамның жақындары айтады. Өлген адамның асы берілгенше, бір жыл бойы айтатын болған.

Мәселен: «Өленнің қызы Сайрашты жоқтауында» қапыда қызынан айырылған адамның жан күйігі анық аңғарылады. Көктей солған жасты мезгілсіз үзілген үмітіне балайды. Жалғызынан айырылып аңырап қалған ананың мұң-шері соншама аянышты.

Сайрашым, менің Сайрашым,  
Сағындым қызым қайдасың?  
Шақырсам даусым жетер ме?  
Алыста шырқау айдасың.  
Деуші едім, айдай толықсып,  
Басыңнан бағың таймасын.  
Тілегім қабыл болмасты,

---

<sup>101</sup> Марғұлан Ө. Ежелгі жыр, аңыздар. – А., 1985. – 123-б.

Асырды тағдыр айласын.  
Кешігіп туған шолпаным,  
Көрмедің тірлік пайдасын.  
Ғұмырың қысқа болғаны-ай,  
Сайрашым, қайран айнашым<sup>102</sup>, –

деп көңілдегі қайғы-зарын білдіреді. Қызының жас кезіндегі қылықтарын есіне алып, енді көз алдында тек елес боп қалғаны орны толмас өкініш екенін айта келіп:

Түнеріп тағы түн келер,  
Алаулап алда күн келер.  
Қуаныш, мерей өзіндей  
Жалғызым бізге кім берер?<sup>103</sup> –

деп аһ ұрады. Ақыры тағдырдың салған ісіне істер амал жоқ екенін мойындап, «торқа болсын топырағын» деп білдіреді.

Сөйтіп, жоқтауда қайтыс болған адамның жақсы істері сипатталады. Егер ел қорғау жолында мерт болған адам жайындағы жоқтауларда оның халқы, елі үшін көрсеткен ерлік-қаһармандығын, басқа белгілі адамдар туралы жоқтауда жағымды мінез-құлқы, тірліктегі өнегелі іс-әрекеттерін мадақтаған. Шоқанды жоқтауда алдымен оның ата-тегінен қысқаша хабардар етеді. Онан кейін «ақ көңіл, ашық, ақылға кемеңгер» азамат екенін ардақ тұта жоқтаған:

...Дүние шіркін жалған-ай,  
Кемеңгерді алғаны-ай!  
Боз інгендей боздатып  
Басыма қайғы салғаны-ай!<sup>104</sup> –

деп өкінеді.

Жоқтау өлеңдері негізгі мотив-сарындары, сөз бейнелілігі жағынан өзара үндес болып келгенімен, айтар ой, ішкі мазмұн жағынан әр түрлі болады. Жоқтауды белгілі ақындар да шығарған. Айтулы ақын Жамбылдың 1943 жылы соғыста қайтыс болған ба-

---

<sup>102</sup> Мұра. – 1994. – № 4. – 57-б.

<sup>103</sup> Сонда. 51-бет.

<sup>104</sup> Боздағым. – А., 1990. – 51-бет.

ласы Алғадайды жоқтауы да осы топтағы шығармалардың тамаша үлгісіне жатады. Ақын өмірден ерте кеткен ұлының қазасына қайғырады.

Алатауды айналсам,  
Алғадайды табам ба?  
Сарыарқаны сандалсам,  
Саңлағымды табам ба?  
Өлім деген у екен,  
Мендей кәріп адамға.  
Күнде үйімде күңіренем,  
Көзіме жас алам да<sup>105</sup>, –

деп келетін жоқтаудан жаны жаралы жанның ішкі сыр-сезімі көрініс тапса, екінші жағынан «баланы жетім, ананы жесір еткен» ел басындағы ауыртпалық та айқын аңғарылады.

Жоқтау – қазақта ғана емес, сонау Африкадағы негрлердің де, Еуропадағы немістер мен француздардың да, болгарлар мен сербтердің де, чехтар мен гректердің де, литвалықтар мен латыштардың да өмірінде бар. Бұл түркі тілдес – қазақ, қырғыз, өзбек, түркмен, татар, алтай, қарашай халықтарының да ескі көне өмірінен бері өшпей келе жатқан жанды дәстүр<sup>106</sup>. Жоқтау зарлы, мұнды саз-әуенмен айтылады.

Тұтастай алғанда, тұрмыс-салт жырларының ұжымдық және синкреттік сипаты басым. Өйткені бәдік пен жар-жарды көпшілік болып айтады. Егер бәдікті көпшілік болып айтпаса, ауру күшейеді деп ұққан. Сондай-ақ жар-жарды да топ адам екіге бөлініп, белгілі бір әуенмен орындайды. Тұрмыс-салт жырларының кейбірі салтқа тікелей қатысты болса, кейбіреулері жанамалай қатысты болады. Мәселен, сыңсу – салтқа жанамалай қатысты өлең. Өйткені қазір сыңсу айтылмайды. Айтыла қалса, салтты орындау үшін ғана айтылуы мүмкін. Ал наным-сенімге байланысты өлеңдердің текстері (мәтіндері) көбіне тұрақты болып, салтпен байланысты орындалады.

---

<sup>105</sup> Сонда. 262-бет.

<sup>106</sup> Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – А., 1983. – 76-бет.



## Лирикалық өлеңдер

Лирикалық өлеңдер – қазақ халық өлеңдерінің табиғаты өзгеше түрі. Өйткені өмір-тіршіліктің сан саласын кеңінен қамтитын лирикалық өлеңдер салтқа тікелей қатысты емес, оны кез келген уақытта орындай беруге болады. Тұрмыс-салт өлеңдерінде халықтың әдет-ғұрып, салт көріністері басым болса, ал лирикалық өлеңдердің негізгі сипаты басқаша. Бұл топтағы өлеңдерде халықтың арман-аңсар, көңіл-күйін суреттеу басым. Лирикалық өлеңдерде халық өмірінің сан саласы қамтылады. Жас адамның сезім сыры да, ел басына түскен ауыртпалық та, әлеуметтік үлкен оқиғалар да лирикалық өлеңдерден көрініс табады. Қазақтың халық лирикасы үшке бөлінеді. Олар: қара өлең, ән өлең, тарихи өлең<sup>107</sup>.

### Қара өлең

Екіншісі бірі айта беретін, көпшілікке етене жақын өлең түрінің бірі – қара өлең. Халық лирикасының бұл түріне алғаш рет атау қойып, пікір айтқан адам – Ш. Уәлиханов. Ол: «Қара өлең әдеттегі үйреншікті өлең, бұл өлең төрт жолдан құралған жеке шумақ. Әр шумақта жеке-жеке ой жатады. Сондай-ақ бұл өлең дауысқа негізделеді»<sup>108</sup> деп сипаттама береді. Бұдан өлеңнің басты-басты бірнеше жанрлық ерекшелігін байқауға болады.

Жел сокса ұзын ағаш ырғалады,  
Біреуден бірі көріп үлгі алады.  
Барында оралыңның күліп-ойна,  
Опасыз сұм жалғаннан кім қалады,<sup>109</sup> –

деген жолдар төрт тармақты, он бір буынды қара өлең. Қара өлең туралы ілгерінді-кейінді пікір айтқан ғалымдардың айтуына қарағанда, қара өлең қайырма қосу арқылы ән әуенімен орындалады. Мұны да оның бір ерекшелігі деп білуіміз керек.

<sup>107</sup> Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – А., 1974. – 232-б.

<sup>108</sup> Валиханов Ч. Собр. сочинений Т.І. – А., 1961. – С. 199.

<sup>109</sup> Сейдімбеков А. Мың бір маржан. – А., 1989. – 145-б.

Лирикалық өлеңдерді арнайы зерттеген ғалымдар – Б. Уахатов пен А. Сейдімбеков оның табиғатына тән бірнеше түрлі белгісін атап көрсетеді. Сонымен, қара өлең он бір буынды, төрт тармақты болып келеді. Төрт тармақ өлең **а-а-б-а** түрінде ұйқасады. Қара өлеңнің тақырып аясы кең болғанымен, әр шумақта бір ғана ой (идея) айтылады. Әр шумақтың алғашқы екі жолындағы ой өлеңнің үшінші және төртінші жолындағы айтылар түйін идеяға қызмет етіп отырады. Қара өлең әуенмен айтылады. Оны әр өлеңнің ырғақ ерекшеліктеріне бейімдеп айта беруге болады. Бірақ ұйқасатын бунақ тұрақты болады. Қара өлеңді әнге салып айту барысында міндетті түрде қайырма қоса айтылады. Сондай-ақ қара өлең тыңнан туындап, үнемі толығып отырады.

Қара өлеңнің ойын-сауық бас қосуларда айтылатын үлгілері көп. Мысалы: «Ата өлеңі», «Тау өлеңі», «Су өлеңі», «Амандасу», «Шай өлеңі», «Ет өлеңі», «Балық өлеңі», т.б. Белгілі бір себептермен бас қосқан жастар өздерінің көңіл күйлерін білдіріп, әуелі өлеңмен амандасады. «Амандасу» өлеңі былай болып келеді:

Ақшоқы біздің ауыл бауырында,  
Көктемнің қой ықтамас жауынына.  
Көп болды көрмегелі құрбым сені,  
Жүрсің бе аман-есен ауылыңда?

Немесе:

Әріптес алдыменен ән бастадың,  
Сұрасып амандықты дәл бастадың.  
Көп айдың көрмегелі жүзі болса,  
Дін аман ауыл-аймақ мал бастарым<sup>110</sup>, –

деп жауап қайтарады. Осылай жауап тосу түрінде әнге сала айтылатын өлең біртіндеп жөн сұрасуға ұласады.

Қолымда бір қамшым бар күмістеген,  
Ұмытар ойын-тойды күліспеген.  
Айта отыр, ата, өлең танысалық,  
Танымас бірін-бірі біліспеген, –

деген сөзіне мынадай жауап беріледі:

---

<sup>110</sup> Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер. – Үрімші. 1991. – 42-б.

Сұрасаң атам қазақ, түбі түрік,  
Мойнына шу асаудың салған құрық.  
Дағдысын ел-жұртымның ардақтаймын,  
Ежелгі ата-баба салтын құрып.

Бұл – ата өлеңі. Бұдан кейін де өлең айту әртүрлі тақырыпта жалғаса береді. Тау өлеңіне бір мысал:

Ашады жаңбыр жауса дала гүлін,  
Бармай ма қыз бойжетсе бала ұрын.  
Ежелгі атамыздың қонысы екен  
Алатау, Тяньшан мен Қаракұрым<sup>111</sup> –

десе, енді бірде су өлеңіне кезек беріл еді.

Ащылы, Бәйгебұлақ өзенім-ай,  
Сөйлеуге қызыл тілді безедім-ай.  
Қалайық құт мекенде ойнап-күліп,  
Дүние қайта айналмас кезегің-ай.

Ең соңында бірін-бірі қимаған жастар ішкі ой-сезімдерін білдіріп, қоштасу өлеңін айтады:

Келемін зеріккеннен әнге салып,  
Күндерге өтіп жатқан қайран қалып.  
Кеткенде ауыл шалғай, ей, қалқатай,  
Мені ұмытпай жүргейсіз есіңе алып<sup>112</sup>.

Сауық-сайран үстінде кезектесіп айтылатын қара өлеңдердің айтысқа ұқсайтын сипаты болғанымен, нағыз төкпе ақындар айтысынан басқаша. Табан тірескен айтыс түрінде емес, әннің кезегі, кәденің орайы түрінде айтылып, әркім өзінің қабілет-шалымын, жөн-жобасын жеткізе айтуды мұрат тұтады<sup>113</sup>.

---

<sup>111</sup> Сонда. 58-бет.

<sup>112</sup> Сонда. 353-бет.

<sup>113</sup> Сейдімбеков А. Мың бір маржан. А., 1989. 37-бет.

## Тарихи өлең

Тарихи өлеңдерге қалың бұқара халықтың басынан өткен, тарихи әлеуметтік зор мәні бар әр заман оқиғаларын бейнелейтін өлеңдер кіреді<sup>114</sup>.

Олай болса қалың қауымның басынан қандай елеулі оқиғалар өтті? Арғыны қойғанда XVIII ғасырда болған жоңғарлардың жойқын жорығы, талай рет қазақ еліне шабуыл жасап, қанға бөктірген Қоқан, Хиуа хандықтарының озбырлық әрекеттері, ел басына ауырлық әкелген ақсүйек жұт, 1916 жылғы көтеріліс сияқты оқиғалар – тарихи өлеңнің негізгі арқауы. Демек тарихи өлеңдер әр кездегі нақтылы оқиғаларға байланысты туады және халықтың арман-аңсарын жинақтап көрсетуге басым болады.

Халық басына түскен қасіретті бейнелейтін бүкіл елдің зарлы ән ұранындай болып кеткен тарихи өлеңнің бірі – «Қаратаудың басынан көш келеді».

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Ел-жұртынан айрылған жаман екен,  
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді<sup>115</sup>, –

деп басталатын өлең әйгілі «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» атты қанды қырғынның ескерткіш белгісіндей күні бүгінге дейін ел есінде сақталып келеді. Ата қонысынан ауып жан-жаққа босып кеткен ел өмірінің шынайы шындығы нанымды суреттеледі.

Мына заман, қай заман, қысқан заман,  
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман, –

деген жолдар да аш-жалаңаш тентіреген халықтың мұң-зары. Қазақ халқының басынан өткен қайғылы кезең ақиқатын арқау еткен өлеңнің бірі ақтабан шұбырынды кезінде ананың баласын жұбатып айтқан өлеңі.

---

<sup>114</sup> Қазақтың тарихи жырларының мәселелері. – А., 1979. – 64-бет.

<sup>115</sup> Сонда.

Бұрынғыдай жайың бар ма,  
Мінетұғын тайың бар ма?  
Жылағанда дайын тұрған  
Қарындағы майың бар ма?  
Үй артында желің бар ма,  
Шұрқырасып, маңыраған,  
Шулап жатқан төлің бар ма?<sup>116</sup>

Бұл да бастарынан бағы тайған қиын заман шындығын елестеткендей.

Қазақ елінің шырқын бұзып, астамшылық жасаған елдердің қатарында Қоқан, Хиуа хандықтары да бар. Самарқан, Түркістан, т.б. аймақтарын бағындыруды мақсат еткен қоқандықтардың озбырлығы да оңайға түспейді. Белгілі адамдарды өлтіріп, талай рет озбырлық көрсетеді. Осы шындықты бейнелейтін өлеңде:

Бұлай барсаң Қоқан бар,  
Қоқандаған әкең бар.  
Бұлай барсаң қалмақ бар  
Күшінді ептеп алмақ бар.  
Былай барсаң орыс бар  
Балаң берсең қоныс бар<sup>117</sup>, –

делінген.

Қоқан, Хиуа хандықтары жайындағы тарихи өлеңдерде олардың халыққа көрсеткен содырлық-астамшылықтары соншама шындықпен көрініс тапқан. Мұндай өлеңдердің қатарына «Қоқан ханына Жанкісі жыраудың айтқаны» дейтін өлеңді атауға болады. Сондай-ақ қоқандықтар мен орыс әскерлерінің арасындағы қақтығысты бейнелейтін тарихи өлеңнің бірі – «Ақмешітті алғанда айтылған өлең». Бұл өлеңде орыстардың Ақмешітті (Қызылорда) қоқандықтардан қалай алғанын айта келіп, Қоқан хандығы секілді басқыншы жаулардан құтылғанына қуанады.

Есітіп бұл хабарды ел қуанды,  
Көңілінде қайраты бар ер қуанды,<sup>118</sup> –

---

<sup>116</sup> Сонда. 42-бет.

<sup>117</sup> Сонда. 45-46-бет.

<sup>118</sup> Сонда. 75-бет.

деп хабарлайды. Бір жағынан, жаудан құтылғанын халықтың көтеріңкі көңіл күйін байқасақ, екінші жағынан патша әскерлерінің Ақмешітті алғанына да хабардар боламыз.

Тарихи өлеңдердің тақырыбы алуан түрлі болып келеді. Енді бірде патша үкіметінің отарлауы нәтижесінде ата мекенінен ауып, күйзелген халықтың қайғы-мұңы көрінеді.

Аяғы Бұлдыртының тұзды көлді  
Қоныстан күдерімді үздім енді.  
Патшаның жарлығына көнбеген соң,  
Тентек деп патша куды біздің елді<sup>119</sup>.

Көшпелі ел болып, мал шаруашылығын кәсіп еткен халыққа анда-санда соғып өтетін ақсүйек жұт та аз апат әкелмеген. Қыс қатты болған жылдары мал қырылып, үлкен шығынға ұшырады. Осының салдарынан халық ашаршылыққа ұшырап, өлім-жітімге душар болған. Халық өміріндегі мұндай ашаршылық та шағын тарихи өлеңдерден көрініс тауып отырған. Мәселен, «Қазақ қайғысы», «Аштыққа халық қамалды» секілді өлеңдер осындай жағдайға байланысты туған.

Аштыққа халық қамалды,  
Таба алмады амалды.  
Үш ұйықтаса ойда жоқ  
Көрдік сондай заманды<sup>120</sup>.

Ел өмірінде болған мұндай қайғылы жағдайлар ілгерінді-кейінді туған тарихи өлеңдердің арқауы болып отырған.

1883 жылы ел арасынан Ыбырай Алтынсарин жинап, жазып алған тарихи өлеңдер топтамасы «Қазақ мұңы» деп аталады. Бұл өлеңдер шоғырында жұтқа ұшырап, аштықтың азабын тартқан халық өмірінің шындығы нақтылы көрініс тапқан.

Аштықтан ақырында тарттық азап,  
(Болмай ма ақша тапсаң сорлы қазақ).  
Үзіп-жұлып жуа теріп, соны жедік  
Сахараға бейне малша кеттік тарап,<sup>121</sup> –

---

<sup>119</sup> Сонда. 77-бет.

<sup>120</sup> Сонда. 80-бет.

<sup>121</sup> Қазақ мұңы // Қазақ елі. – 1995. – 18 мамыр.

деп өлмеудің қамын ойлап, қаңғырып кеткен халықтың қиын тағдырын анық аңғартады.

«Халық мұңы» топтамасында қазақ даласын билеудегі патша өкіметінің саясатына халықтың көзқарасы, елде етек алған мансапқа талас, арызқойлық, сайлау кезіндегі келенсіздіктер де әрі қысқа, әрі нұсқа айтылған.

Бір орыс, бір қазақ қойды помощник деп,  
Олар да іс істей алмайды басып-көктеп.  
Жалғыз-ақ барар жерің уезнай,  
Алдынан қуалайды «пошел» кет деп!  
Күн қайда кететұғын сөзін кектеп...  
Бір ауыз тым болмаса тіл білмейсің.  
Өлді ғой біздің қазақ тәңтіректеп, –

деген жолдардан халықтың шарасыздық шағы аңғарылады.

1916 жылы патша өкіметінің он тоғыз бен отыз бір жас аралығындағы жігіттерді майданның қара жұмысына алу туралы жарлығы шығады. Патша өкіметінің отарлаушылық қысымына қарсы болған халық ұлт-азаттық көтеріліске шығады.

Осы оқиғаға байланысты тарихи өлеңдердің үлкен шоғыры туып, онда ашынған хылықтың ашу-ызасы суреттеледі. 1916 жылғы көтеріліске байланысты туған шығармаларды үлкен екі салаға бөліп бірін лирикалық өлеңдер, екіншісін толғау-дастандар деп топтастырылған<sup>122</sup>.

Сонымен, ілгерінді-кейінді халық басынан өткен оқиғаларға байланысты туған шағын тарихи өлеңдер көлемді сюжетті оқиғаларды қамтымайды. Нақтылы тарихи оқиғаны арқау етіп, халықтың жан-сезім, көңіл-күйін жинақтап көрсету басым.

## Ән өлеңдер

Лирикалық өлеңдерге (ән өлеңдерге) бір иә бірнеше адамның ой-сезімін, қайғы-қуанышын білдіретін музыкалық өлеңдер жатады<sup>123</sup>. Ән өлеңдерде адам өзінің ішкі сезімін, жан сырын

<sup>122</sup> Сонда. 274-бет.

<sup>123</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1960, 1-т. 1-к. – 129-бет.

салт өлеңдерге қарағанда әлде қайда еркін, кеңірек білдіреді. Лирикалық өлеңдер белгілі әнмен қосылып орындалатын, әуезді-сазды болып келеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы – халықтың лирикалық поэзиясының даму жолындағы жемісті кезең. Бұрыннан айтылып келе жатқан халық лирикасын атақты сал серілердің әндері толықтырып байыта түскен, халық ән-өлеңдерді сүйіп тындап, бірден-бірге жеткізіп отырған. Мал қамымен оқшау отырған елдің бір үйінде ән айтылса, не домбыраның қоңыр үні шықса, ешкім де бей-жай қалмаған. Қайта зеріккен халық құштарлана тындап, жандары жай тапқан, уақыттың рухани-эстетикалық сұранымы осыны қажет еткен. Халық арасына кеңінен тарап, үнемі айтылып жүретін ән өлеңдер көп. «Аққұм», «Ақбақай», «Жиырма бес», «Назқоңыр», «Баянауыл», «Шапибай-ау», «Қарға», «Жеңеше», «Сары бидай», т.б. Бұл ән-өлеңдерде көбіне жас адамдардың арасындағы іңкәрлік суреттеледі.

Баянауыл басынан бұлт кетпес,  
Қияндағы түлкіге құсым жетпес.  
Ақбоз үйдің сыртынан шығарып сап,  
Қош, ағатай, дегенің естен кетпес.  
Баянауыл басында балалы құр,  
Бір сөз айтам, қалқатай, мойныңды бұр.  
Ауылымның тұсынан аттанғанда  
Ақбоз үйге сүйеніп қара да тұр<sup>124</sup>, –

дейтін жолдардан екі жастың арасындағы сүйіспеншілік пен қи-мастық, екінші жағынан, наз-тілегі байқалады. Лирикалық өлеңдерге халық өмірінің сан-саласы арқау болады. Жеке адамның көңіл-күйінен бастап, әлеуметтік үлкен оқиғаларға дейін қамтылады.

## Мақал-мәтелдер

Мақал-мәтел – халық әдебиетінің ең байырғы жанрының бірі. Мақал-мәтел кез келген халықтың өмірдің сан түрлі құбылыстарына, көріп-білгеніне жасаған ой-тұжырымы іспетті. Сондықтан

---

<sup>124</sup> Ауыл кеші көңілді. – А., 1991. 15-бет.



мақал-мәтелдерде көп сөзді шұбалаңқылық болмайды. «Мақал үлкен толғау образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді. Ол адам өмірінде, тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады»<sup>125</sup>. Мысалы, «Ашу – дұшпан, ақыл – дос», «Ақыл азбайды, білім тозбайды», «Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады», «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті», «Бірлік болмай, тірлік болмас», т.б. Мақал-мәтелдерде айтылған түйін әрі қысқа, әрі нұсқа болғандықтан, аз сөзге көп мағына сиғызады. Мақал-мәтелдің мазмұны терең, мағынасы өткір болып айтылар ойды ажарлап ұштай түседі. Ондағы айтылған тұжырым-түйінге ешкім күмән келтірмейді, өйткені мақал-мәтелдер халықтың өзі жасаған ереже заңы, қағидасы іспетті.

Мақал-мәтел көрегендік, сезгіштіктен, түйіндеуге шеберлікпен, келістіріп, мәнерлеп айтқыштықтан туады. Қилы-қилы өмір құбылыстарына бойлап, оның сыр-сипатын көңілге бірден ұялайтын көркем бейне, теңеу тауып ықшамды, тұжырымды етіп суреттеу мақал-мәтелдердің ең бір басты қасиеті<sup>126</sup>.

Мақал-мәтелдердің тура және астарлы мағынасы болады. Бірінде айтайын деген ой ашық-айқын болып келеді. Мәселен, «Жері байдың – елі бай», «Талап – талмас қанат». Ал екінші бірінде, ой жанама астармен білдіріледі. «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме», «Шабан үйрек бұрын ұшар» дегенде тек ат пен үйрек туралы ғана емес, ауыспалы астармен айтылған ой да бар.

Мақал мен мәтел мағына-мазмұн жағынан бір-біріне жақын бола тұра айырмашылықтары да жоқ емес. Мәтел мақал сияқты толық сөйлем түрінде құрылмай, сөз тіркесі қалыптасқан, нақышты, орамды сөйлемше түрінде жасалады. Мәтелде айтылатын ойдың ізі, тұспалы ғана болады, ол ой мәтел сөз орайына келтіріліп, сөз қосылып айтылғанда ғана толысып, жетіліп тұрады<sup>127</sup>. Мысалы: «Көңіл қалмас, көйлек жыртпас», «Ат қойып, айдар тағып», «Көппен көрген ұлы той», т.б. Демек, мәтел

---

<sup>125</sup> Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – А., 1958. – 70-бет.

<sup>126</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1960. 1-т. 1-к. – 193-бет.

<sup>127</sup> Сонда. 193-бет.

айтылмақ ойды турасынан емес, тұспалды түрде жеткізеді. Тиянақты тұжырымы да болмайды.

Мақал-мәтелдерді құрылысына қарай қара сөзді, өлең сөзді деп екі топқа бөледі. Сөйлемдері бірыңғай көркем сөзден құралса, қара сөзді мақал деп аталады. Мысалы: «Сезікті секіреді», «Көпке топырақ шашпа», «Жылқы – малдың патшасы», т.б. мақал-мәтелдердің құрамындағы әр сөздің дәлділік-мәнділігіне, үйлесіп-үндесуіне ерекше мән беріледі. Белгілі бір өлшем, ырғақ-саз сақталады.

Мақал-мәтелдердің көпшілігі ұйқасқа құрылады. Мәселен: «Бөлінгенді бөрі жейді, жарылғанды жау алады», «Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады». Ұйқасқа құрылған екі тармақты мақалдың бірінде айтылар ойдың шарты, екіншісінде түйін-тұжырым беріледі. «Күлме досыңа, келер басыңа», «Ауруда шаншу жаман, сөзде қанқу жаман», «Тізерленіп тірі жүргенше, тік тұрып өл», т.б. Сонымен, мақал-мәтелдер құрылысына қарай қос тармақты, үш тармақты, төрт тармақты, көп тармақты болады.

#### **Қос тармақты:**

Ақыл – тозбайтын тон,  
Білім – таусылмайтын кен.

#### **Үш тармақты:**

Ағайын жоғын қарас,  
Табылса жоғына жақсы,  
Табылмаса көңілге жақсы.

#### **Төрт тармақты:**

Он екі мүшең сау болса,  
Сәулет емей немене?  
Он саусағың сау болса,  
Дәулет емей немене?

#### **Көп тармақты:**

Ақылы асқан жақсыны,  
Алысым деп ойлама.  
Ақылы жоқ жаманды,  
Жақыным деп ойлама.

Бір сынаған жаманды  
Екінші қайтып қинама.

Мақал-мәтел аз сөзбен көп мағына беретін тақпақ-терме, өлең-жыр түрінде айтылады және жеті-сегіз буынды, кейде алты, төрт буынды өлең өлшемімен келеді. Мақал-мәтелдегі ұйқас тек тармақтың аяғында ғана емес, ортасында, басында да көп қолданылады. Сондай-ақ мақал-мәтелдерде дыбыс, буын, сөз қайталанып, үйлесе-үндесуі олардың ажарын ашып, әсерлілігін арттыра түседі. «Көңіл – қазы, көз – таразы», «Жақсы ат жанға серік, жақсы ит малға серік», «Ел – ырыстың орманы, ер – ырыстың қорғаны».

Мақал-мәтел өмір құбылыстарының барлық саласын қамтитын болғандықтан, оның тақырыбы да сан алуан болып келеді. Адамдардың күнделікті өмір тіршілігінен бастап, қоғамдық өмірдің алуан түрлі сыр болмысын бейнелейді. Адамгершілік, жақсы қасиеттерге үйретіп, жамандықтан жирендіреді.

Мақал-мәтелдердің басты тақырыбының бірі – Отан, туған жер, ерлік-елдік туралы: «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне», «Өз елің – алтын бесік», «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел ақтар», «Ерлік билікте емес, жүректе» дей отырып, елін, еркіндігін жоғары бағалаған. Ел үшін істер ерлікті үлгі-өнеге еткен.

Халық қашан да береке-бірлікке, достыққа ерекше мән берген. Сондықтан мақал-мәтелдердің бір шоғыры ынтымақты болуға үндейді. «Бірлік болмай, тірлік болмайды», «Ырыс алды – ынтымақ», «Досыңа достық іс, қарыз, достың сыры досқа парыз», «Айрылмастай досыңа қайрылмастай сөз айтпа», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Екі құзғын таласса, бір қарғаға жем болар», «Тозған қазды, топтанған қарға алады», «Бір жағадан бас шығар, бір жеңнен қол шығар», «Тозар елдің жанжалы бітпес, озар елдің арманы бітпес», т.б. деп келетін мақалдардан бірліксіз тірліктің қиын екенін аңдатады.

Көптеген мақал-мәтелдер еңбек-кәсіпке байланысты болып келеді. «Еңбек етсең емерсің», «Жердің сәні егін», «Кәсіп, кәсіп түбі – нәсіп», «Қырманға қарап қалмас», «Еңбектің наны тәтті,

жалқаудың жаны тәтті», «Шыдамды еңбек, алғыр ой, нағыз досың біліп қой», «Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болар», «Еңбегі бардың – өнбегі бар» деп еңбекті тіршіліктің тірегі ретінде бағалайды. Ұзақ уақыт күн көріс кәсібі мал шаруашылығы болған халықтың төрт түлікке байланысты мақал-мәтелдері де баршылық. «Тоғыз қабат торқадан, тоқтышағым терісі артық», «Қой шенді болмай, төлді болмайды», «Нар жолында жүк қалмас», «Жылқы малдың патшасы», «Ат шаппайды, бақ шабады, бақ шаппайды, бап шабады», «Малды баққанға бақтыр, отынды алғанға жақтыр», «Сиырдың сүті – тілінде», «Малды баға біл, бабын таба біл», «жайлауды жайлай білмеген, малды айдай білмейді» деп тұрмыстың түзелуі, молшылық болуы төрт түлікке де байланысты деп біледі.

Халық мақал-мәтелдері өнер-білімді де ерекше орынға қойған. «Өнерлі өрге жүзеді», «Өнерлінің өрісі ұзақ», «Білек сүріндіре алмағанды білім сүріндіреді», «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің түбі ғарып», «Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын», «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Оқысаң озарсың, оқымасаң тозарсың» деген мақалдарда оқу-ғылымды надандыққа карама-қарсы қоя отырып, өнер-білім, оқу-ғылымды тағылым етеді.

Тәлімгер халықтың мақал-мәтелдерінде сөз болмайтын өмір саласы жоқ. Бір алуан мақал-мәтелдер адам өміріне, адамдар арасындағы қарым-қатынас, от басы, жақсылық-жамандық, достық-қастық, қайырымдылық-адамгершілік, арман-мұрат тағы басқа әр түрлі құбылыстарға берілген түйін-тұжырым ретінде айтылады. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы жер – жанның тынысы», «Адамның күні адаммен», «Күншіл адам – міншіл», «Қудың жүзі жылмаң, жақындасаң сырдан», «Біреуге көр қазба, өзің түсесің», «Озбыр олжа деп өледі, күншіл күндеумен өледі», «Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс», «Көп түкірсе көл», «Бір елі ауызға екі елі қақпақ», «Әркімдікі өзіне, ай көрінер көзіне», «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ», «Қыз қылығымен сүйкімді, ұл әдебімен сүйкімді», «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан», «Жақсының өзі өлгенімен, сөзі өлмейді», «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар», «Аузы жаман елді былғар, аяғы жаман төрді былғар»,

«Сұмырай келсе су құрыр», «Өзі жығылып жатып, сүрінгенге күледі», «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат», «Аңдысқан ауыл болмас», «Қалған көңіл, шыққан жан», «Біреу жаныңа жолдас, біреу малыңа жолдас», «Иілген басты қылыш кеспес», «Арлы арына қараса, арсыз түбі қорлық», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Ұлық болсаң – кішік бол», «Елді қу бұзады, сүтті су бұзады», «Жақсы лепес – жарым ырыс», т.б. Бұл мақалдарда халық түсінігіне сәйкес келетін жақсы мінез-құлықты, әдет-ғұрыпты үлгі-әсиет етеді, жамандықтан сақтандырады.

Қазіргі кезде мақал-мәтелдерді классификациялаудың бірнеше түрі бар. Олар: алфавиттік классификациялау – алфавит тәртібімен орналастыру. Тірек сөздері немесе энциклопедиялық жүйелеу – тірек сөздері бойынша топтастыру. Монографиялық жүйелеу – жинаған уақыты мен орны бойынша топтастыру. Генетикалық классификация – тіл мен халықтар бойынша орналас-тыру. Тақырыптық жүйелеу – тақырыбы бойынша топтастыру.

Мақал-мәтелдерде айтар ойды әсерлі жеткізу үшін сан аулан көркемдеу құралдары (теңеу, эпитет, метафора, метонимия) қолданылады. Мысалы: «Жақсы жігіт – жағадағы құндыз, жақсы қыз – көктегі жұлдыз», «Болған іске болаттай берік бол», «Жаман тұқым егінді былғайды, жаман басшы елді бұлғайды», «Кітап – көзі жұмыққа арзан, көзі ашыққа маржан», т.б. Мұндай орын-ды қолданылған бейнелеу құралдары мақалдың ажарын ашып, ой өткірлігін арттырады. Халық жадында сандаған ғасырлар сақтаған мақал-мәтелдер өзгеріп, өңделіп, өткірлене түседі. Өмір тезіне шыдағандары ғана ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Мақал-мәтел халық әдебиетінің бірнеше жанрлық түрлерінде (ертегі, аңыз-әңгіме, жыр-дастан, халық өлеңдері, т.б.) ойға дәйекті дәлел, сөзге ажар-айшық ретінде қолданылады. Мақал-мәтелдерде үйлесім-ырғақ, ұйқас болғандықтан, құлаққа әсерлі естіліп, құрылысы ықшам, айтуға жеңіл, ұтымды ой түйіні болып келеді. Мақал-мәтел күллі өмір-тірліктің қалыптасқан қағидасындай көрінетін халық даналығы, шағын поэтикалық жанр.

## Жұмбақтар

Жұмбақ – халық әдебиетінің көне заманнан келе жатқан және күні бүгінге дейін дамуын тоқтатпаған жанрларының бірі. Жұмбақтардың о баста пайда болуына себепші болған құбылыс – табу. Табу әуел баста этнолингвистикалық ұғым ретінде полинезияның тонга тілінен тарағанымен, бұл күнде ол – әлем тілдерінің бәріне дерлік еніп үлгерген халықаралық термин<sup>128</sup>.

Ертеде әр түрлі наным-сенім негізінде қалыптасып, «тыйым» деген ұғымды білдіретін табу бұзылмауға тиісті болған. Өйткені алғашқы қауымдық құрылыс кезінде кейбір заттардың, құбылыстардың атын атауға болмайды деген ұғым болған, егер ол заттың, құбылыстың атын атасаң оған кесір келтіресің, не болмаса олар саған зиян келтіреді деп ұққан. Мәселен, қасқырға байланысты табуды айтуға болады. Қасқырдың атын тура атамай, «ит-құс», «бөрі», «қара құлақ», «ұлыма», т.б. деп атау қалыптасқан. Себебі тыйым бұзылып, қасқырдың аты аталса, ол малды шығындап кетеді деген сенім болған. Екінші жағынан тотемдік түсініктермен де байланысты екенін айту керек.

Сонымен, жұмбақ адамдардың түйсік-түсінігі төмен сатыда болған кезде айнала қоршаған табиғат құбылыстарын, жаратылыс сырын түсініп болмаған шақта шыққан. Сондықтан жұмбақ өзінің эволюциялық даму жолында бірнеше функция (қызмет) атқарған. Әу бастағы наным-сенім, магиямен байланысты қызметі басым болған. Әр түрлі халықтардың этнографиялық айғақтары бағзы дәуірлердің өлікті жерлеу салтында жұмбақтың орны болғанын дәлелдейді. Мәселен, Англияда өлікті жерлеген соң қарттар қабыр басында қалып жұмбақ айтысатын болса көптеген халықтарда үйлену кезінде күйеу бала мен құдаларға жұмбақ жасырған<sup>129</sup>.

Осыған қарағанда жұмбақ ертедегі адамдардың тұрмыс-салты, дүниетанымымен тығыз байланысты туып, дамыған және халықтың күнделікті өмірінен ерекше орын алған. Сондықтан әу баста жұмбақтың ғұрыптық функциясы басым болса, уақыт өте келе көңіл көтеріп, тапқырлық танытуға бейімдейтін эстетикалық-танымдық қызмет атқара бастаған.

<sup>128</sup> Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – А., 1995. – 9-б.

<sup>129</sup> Керім Ш. Қазақ жұмбағы. – А., 1999. – 62-66-б.

Ертедегі адамдарға жаратылыс – дүние сырлары жұмбақ болған. Бірақ адам баласы қоршаған ортаны, құбылысты білуге тырысқан. Жасырған заттардың өзін айтпай, оны ұқсас заттармен салыстырып сипаттауды сол арқылы жұмбақ етілген затты табуды жұмбақ дейміз.

Ұзын құйрық сауысқан,  
Бір көлдің суын тауысқан.

(Қауға)

Бұл жұмбақта қауғаның сабын сауысқанның құйрығымен салыстырады. Жұмбақта ұқсас заттардың сыртқы белгілеріне, ішкі мазмұнына қарай салыстыру басты орын алады. Заттардың аттары аталмауы керек.

Жұмбақ сан алуан тақырыпты қамтиды, ауқым-аясы кең. Басқаша айтқанда жұмбақ болмайтын жанды-жансыз зат, құбылыс жоқ деуге болады. Мәселен күн мен айды:

Біреудің бір ұлы бар және қызы,  
Біледі ол екеуін дүние жүзі.  
Ұйықтайды ұлы түнде, қызы күндіз,  
Жүргенде білінбейді басқан ізі, –

деп күнді – ұлға, қызды – айға балайды.

Жұмбақтың күрделі саласы жаратылыс дүниесіне байланысты болып келеді. Мысалы: «Үй үстінде ұсақ тас» (жұлдыз), «Зер-зер кілем, зер кілем, көтерейін десем зор кілем» (жер), «Жылт, жылт еткен, жырадан өткен» (су), «Қуып едім мойын бұрмады, ұстайын деп ем қолға тұрмады» (боран), «Бір нәрсе көруге бар, ұстауға жоқ, жаз көркі, көк шәлідей шымылдық боп» (сағым).

Жұмбақтардың тағы бір шоғыры хайуанаттар дүниесімен төрт түлік туралы болып келеді. «Біреуге найза түйрейді, өзі де содан күйрейді» (жылан), «Апан-апан, ескі шапан, иір қобыз» (түйе), «Төсек астында төрт бауырсақ» (сиырдың емшегі), «От басында құмған, екі көзін жұмған» (мысық), т.б.

Күнделікті тұрмыс-тіршілікке қажетті әртүрлі құрал-жабдықтарды қамтитын жұмбақтар да көп. «Екі шеті жұдырықтай, ортасы қылдырықтай» (тұтқыш), «Өзі батыр, жасырынып

жатыр» (қақпан), «Аяғы жоқ жүреді, аузы жоқ сөйлейді» (хат), «Судан алады, суға салады» (тұз).

Осындай алуан түрлі тақырыпты қамтып, тапқырлықты, зерделілікті қажет етуі жұмбақ жанрына тән ерекшелік болып табылады.

Жұмбақ бірнеше түрлі жолмен жасалады: кей заттарды атқаратын қызметіне қарай жұмбаққа айналдырады.

Бір керемет бір ит бар,  
Үй бағады, үрмейді.  
Аяғы жоқ жүрмейді,  
Рұқсатсыз ол иттен  
Ешкім үйге кірмейді.  
(кұлып)

Кейде заттардың сыртқы түр көрінісімен сипаттап жұмбақ етеді.

Айдалада ақ отау  
Аузы-мұрны жоқ отау.  
(жұмыртқа)

Енді бірде заттардың құлаққа естілетін дыбыс-белгісіне орай жұмбаққа айналдырады.

Әуеден күбі түсті,  
Күбінің түбі түсті  
(найзағай)

Жұмбақ етілетін заттардың тегі қайдан шыққаны, неден істелгеніне, физикалық қасиетіне де мән беріледі.

Ағаш, темір, қағаз, желім,  
Бұлардың басын қосқан көрдім жерін.  
Шақырып неше түрлі ән салады,  
Ішіне толтырып ап барлық жерін.  
(гармон)

Жұмбақтарда заттың, құбылыстың аттары тура аталмай, жанамалай айтылады. Сонымен бірге бір затты екінші затқа салыстырып шендестіре айту арқылы ұқсастықтарын көрсету – шеберлікті талап етеді. Тіпті, ертеде жұмбақ жасыруға бір адам



ғана емес, топ адам қатысқан. Екі жарылған топ арасында қызықты бәсеке-жарыс өткен. Сондықтан қиыннан қиыстырған жұмбақты шешу, сыннан сүрінбей өту оңай болмаған. Көп алдында жеңіліп қалып, әжуа болмау үшін адамның білік-танымы кең, ойы ұшқыр болуы керек.

Сонымен, жұмбақ балаларды ойландырып, зейін-зерделілігін арттырады, дүниетанымын кеңейтеді.

Жұмбақтардың тілі образды, көркем болып, ырғақ-ұйқасты сақтап отырады. Әрине, бұдан жұмбақ атаулының бәрі ұйқасқа құрылады деген ұғым тұмау керек. Жұмбақ өлең сөз, қара сөз түрінде де келе береді. Мысалы: «Көк итім көкке қарап ұлиды» (түтін) деген қара сөз түріндегі жұмбақ болса, «Кішкене ғана бойы бар, айналдырып киген тоны бар» (қой) деген өлең түріндегі жұмбаққа жатады. Жұмбақтардың көлемі ықшам, жинақы болады. Жұмбақ фольклордың басқа жанрларымен байланысты болып келеді. Атап айтқанда жұмбақ ертеректе, айтыста кездеседі. Жұмбақтап, тұспалдап сөйлеу би-шешендердің сөздерінде ұшырасса, ол мақал-мәтелдерге де жақын. Ал кейбір ертегілерде жұмбақ кейіпкердің тапқырлық-ақылдылығын сынау ретінде қолданылады. Жұмбақпен айтысу дәстүрі – күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

## Жаңылтпаштар

Жаңылтпаш – халық әдебиетінің шағын жанрлық түрінің бірі. Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады<sup>130</sup>. Жаңылтпаштың негізгі қызметі жасөспірімдерге дыбыстарды, сөздерді айқын да анық айтқызып, дұрыс сөйлеуге үйрету. Әсіресе баланың дыбыстарды бұзбай, шапшаң айтуы арқылы жатық сөйлеуге дағдылануда және ой-өрісін, таным-түсінігін кеңейтуге мәні зор.

Жаңылтпаш – көбіне ойын-сауық кезінде айтылатын өлең-ойын. Ерте кезде жаңылтпаш айту салты да болған көрінеді.

<sup>130</sup> Байтұрсынов А. Шығармалар. – А., 1989. – 235-б.

Бір жағынан, ойын-сауыққа жиналған көпшілікті күлдіру үшін айтылса, екіншіден «ән-өлең білмейтін жастарға берілетін жаза есебінде де қолданған»<sup>131</sup>. Өйткені өнері жоқ жас жаңылтпашты белгілі талапқа сай бірнеше рет қайталап айтуы керек. Егер де жаңылтпаштың сөздерін дұрыс айта алмаса, көп алдында күлкіге ұшырайды, ыңғайсыз жағдайға қалуы мүмкін. Бұған қарағанда жаңылтпаш ойын-сауыққа жиналған жастарды көңілдендіру үшін де айтылған. Алайда негізгі мақсаты бала тілін жаттықтырып, шебер сөйлеуге үйрету үшін айтылады.

Беріп талай лақты,  
Алдым тайлақты.  
Беріп тайлақты,  
Алдым тай, лақты –

деген жаңылтпашты жылдам айтқанда, интонация сақталса, онда кейбір сөздердің мағынасы жақын сөздерді ажырата білуге, дұрыс айтуға әдеттендіреді.

Есік алдындағы отынның,  
Шырпылылырағынан ала кел.  
Тамырлылырағынан ала кел,  
Томарлылырағынан ала кел,  
Түбірлілірегінен ала кел! –

деп келетін жаңылтпашта «шырпылылырағынан, тамырлылырағынан, томарлылырағынан, түбірлілірегінен» сияқты сөздер қатан, ұяң дыбыстардан бастаған көп буынды ұғынуға, айтуға ауыр. Осындай жаңылтпаштарды тез, дұрыс айту үшін біршама жаттығып, төселу керек. Әр сөзді бұзбай, бұрмаламай айту басты шарт. Сонымен бірге жаңылтпаш баланың халық өмірін, әртүрлі құбылыс сырын тереңірек танып-білуге жәрдемдеседі. Мәселен:

Жақсы атты әп-сәтте,  
Асқаттар ақсатты.  
Ақсақты, тоқсақты,  
Жаза алмай бас қатты.  
Ақсатса, жақсы атты,  
Кім болар жақсы атты.

---

<sup>131</sup> Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – А., 1958. – 43-б.

Бұл жаңылтпашта сөздерді дұрыс айтып, мағына-мазмұнын дұрыс түсінуді ғана мақсат етіп алмай, жақсыға жақын болуға ыңғайлау да, адамшылыққа баулу да анық байқалады. Екінші бір жаңылтпашта:

Қырық құрықты,  
Қырық сырықты,  
Орманшы санап қырықты.  
Қырыққа қосып қырықты,  
Сәл ойланып тұрыпты, –

деп іс-әрекет арқылы баланы ойлауға жетелейді. Түйсік-түсінігін айтуға әрекет етеді.

Жаңылтпаштар ұғымға жеңіл қара сөз түрінде, көбіне ұйқасып келетіндіктен баланы жалықтырмайды.

Топ бала, топ бала,  
Ойнап жүр топтала.  
Зымырап допты ала,  
Қуады көп бала.

Немесе:

Қарамайын қарағайдың,  
Қаламайын, жаламайын,  
Қарағайдың қарамайын,  
Қасына енді жоламаймын.

Мұның бәрің де баланы дұрыс сөйлеуге үйрететін амал-тәсіл. Сонымен қатар жаңылтпаштардың танымдық та, тәрбиелік те мәні зор.

## Өтірік өлеңдер

Өтірік өлеңдер – қазақ фольклорының ертеден келе жатқан қызықты жанры. Бұл топтағы өлеңдердің желісі шындықтан алыс, адам сенбейтін оқиға, көріністерге құрылатын күлкілі, қызықты болып келуі керек. Әрине, өмірде болатын ақиқатты керісінше мүлде жоққа шығарып, адам нанбайтындай етіп айту

үлкен тапқырылық пен ұшқыр қиялды қажет етеді. Шындықты бұрмалау шындық туралы түсінікті бекіте түседі. Бала ойға келмейтін өтірікті тыңдағанда жақсы әсер алады.

Қаңтарда қар үстіне ағаш ектім,  
Үйретіп қара қоңыз арба шектім.  
Шіркейдің ең жүйрігін таңдап мініп,  
Өлшедім бірін қоймай жер мен көктің.  
Ауыры бұл жалғанның үрген қуық,  
Жығылдым көтере алмай әлім құрып.  
Тең қойып қара нарға артып едім,  
Тұрды ғой әрең зорға үш ұмтылып.

Осы мысалдардағы іс-әрекет тым көтеріңкі әсірелеу тәсілімен суреттелген. Сондықтан өтірік өлеңдер мазмұны жағынан күлкілі болып келеді. Күнделікті өмірдегі қалыпты жағдайды ешуақытта адам сенбейтіндей кереғар желіге құру – өтірік өлеңдердің басты шарты.

Жүз салған қорғасыннан қара балтам,  
Шығады он матадан сыңар қалтам.  
Дәулеттің құдай берген арқасында  
Көшкенде жүз түлкіге жүгімді артам.

Өтірік өлеңде тарыдай нәрсені таудай етіп, не керісінше таудай нәрсені тарыдай етіп көрсету қажет. Сонда ғана ол бала жанын еліктіріп, арман-қиялын қанаттандыра түседі. Нақтылы деректерді мол шеберлікпен үндеген фантастикалық дәрежеге жеткізу өтірік өлеңдердің негізгі бір ерекшелігі<sup>132</sup>.

Күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі таныс зат, құбылыстарды қарама-қарсы шендестіре әсірелей суреттеу арқылы адам ойына келмейтін дәрежеде қиыннан қиысуы керек.

Өрмекші ұясынан арқан естім,  
Ағаштан бұрғы жасап тасты тестім.  
Жаздағы қатқан мұздан ара жасап,  
Жолы жоқ жан баспаған тауды тестім.

---

<sup>132</sup> Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – А., 1958. – 44-б.

Бұл күлкі шақыратын тауып айтқан тапқырлық. Мұндай өтірік өлеңді тыңдаған баланың көңілі сергиді, сөздің астарлы сыр-ын ұғады.

Бала үшін дүниенің бәрі құпия. Олар жұмбақ-сырды білуге құштар. Сондықтан халықтың тұрмыс-тіршілігімен сабақтасып жатқан өтірік өлеңдердегі мазмұн қызықтығы мен жымдаса қиысқан шеберлік жасөспірімдерді еріксіз баурайды.

Өгізім судан тайып таға қақтым,  
Ойланбай осы ақылды дереу таптым.

Немесе:

Қамысты жылқы ұстауға құрық қылдым,  
Жусаннан үйге тіреу сырық қылдым, –

деп келетін өлең жолдарын бала құмарта тыңдайды. Өтірік өлең арқылы аса қызықты сипатқа ие болған құбылыстарды салыстыра білуге ынта-ықыластары арта түседі. «Өтірік өлеңнің өтірік екендігін түсіну үшін алдымен шындықты білуі керек. Бала сол білгенін өлеңдегі өтірікпен салыстыра отырып ойына бекітеді»<sup>133</sup>. Сонымен, өтірік өлең баланың ойын оятып, зейін-зердесін кеңейтеді. Оларды болжам жасап, ойлауға жетелейді. Шындық пен өтіріктің ара жігін аңғара білетін тапқырлыққа үйретеді. Өтірік өлеңнің қара сөзбен айтылатын түрі де бар.

## Шешендік сөздер

«Өнер алды – қызыл тіл» деп санаған халық ойын оралымды етіп қиыннан қиыстыра, шебер жеткізе білуді үлкен өнер санаған. Сондықтан да болар қазақ сахарасында алқалы топты аузына қаратқан от ауызды, орақ тілді шешендер аз болмаған. Не бір қиюы қашып, қисыны кеткен істерді ұтымды да ұшқыр сөздерімен тындырып, тоқтау-тыйым салып та отырған. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағиданы ұстаған халық қабақтың кәрінен қорықпаса да, сөздің «зәрінен» сескенген.

---

<sup>133</sup> Ісләмжанұлы К. Рухани уыз. – А., 84-б.

Шешендікті өнер деп бағалаған халық аталы да баталы даналық сөздерді қадір тұтып, санада сақтап келген. Өйткені гибратқа толы оның тәлім-тәрбиелік мәні де зор болған.

Сөйтіп, кемел ойдан туған кенеулі шешендік сөздер бірден-бірге ауысып, біздің заманымызға жеткен көп нұсқалы фольклорлық жанр, шешендік сөз қазақ даласында ұзақ уақыт танымдық та, саяси-әлеуметтік те қызмет атқарған. Себебі екі адам арасындағы дау-дамайдан бастап, үлкен ел аралық мәселелерді де ың-шыңсыз бітіретін дуалы ауыз би-шешендердің дүрдана сөздері болғаны белгілі.

Алайда қазақ шешендерінің сөздері ауыз екі айтылған, халық жадында сақталған. Сондықтан олар бастапқы қалпын сақтаған деп айту қиын. Шешендік сөздерді әу баста жеке адам айтқанымен, кейін ауызша тарап, көптің екшеп-елеуінен өткен, біртіндеп халықтық мұраға айналған.

Сан ғасырлық тарихы бар шешендік өнердің қай кезде шығып, қалай қалыптасқанын үзілді-кесілді айту қиын. Сөз жоқ, шешендік өнердің түп-төркіні тереңде екені даусыз. «Біздің заманымызға дейінгі VI ғасырда жасаған скиф ханзадасы Анахарсисінің сөз өрнегіне, өмірі мен өнеріне көңіл аудармайтын болсақ, онда бұл қазақ шешендік өнерінің тарихы үшін де, оның байырғы өкілдерінің рухани мұрасы алдында да үлкен айып болар еді»<sup>134</sup>. Бұған қарағанда Анахарсисінің пікір таласта айтқан шешендік толғамдарының мәні ерекше. Өйткені сол арқылы қазақ шешендік өнерінің де қайнар-бастауы әріден – сонау Анахарсис заманынан тамыр тартатынын аңғаруға болады.

Халық шындық пен әділдікті жақтап, қара қылды қақ жарған би-шешендерді аса жоғары бағалаған. Халық тарихында есімі ел аузында ғасырлар бойы сақталып келген әйгілі би-кемеңгерлер аз болмаған. Мәселен, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелер ел мүддесі мен халқының бірлік-бүтіндігін ойлап, әділ билік айта білген дара да дана тұлғалар. Жақсылықты, адамгершілікті жақтап көптің көкірегін оятып, көңілін таба білген. Бұлар елдің келешегі үшін күресіп, халықтың ыстық ілтипатына бөленген белгілі қайраткер, даңқты шешендер.

---

<sup>134</sup> Дәдебаев Ж. Бөлітірік Әлменұлы және қазақтың шешендік өнері. – А., 1996. – 46-б.

Алқалы топты ақыл-ойымен аузына қаратқан би-шешендерге халық кенде болмаған. Шоқан мен Абайдың айтуына қарағанда олардың ешқайсысы өкімет тарапынан арнайы сайлау арқылы тағайындалмаған. Өзінің ойы ұшқыр, тілге шешен екендігін келелі кеңесте көрсете алған адамды халық би деп таныған. Олар билік-бітімде біреуге бұра тартпай, үнемі әділ төрелігімен танымал болып отырған. Сондықтан, халық шешендікті өнер деп жоғары бағаласа, екінші жағынан, елдің әлеуметтік өмірінде аса мәнді рөл атқарған.

Шешендіктің басты ерекшелігі – табанда тауып айтар тапқырлық. Шешендік сөз ұтымды логикаға құрылған, мағынасы терең, әрлі де нәрлі болып келеді. Бұлтартпастай дәйекті де дәлелді айтылуы қажет. Сөйтіп, шешендер даулы мәселені «Ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешіп», тындырып отырған.

Шешендік сөздерді мазмұнына қарай (шартты түрде болса да) шешендік арнау, шешендік толғау және шешендік дау деп үшке бөледі<sup>135</sup>. Белгілі бір адамға арнай айтылған сөздер шешендік арнауға жатады. Төленің жас кезінде айтқан кесіміне разы болған, би оған былай бата береді:

Үй баласы ма деп едім,  
Ел баласы екенсің.  
Ай маңдайлы арысым,  
Талабың алдан өтелсін.  
Ауылыңнан таңы бол  
Маңдайдағы бағы бол!<sup>136</sup> –

депті. Демек, шешендік арнау әзіл-сын, сәлем, бата-тілек түрінде айтылады.

Арнаудың бір түрі – шешендік сын. Фольклорда шешендік сындың түрлері көп. Шешендік сындың ежелгі бір үлгілері Асанқайғы атынан жерге байланысты айтылады. Мәселен: Есіл өзенін көргенде: «Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен» десе, не Түндікті өзеніне: «Он екі қазылық ой Түндік, маңырап жатқан қой Түндік. Қойдың құлағы тұтам

---

<sup>135</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1960. 1-т. 1-к. – 146-бет.

<sup>136</sup> Шешендік шиырлары. – А., 1999. – 38-бет.

шығып тұрған жер екен», – деп келетін сөздері жерге берілген баға – сын.

Досбай бидің атынан малға қарата айтқан мынадай сын сақталған.

Қарабайыр қазан ат,  
Қара жолда қалдырмас.  
Қара жолда қалдырып,  
Қанатыңды талдырмас.  
Тобан аяқ торыны,  
Тойға мінбе, қойға мін.  
Құлан аяқ құланы  
Қойға мінбе, тойға мін<sup>137</sup>.

Шешендік сын адамға байланысты да айтылады. Жолқұтты шешен былай деген екен:

Жаман болса – жақын жау,  
Шайпау болса – қатын жау...  
Күнде келсе – күйеу жау,  
Жымысқы болса – жиен жау.  
Тіл алмаса – ұлың жау,  
Арсыз болса – қызың жау<sup>138</sup>.

Бұл нақыл-сын да жаман әдеттерді санамалай айта отырып, содан сақтануды меңзейді.

Кейде шешендік арнау сәлем ретінде айтылады. Әйгілі шешен Бөлтіріктің атағы жан-жаққа тарап, таныла бастаған кезде Тобықты еліндегі бір ұлан-асыр жиынға шақырылады. Жарамды аты болмаған шешен шақырушы жігітке:

Көпбай қазыға сәлем айт,  
Бір ат берсін!  
Бір ат берсе, үш жылғы құр ат берсін.  
Ақтығы Самарқанның бөзіндей болсын,  
Жорғасы Жанқұттының сөзіндей болсын,  
Жуандығы Көпбайдың дәл өзіндей болсын!<sup>139</sup> –

деп сәлем жолдаған екен.

---

<sup>137</sup> Қазақтың би-шешендері. – А., 1993. – 319-бет.

<sup>138</sup> Сонда. 181-бет.

<sup>139</sup> Сонда. 195-бет.



Бата-тілек түрінде айтылатын шешендік арнау да болады. Он жеті жастағы Жанқұттының тапқырлығына разы болған Шабанбай би оған:

Аллаға жағам десең – азанды бол,  
Ағайынға жағам десең – қазанды бол.  
Халқыңа жағам десең – әділ бол,  
Судай таза бол,  
Жердей берік бол,  
Өмірің ұзақ болсын,  
Аймағың суат болсын.  
Сөзің халқыңа қуат болсын<sup>140</sup>, –

деп батасын беріп аттандырған екен. Шешендік арнау бата түрінде ғана емес, кейде көңіл айтып жұбату үшін де айтылады. Қазаққайғыны көтере білетін сабырлылыққа шақырады. Шешендік арнаудан адамдардың көңіл-күйі, олардың арасындағы қарым-қатынас көрінеді.

Шешендік толғауды өмірдің сан түрлі қыры мен сырына халықтың көзқарасы көрінеді. Сонымен бірге келер ұрпаққа ғибрат боларлық аманат, нақыл-насихаты баяндалады. Мысалы:

Көрген сайын сіз десіп,  
Сыйласқанға не жетсін?  
Шашылғанды бірлесіп  
Жинағанға не жетсін?  
Желі тұрған оңынан,  
Жеті өзеннен өтеді.  
Адаспаған жолынан  
Жеті таудан өтеді,  
Арманына жетеді,<sup>141</sup> –

деген шешендік нақылды түзу жолдан адаспай, өмірді сыйластықпен береке-бірлікті сақтауды өнеге-өсиет етеді.

Шешендік толғау: шешендік нақыл, шешендік мақал, шешендік мысал, шешендік жұмбақ және шешендік жауап болып беске бөлінеді<sup>142</sup>. Шешендік нақыл ата-бабаларымыздың келер ұрпаққа айтып кеткен тәлім-тағылымы, үлгі-өсиеті.

<sup>140</sup> Шешендік шиырлары. – А., 1993. – 38-бет.

<sup>141</sup> Қазақтың би-шешендері. – А., 1993. – 217-б.

<sup>142</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1960. 1-т. 1-к. – 149-б.

Өгізге ер салма,  
Қанатың талар.  
Наданға көзінді салма,  
Сағың сынар.  
Досына өтірік айтпа,  
Сенімің кетер.  
Дұшпаныңа шыныңды айтпа,  
Түбіңе жетер.

Төле бидің осы сөзінде мән жатыр. Дана шешен наданнан сағың сынбасын, досыңның сенімін жоғалтпа. Дұшпаныңа сыр алдырма дейді. Яғни адам қандай болу керектігін ашық насихат етеді.

Шешендік нақылға қарағанда шешендік мақал жанамалап ақыл-кеңес береді.

Арадан шыққан жау қиын,  
Таусылмайтын дау қиын.  
Шанышқылаған сөз қиын,  
Дәл осындай жағдайда  
Пана болмас өз үйің, –

деп ағайынның арасын ашып, сыйластықты бұзатын әдеттен сақ болуды меңзейді. Шешендік сөздердің мәні үлкен тұжырым болып келеді. Кейбір шешендік сөздерде мысалдап айту арқылы көпке ортақ шындық көрінеді.

...Шамның шырағы сөнгенде бітеді,  
Дүниенің қызығы өлгенде бітеді.  
Дүние деген бір түлкі  
Қуып оны жете алмай,  
Бай мен батыр, патшалар,  
Зор арманда өтеді<sup>143</sup>.

Бұл мысалды дүниенің түбіне ешкімнің де жетпейтінін айта келіп, өмір бар жерде өлім де болатынына наза аударады. Дүниенің қызық-думанына да қанағат қажет екенін ескерткендей болады.

---

<sup>143</sup> Шешендік шиырлары. – А., 1993. – 195-196-б.

Шешендік жұмбақ кейде әзіл-қалжың үстінде, кейде бір адамның пайым-парасатын байқау, оның тапқырлығын сынап көру мақсатында айтылады.

Төле би тоқсан жасқа келгенде Қаз дауысты Қазыбек сәлем бере келеді. Елдің жақсылары, шешен-ойшылдары бас қосып әңгіме-дүкен құрып отырғанда:

– Қаз дауысты Қазыбегім келді. Бәрің түгел жиналыңдар. Сендерге қояр он түрлі жұмбағым бар, соны шешіңдер, – дейді Төле би.

– Айтыңыз, айтыңыз.

– Айтсам, он түрлі жұмбағым мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

Отырғандар таң-тамаша болады. Осындай жұмбақ бола ма?

– Төке, бұл жұмбағыңызды мен шешейін, рұқсат етіңіз, – дейді Қаз дауысты Қазыбек.

– Рұқсат, рұқсат.

– Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.

– Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.

– Үш дегеніңіз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

– Төрт дегеніміз – төсектен безген жас жаман.

– Бес дегеніміз – белсеніп шапқан жау жаман.

– Алты дегеніміз – асқынып кеткен дерт жаман.

– Жеті дегеніміз – жас келіншек жесір қалса сол жаман.

– Сегіз дегеніміз – серпілмеген қайғы жаман.

– Тоғыз дегеніміз – торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе сол жаман.

– Он дегеніміз – оңалмас кәрілікке дауа болмас деген, – дейді Қазыбек.

– Дәл тауып шештің. Ойы да тілі жүйрік тұлпарым, – деп Төле би Қазыбекке разы болыпты<sup>144</sup>.

Шешендік толғаудың бір түрі болып табылатын шшендік жауап та сұрақ-жауап түрінде айтылды. Өмір-тіршіліктің сан түрлі сыр-сипаты белгілі білгір би-шешендердің жауаптары арқылы ашылады. Бірде бір жас жігіт Бөлтірікке:

– Ақ ата, кісі, кісінің ісі дегенді көп айтасыз. Осының мәні не? – деп сұрайды.

---

<sup>144</sup> Сонда. 66-67-б.

Сонда Бөлтірік:

Жаксы деген кісінің,  
Алды-арты бірдей жарық болар.  
Жаксы деген кісінің  
Бас-аяғы бірдей анық болар.  
Жаман деген кісінің  
Алды-арты бірдей жау болар.  
Жаман деген кісінің  
Бас-аяғы бірдей дау болар.  
Жаман істі қостама,  
Жаман кісіні бастама.  
Жаксы істі тастама,  
Жаксы кісіні жасқама<sup>145</sup>,

деп жауап берген екен.

Шешендік дауда халық ішіндегі сан түрлі даулы мәселелер шешіледі. Шешендік дауларды мазмұнына қарай шартты түрде жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал және ар дауы деп беске бөледі<sup>146</sup>. Ертедегі қазақ қоғамында жер дауы, жесір дауы, құн, мал дауларында дүние-мүлік, ар-намыс үшін талас-тартыстар болып отырған. Осы секілді халық ішіндегі үлкен-кішілі дау-дамайдың бәрін де ел алдында үлкен беделге ие би-шешендер елеп-екшеп әділ билік айтқан. Сөйтіп ел ішінің береке-бірлігін сақтауға күш салған.

Бірде екі елдің арасындағы мал дауын бітіре қоймаған ханға Сырым:

– Бір дауды шеше алмасаң несіне хан болып тақта отырсың?  
Құлаққа құлақ, тұяққа тұяқ емес пе? – депті.

Баяғыда шабындық жерге таласқан екі адамға бір жігіт:

Өзімнің атым Күдері,  
Ер Көшектің баласы.  
Талассаң бағың кетеді,  
Таласпасаңдар не етеді?  
Бірлік қылсаң, ағалар  
Анау тұрған шабындық  
Баршаңызға жетеді.

<sup>145</sup> Әлменұлы Б. Шешендік сөздер. – А., 1993. – 101-бет.

<sup>146</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1960. – 1-т. – 1-к. – 158-бет.

Дүние шіркін жалған ғой  
Бастарыңнан әлі-ақ өтеді, –

деген екен.

Қисынды сөзге ешкім де қыңырлық көрсетпеген. Қайта жүйелі сөзді жөн көріп, әділ билікке тоқталған.

Ар дауында халық ішіндегі талас-тартыс емес, ел мен ел арасындағы мәселе қозғалады, ел намысы қорғалады. Мәселен, қалмақтарға елшілікке барған қазақтарға қалмақ ханы есе бермей, астамшылық көрсетеді. Сөз үзіліп, қазақ елшілері тығырыққа тірелгендей болады. Сондай қиын-қыспақ сәтте ешкім ештеңе айта қоймайды. Есік жақта отырған Қазыбек орынан атап тұрып Қоңтажыға былай депті:

Біз қазақ деген мал баққан елміз,  
Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.  
Елімізден құт-береке қашпасын деп,  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,  
Найзаға үкі таққан елміз.  
Ешбір дұшпан басынбаған елміз.  
Басымыздан сөз асырмаған елміз.  
Досымызды сақтай білген елміз.  
Дәм-тұзымызды ақтай білген елміз.  
Асқақтаған хан болса,  
Хан ордасын таптай білген елміз.  
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды!  
Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.  
Сен қалмақ болсаң, біз қазақ  
Қарпысқалы келгенбіз.  
Сен темір болсаң, біз көмір,  
Еріткелі келгенбіз.  
Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз.  
Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз.  
Танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз.  
Сен қабылан болсаң, мен – арыстан.  
Алысқалы келгенбіз.  
Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз.  
Тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз.  
Берсең жөндеп бітіміңді айт,  
Не тұрысатын жеріңді айт!<sup>147</sup>

---

<sup>147</sup> Қазақтың би-шешендері. – А., 1993. – 100-б.

Екі елдің арғы-бергісін шола сөйлеп, қалмақ ханы мен өзін тең ұстайды. Өз бетімен ешкімге соқтықпайтынын айта келіп, дос болып табысуға да, жау болып шабысуға да дайын екендігін мәлімдейді. Бір жағынан келісім тыныштыққа, бүтін-бірлікке шақырса, екінші жағынан ешкімді басындырмайтынын іргелі ел екендігін де ескертеді. Қазыбек өзінің тереңнен толғаған мәнді де мағыналы сөзі арқылы қалмақтармен бітім жасасады. Қылыштай қиып түсер қызыл тілдің күдіреті – осы.

Шешендік сөз құрылымына қарай екіге бөлінеді: термелі сөз және пернелі сөз<sup>148</sup>. Құрылысы өлеңге ұқсас шешендік сөзді термелі сөз деп атайды. Шешендік терме сөзде сөйлемдердің ішкі мағыналық байланысына, ырғағына баса назар аударылады. Сондай-ақ ұйқасып та, үндесіп те келуі керек. Мысалы:

Бәйге алмаған тұлпардан  
Белі берік бесті артық.  
Байламы жоқ шешеннен,  
Үндемеген есті артық.  
Параға алған түйеден,  
Адалдан жиған ешкі артық.

Қара сөз түрінде айтылатын шешендік сөздерді пернелі сөз деп атайды. «Арлы-ожданды бол, елге деген парызыңды ұмытпа, намысыңды жастан сақта. Халқыңды алалама, жақыныңды жаралама, қалысыңды қаралама!»<sup>149</sup>.

Ағайын бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бөліп бере алмайды. Жақсы болсаң күндейді, жаман болсаң жүндейді.

Шешендік сөз шындыққа негізделген дәлелді болуы керек. Жүйелі ой, шебер тілмен табанда тауып айтқан шешендік сөздер тыңдаушысын ұйытып, дау-шарда ұтып отырған. Халық даналығымен астасып жатқан шешендік сөздер белгілі адамдардың атынан айтылғандықтан, ауыз және жазба әдебиетке ортақ жанр десе де болады.

Сонымен, көркем тіл, көрікті ойды бойына жинақтаған шешендік сөздер табиғи дарындардың ауызша тудырған өнері.

<sup>148</sup> Адамбаев Б. Халық даналығы. – А., 1976. – 131-б.

<sup>149</sup> Қазақтың би-шешендері. – А., 1993. – 162-бет.

Ол ұзақ уақыт халықтың тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік өмірінде елеулі рөл атқарған. Өйткені би-шешендер жөпелдемеде тапқырлық танытып, әрлі де нәрлі сөздері арқылы қиын істің қиюын таба білген. Бүгінгі таңда да шешендік сөздердің әдеби-эстетикалық мәні кемімек емес.

## Халық прозасы

Халық әдебиеті орындалу мәнеріне қарай өлең және қара өлең сөз түрінде айтылады. Халық прозасына фольклордың қара сөзбен айтылатын түрлері жатады. Оларды ертегілік және аңыздық проза деп үлкен топқа бөледі. Аңыздық проза миф, хикая (быличка), аңыз (предание), әбсана-хикаят (легенда) жанрларын қамтиды. Ал ертегілік прозаға: жануарлар жайындағы, қиялғажайып, батырлық, новеллалық және сатиралық ертегілерді жатқызады.

Бұл екі топтағы шығармалардың өздеріне тән ерекшеліктері бар. Аңыздық прозаға ел сенсе, ертегілік прозаға ойдан, қиялдан шығарылған оқиғалар көп екенін біледі. Алдымен өмірге аңыздық прозаның сюжеттері келеді де, ауызша айтылу нәтижесінде біртіндеп ертегіге айналады. Сондай-ақ аңыздық прозаның көркемдігі төмендеу болып, танымдық (табиғат сырлары, халық тарихы) қызмет атқарса, ертегілік прозаның басты функциясы эстетикалық, тәрбиелік қызмет болып табылады.

## Ертегілер

Ертегі – фольклордың қара сөзбен айтылатын мол саласы. Ертегі жанрының түп-төркіні алғашқы қауымда пайда болған көне миф, аңшылар туралы әңгіме, хикая және әр түрлі кәде-ырымдар мен аңыздар<sup>150</sup>. Осы жырлардың қасиеттерін бойын сіңіру арқылы ертегі жанры қалыптасқан. Осылардың ішінде

---

<sup>150</sup> Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – А., 1984. – 180-б.

кейбір жанрлар ұзақ даму жолдарынан өту барысында өз бітім-болмысын жоғалтып ертегіге айналып отырған. Сондай жанрдың бірі – миф.

Қоғам дамиды. Ұзақ мерзім өтеді. Адамның ой-санасы өседі. Осының нәтижесінде миф өзінің көне сипаттарын бірте-бірте жоғалтып отырған. Сондықтан ондағы оқиғалар да өзгеріске ұшырайды. Бұрынғыдай дүниенің, алғашқы адамдардың жаратылуы емес, адам қоғамындағы іс-әрекеттер көрсетіледі. Оқиғадағы іс-әрекеттер аспан әлемінде емес, ел ішінде болады. Мифтің себеп-салдарлық сипаты жоғалып, біртіндеп хикаяға, ертегіге айналады. Ертегідегі қиял ғажайыптық сипат алады, көркем тәсіл ретінде қолданылады. Сөйтіп, ертегі көркем жанр, сөз өнері болып, адамзаттың алғашқы қауымнан таптық қоғамға дейін өткен тұсында қалыптасқан<sup>151</sup>.

Ертегінің бір бастау көзі – алғашқы рулық қоғамдағы адамдардың аң аулау кезінде, сапарға, жолға шыққанда басынан өткен оқиғалар жайындағы әңгімелері. Әуел баста болған оқиға негізінде айтылатын әңгімелер ел арасына тараған сайын біртіндеп әр түрлі қоспалар жамалады да, хикаяға онан кейін ертегіге айналады. Ендеше ертегі ойдан шығарылмаған. Оның түп-тегін құраған прозалық жанрлар сол кездің шындығын бейнелеген. Ертегі жанры қалыптасуының алғашқы уақытында ел оған сенген. Өйткені ол кезде ертегі өзінің бастапқы қалпынан алыстамаған және көркемдік қызмет те атқармаған.

Ертегі жанры көркем проза болғандықтан ол бір жағынан тәрбиелік, екінші жағынан, көркем эстетикалық функция атқарады. Сол себепті ертегілік проза шындықты мақсат тұтпай, оқиғаны барынша ғажайып етіп әсірелеп баяндайды.

Ертегі қаһармандары ақылға симайтын неше түрлі жағдайларға тап болады. Ертегінің идеялық-эстетикалық әсерін күшейту үшін сюжеттің осылай өрілуі қажет. Сондықтан ертектің ертегінің мазмұнын барынша әсерлі етуге тырысады. Ол үшін ертектің фантастикаға сүйенеді. Өйткені ертедегі ғажайып (фантастика) – көркем тәсіл, бейнелеуші құрал. Сонымен, ертедегі ғажайып қиял өмірдің қалыпты құбылыстарын мақсатты түрде басқаша

---

<sup>151</sup> Сонда. 182-бет.



етіп көрсетеді. Бұл – әлсіздерді күшті етуге тырысып, әділдікті жақтаған қарапайым халық арманы.

Ертегілер бес топқа бөлінеді: жануарлар жайындағы, қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық және сатиралық ертегі.

## Жануарлар жайындағы ертегі

Жануарлар жайындағы ертегі ертедегі адамдардың ең алғашқы күн көріс кәсібі – аң аулаумен күнелткен шағында туған. Жаратылыс құбылыстарын, хайуанаттардың ерекше сырын түсіне алмаған ертедегі адамдар кейбір аңдарды қадір тұтып, қасиетті санаса, кейбіреуін рудың бабасы деп ұққан. Ол заманда мифке де, аңдар туралы әңгімелерге де сеніп, олардың логикалық құдіреті бар деп ойлаған. Өйткені бұл кездегі таным-түсінік анимизм, магияға негізделген.

«Хайуанаттар жөніндегі ескі ертегілерді аңдасақ, кейбіреулеріне өте көне заманды, жанды-жансыз табиғат турасындағы бұлдыр түсініктерді байқаймыз. Ондай ертегілер хайуанаттармен байланысты туған мифтік, діндік түсініктерді, әр хайуанды ғажайып сиқырлы сыры бар деп таныған тотемдік түсінікті аңғартады»<sup>152</sup>. Мысалы, «Ақ қасқыр» ертегісі.

Адамзаттың сана-сезімі мен қоғамның дамуына орай табиғат, қоршаған орта туралы бұрынғы ұғым-түсініктер өзгереді. Бұрынғы кездегі тотемдік қасиеттерге ие болған аң-құстар енді мүлде басқаша көрсетіледі. Бұрынғы керемет-киелілігінен айырылады, сынға ілінеді немесе аллегориялық сипат алады. Жануарларды қасиет тұтып бейнелейтін әңгімелер енді керісінше айтыла бастайды. Тіпті, жануарларды қасиетті етіп көрсетпейтін жаңа әңгімелер туады.

Жануарлар жайындағы классикалық ертегіде мифтік және діни ұғымдар болмайды. Ондағы қиял көркемдік қызмет атқарса, жануар образы адамды тұспалдап бейнелеу ретінде қабылданады. Басқаша айтқанда жануарлар жайындағы классикалық ертегілері аң, құстар емес, адамның жақсы, жаман іс-әрекеттері жайында болады.

<sup>152</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1960. – 1-т., – 1-к. – 233-б.

Жануарлар жайындағы қазақ ертегілерін үш топқа бөледі. Бірінші шығу мерзімі жағынан көне миф жанрымен байланысын толық үзе қоймаған, жануарлардың пішініндегі не жүріс-тұрысындағы, не болмаса мінез-құлқындағы, әйтеуір қандай да болмасын ерекшелігін түсіндіре баяндайтын этиологиялық ертегілер. Екінші – Шығыс және Батыс халықтарының көпшілігіне мәлім, яғни дүние жүзі елдерінің жануарлық эпосын құрайтын классикалық ертегілер. Бұлар бүгінгі дәуірде балалардың үлесіне тиген. Үшінші топқа мысал (апологтар) ертегілер жатады<sup>153</sup>.

Этиологиялық ертегілер. Бұл топтағы ертегілердің басты ерекшелігі синкреттік сипаты басым. Бір жағынан мифке жақын. Мәселен, «Үркер», «Хайуандардың жыл басына таласуы» атты ертегілерде әлем сыры, он екі айдың болуы жануарлардың іс-әрекетімен байланысты түсіндіріледі. Екінші жағынан, жоспарлар образынан адам бейнесі кейіптеледі. Мысалы, түлкі қу, айлалы-аяр, алдамшы, жылпостығымен көрінеді. «Түлкі мен қоян» ертегісінде қоянды құйрықтан айырса, «Түлкі мен бөдене» ертегісінде бөдененің құйрығының қысқа болып қалу себебі айтылады. Ал түйе аңқау, ақкөңіл мінез иесі ретінде көрінеді. Жануарлар жайындағы этиологиялық ертегілердің мазмұны ертегі оқиғасына қатысатын жануарлар қандай себепті белгілі бір сипаттарымен дараланады дейтін сұраққа жауар береді. Этиологиялық ертегілер балаларға арналы айтылатын жеңіл, күлкілі, ықшам болып келеді.

**Хайуанаттар туралы классикалық ертегілер.** Бұл топқа жататын ертегілер халық арасына кең тарап, саны жағынан көп болып келеді. Әрі бұлардың барлық сюжеті дүние жүзі халықтарының фольклорында ұшырасады. Жануарлар жайындағы ертегілердің әлеуметтік-моральдық та, адамзаттық мәні терең. Өйткені ертегі сатиралық астар арқылы адам бойындағы кемшіліктерді әшкере етеді.

Хайуанаттар жайындағы қазақ ертегілерінде басты қаһарман ретінде арыстан, қасқыр, түлкі, аю, т.б. көбірек көрінеді. Әр қайсысы өзіне тән мінез-машығымен дараланады. Түлкі – кең танымал ертегілік қаһарман. Ол – аса қу. Өзінің айла-аярлығы

---

<sup>153</sup> Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – А., 1984. – 189-б.

арқасында арыстан, жолбарыс, қасқыр, аю қатарлы күшті жыртқыштарды алдап соғады. «Түлкі мен жолбарыс», «Қу түлкі», «Түлкінің алдағаны», «Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан», «Залым түлкі», «Түлкінің қайрауы», «Түлкінің айласы», «Қасқыр мен түлкі», «Аю мен түлкі», т.б. ертегілерде түлкі бәрінен (арыстан, жолбарыс, аю, қасқыр) қулығын асырады. Тіпті, кейбіреулерін мерт етеді. Кейде түлкі қанша залым болғанымен, өзінен әлсіз хайуанаттардан («Түлкі мен бөдене», «Түлкі, тасбақа, кене», «Түлкі мен әтештің сырласуы», т.б.) жеңіліп қалады. Әлді жыртқыштарды үнемі жеңетін түлкі әлсіздерден неге жеңіледі? Ертегінің идеялық-эстетикалық нысанасы – әлсіздерді қорғау.

Көп ертегіде кездесетін бейне қасқыр – қомағай, ақымақ, түлкінің алдауына көніп («Қасқыр мен түлкі», «Жүзім жегісі келген қасқыр», т.б.) өлім қармағына ілінеді. Ал кей ертегілерде («Ақымақ қасқыр», «қырық қасқыр, екі ешкі», т.б.) қой, ешкіден алданады. Қасқыр қанша озбыр болса да ойға алғаны орындала бермейді. Бұлардан басқа арыстан амал-айласы жоқ, зорлық-шылдың, ал аю – аңқаулықтың иесі ретінде көрінеді. Сондай-ақ түйе, ат, есек, мысық тәрізді үй жануарлары да ертегі оқиғасында азды-көпті араласады. Ертегі әр түрлі хайуанаттардың іс-әрекеттері арқылы адамгершілікті дәріптейді, халықтың эстетикалық мұратын көрсетеді. Жануарлар жайындағы ертегілердің құрылымы жануарлардың кездесулері мен қақтығыстарынан тұратындықтан, диалог басым болып келеді.

Жануарлар жайында балаларға арналған ертегілерде бір сарынды эпизодтардың өзгермей қайталануы, яғни тізбектеп айтуға құрылуы фольклорда кумулятивтік (тізбекті) композиция деп атайды. «Қотыр торғай», «Мақта қыз бен мысық» ертегілерінің оқиғалары осы әдіспен баяндалады.

**Мысал ертегілер (аполог).** Мұнда баяндау белгілі бір моральдық қағида мен тұжырымды дәлелдеуге бағытталады, сол себепті ертегі афоризммен аяқталып отырады. Ертегінің мақсаты да осы афоризмді дәлелдеуді көздейді<sup>154</sup>.

Мысал ертегілердің тамыр тартар топырағы – шығыстың кітаби мысалдары және орыс фольклоры мен әдебиеті. Сюжеті

---

<sup>154</sup> Сонда. 196-б.

«Калила мен Димнадан» ауысқан «Сегізбай мен Тышқан қыз», «Көгершіндер туралы ертегі» және И.А. Крылов мысалдарынан тараған «Бақа мен құмырсқа» ертегілерін айтуға болады.

## Қиял-ғажайып ертегі

Қиял-ғажайып ертегілерінің шығу мезгілі алғашқы қауымдық қоғам болғандықтан, ауыз әдебиеті көне жанрының бірі болып есептеледі. Осыған байланысты бұл топтағы ертегілер де адамзат өмірінің ерте заманғы көптеген белгілері мен магия секілді діни наным-сенімдер сақталған. Бірақ халық бұл көне көріністерді кейінгі заманда қиял деп ұққан.

Жанры жағынан синкретті болып келетін (құрамында алғашқы қауымға тән қарапайым әңгіме, батырлық ертегілер болады) бұл ертегілердің сюжетіне батырлық жырдың эсері болған. Мұнда қаһармандық жырдағыдай пролог пен эпилогтар болады.

Қиял-ғажайып ертегілердің екі түрлі айқын саласы бар. Біреуі – қазақ ескілігінен келе жатқан өз тумасы. Екінші түрі – неше алуан жолдармен, әлде неше елдерді аралап жеткен ертегілер<sup>155</sup>. Мұның себебі қазақ халқы әр уақыт басқа халықтармен қарым-қатынас жасап, аралас-құралас өмір сүрді. Сандық қиял-ғажайып ертегілерінің сюжеттік құрамы әр алуан болып келеді. Бұл топтағы ертегілердің бас қаһармандары – аңшы-мерген, жауынгер-батыр, кенже бала, тазша және басқа әлеуметтік теңсіздіктегі бұқара өкілі<sup>156</sup>. Ертеде адамдар өздерінің өмір-тіршілік, күн көрісі жолында табиғаттың сан түрлі күштерімен алысып, жыртқыш андармен күрескен. Осындай қиын сәттерде соларды женетін адамдарды сөз еткен. Ол аңшы-мерген. Ал рулық қоғамда руды жаудан қорғайтын жауынгер-батыр идеал болса, рулық қоғам ыдырай бастағанда бұрынғы дәстүрді қолдаушы – кенже бала кейіпкер болады. Ал әлеуметтік теңсіздік кезінде қарапайым халық өкілін мадақ етеді. Сондықтан бұлардың бәрі де халық арманына туған идеал кейіпкерлер.

<sup>155</sup> Әуезов М. Ертегілер // Ертегілер. – А., 1988. – 1-т. – 13-б.

<sup>156</sup> Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – А., 1984. – 200-б.

Қиял-ғажайып ертегілердің қаһармандары алыс сапарға аттанады, қиын тапсырмаларды орындайды. Қаһарман неше түрлі қиыншылық, кедергілерге тап болады. Бірақ қандай қиындық болса да жеңеді, ең соңында мұратына жетеді. Кейде үйленіп, таққа отырады. Сөйтіп зұлымдық-жауыздық әшкере болып, әділдік жеңіп отырады.

Көптеген қиял-ғажайып ертегілерде қаһарман белгілі бір себеппен үйден шығып, сапарға аттанады. «Күн астындағы Күнікей қыз», «Сәрсенғали», «Алтын сақа» ертегілерінде қаһарманның бір ұрыны, бірі Күнікейді, бір сақасын іздеп шығады. Кейде басқаның сұлу әйелін хан алмақшы болып, оны алыстағы бір қиын нәрсеге жұмсайды. Бұған «Бар онда, әкел мұнда» ертегісі мысал бола алады. Бұл арада қиял-ғажайып ертегінің бәрі жоғарыдағыдай басталады деген ұғым тұмауы керек. Айталық «Сиқырлы тас» ертегісінде баласының әрекетіне разы болмаған әке оны үйінен қуып жібереді. Ертегі қаһармандары өз мақсаттарына жету жолында қаскөй залымдарға тап болады. Олар бірде жеті басты айдаһар («Алтын мүйізді киік», «Айдаһар», т.б.) болса, кейде мифтік образ – жалмауыз кемпір, мыстан («Алтын сақа», т.б.) болады. Қаһарман айдаһарларды жеңсе, жалмауыз кемпірлерден амал-айласы арқылы құтылады («Тазша бала», «Қыздар мен жалмауыз кемпір»). Кейіпкерлерге кейде қарақұс («Жүсіп мерген») пен Самұрық («Күлсе аузынан будақ-будақ гүл түсетін, жыласа көзінен моншақ-моншақ маржан түсетін құс») көмектесіп, оларды биік тау, от дариясы, үлкен көлден өткізеді. Оқиға кейде аспанда, кейде жер астында, бірде жер бетінде өтеді. Ең соңында қаһарман іздегенін тауып қайта оралады, мұратына жетеді.

## Батырлық ертегі

Батырлық ертегілердің басты тақырыбы ерлікпен (қаһармандық) үйлену, неше түрлі құбыжықтармен, адам жегіш жалмауыздармен соғысу, рудың, елдің намысын қорғау<sup>157</sup>. Ғалымдар (М. Әуезов, С. Қасқабасов, Е. Костюхин, т.б.) батырлық ертегі-

<sup>157</sup> Сонда. 206-бет.

лерді сюжеттік сипатына қарай көне (архаикалық) батырлық ертегілер және кейінгі дәуірде XVIII – XIX ғасырлардағы жырдан туған ертегілер деп екі үлкен топқа бөледі. Алғашқы топтағы ертегілердің сюжеті кейіпкер өмірін түгел қамтыса, ал екінші топтағы ертегілер тақырыбы рулар мен тайпалар, қалмақтар мен қазақтар арасындағы ұрыс болып келеді. Сондықтан бұл топтағы ертегілердің қаһарманы қауіпті құбыжықтармен де, реалды жаулармен де соғысады. Алғашқы қауымдық қоғам ыдырай бастағанда пайда болған батырлық ертегінің бір бастауы көне миф пен хикая, ал екінші өзегі – қиял-ғажайып ертегі<sup>158</sup>. Бұл сюжеттің үлгілеріне «Құламерген», «Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай», «Жерден шыққан Желім Батыр», «Ақжан батыр», т.б.

Батырлық ертегіде жеке адамның рулық ұжымнан дараланып шыға бастауы көрініс тапқан. Басты қаһарман – алып батыр, ерекше адам болғандықтан, ол өз күшіне сенеді. Жаумен жеке шайқасады. Архаикалық батырлық ертегіде кейіпкер өмірі дерліктей қамтылады. «Керқұла атты Кендебай», «Ер Төстік» кейіпкердің дүниеге келуінен мұратына жеткенге дейінгі кезеңін түгел қамтиды. Кендебай жеті басты дәу мен алып арыстанды және сыйқыршы жалмауыз кемпірді жеңеді. Бұл ертегінің көнелілігін көрсетеді. Екінші топтағы ертегілердің желісі мұндай кең болмайды. Өйткені бұл салаға жататын ертегілердің көпшілігі батырлар жырының мазмұнын түгел қамтымағанымен оның қара сөзбен айтылатын түрі. Мысалы, «Алты жасар Алпамыс», «Қамбар батыр», «Алакөз батыр», т.б.

## Новеллалық ертегі

Новеллалық ертегілер әр алуан тақырыпты қамтиды. Мұнда түрлі жағдаяттар, әрі қызықты, әрі қорқынышты сапарлар, отбасындағы ерлі-зайыптылардың басынан өткен оқиғалар, адамның қым-қуат тағдыры және басқа сан алуан оқиғалар баяндалады. Шытырман оқиғалы болып келетін новеллалық ертегілердің сюжеттері қазақтан басқа бүкіл шығыс елдеріне тараған бірқанша сарындарды қамтиды.

---

<sup>158</sup> Гацак В.М. Восточнороманский героический эпос. – М., 1967. – с. 173.

Новеллалық ертегілердің қаһармандары батыр да, мерген де емес. Ол хан мен қолөнерші, уәзір мен кедей, би мен ұста. Өздерінің әлеуметтік тегіне қарамастан қаһармандар қайырымдылық пен әділеттік идеясын қорғайды. Сондықтан жанрдың функциялық нысанасы – гибрат алу, тәрбие беру<sup>159</sup>. Ертегі қаһарманы әр уақыт өзінің мақсат-мұратына жетуге ұмтылады. Ол әділ де ақылды болғандықтан үнемі адамгершілік жеңеді. Арамзалық жолмен бақытқа жеткісі келетіндер жеңіліс тауып отырады. Бас кейіпкердің жаулары қиянатшыл, екі жүзді, зұлым адамдар болады. Ертегі бұлардың теріс іс-әрекеттерін басты қаһарманның байыпты, кеңпейіл, ақылдылық, тапқырлық сияқты жақсы қасиеттерін қарсы қою арқылы әшкерелейді. Басқаша айтқанда озбырлық көрсеткендерге кешірім жасайды. Оларға бас кейіпкердің (жәбірленуші) өмірін өнеге етеді. Жақсылық жеңіп отырады.

Новеллалық ертегілердің бір шоғыры отбасы туралы болып келеді. Бұл ертегілерде ерлі-зайыптылардың бір-біріне адалдығы немесе бірін-бірі алдауы баяндалады. «Уәзірдің қызы», «Маорхұма», т.б. Ал екінші бір топ ертегі пайдалы кеңес, ақылды адамдар жайы сөз болады. Даналықты дәріптейді. «Үш өсиет», «Ақылды кеңес», «Аяз би», «Әділ сот», «Балтекей бидің соты», т.б.

Қазақтың новеллалық ертегілерінің құрамында «Мың бір түн» мен «Тотынамадан» тараған сюжеттерде де ұшырасады. Бірақ бұлар қазақ өмірінің шындығына бейімделіп айтылады. «Уәзір», «Күйеуден жеріген қыздың күйеуге ынтыққаны», т.б.

Жинақтап айтқанда, бұл ертегіде кейіпкер өмірінің кейбір кезеңдері ғана көрсетіледі. Өйткені басты нысана – кейіпкер арқылы өмірдің көлеңкелі жақтары мен кемшіліктерді сынау. Сондықтан басқа ертегілердегі асыра әсірелеудің орнына көркем баяндау басым орында тұрады, ертегінің сыншылдығы артады.

## Сатиралық ертегі

Сатиралық ертегілер қоғамдық өмірдегі дерт-кемшіліктерді күлкі арқылы әшкерелейді. Ауылдағы қарапайым адамдар – малшы, бай, молдалардың іс-әрекеті арқылы ауыл өмірін бейнелейді.

<sup>159</sup> Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – А., 1984. – 223-224-б.

Ертегі қанаушы, зорлықшыл, арамтамақтарды сынап, қарапайым адамдардың мерейін үстем етіп көрсетеді. Сондықтан бұл топтағы ертегілер басқа прозалық жанрлардан кешірек туған деп есептеледі. Таптық қоғамның кеселді дерттері барынша айқындалған дәуірде дүниеге келгенін байқаймыз. Қазақ сатиралық ертегілерінің бізге жеткен сипаты, негізінен, XV-XVIII ғасырларда, патриархалды-феодалдық қоғам тұсында қалыптасқан болу керек<sup>160</sup>. Сондай-ақ сатиралық ертегілерде ақымақтар мен қу тазша, Қожанасыр, Алдаркөсе сияқты бейнелердің болуы да ертегінің тың сапаға ауысқандығын көрсетеді. Өйткені бұлардың бәрі де бертін келе, халық дүниетанымына сәйкес пайда болған кейіпкерлер. Қоғамның дамуы адам баласының таным-түсінігін де кенейтеді. Сол себепті ертегі кейіпкерлерінің бұрынғы жақсы қасиеттері басқаша бағалануы мүмкін. Жаңа қоғамдық жағдайға бейімделе алмаған оны ел күлкіге айналдырады. Мысалы: «Делтір тентек», «Кеген тентек», «Намаз сатып алған бай», т.б. Алайда бұл ертегілердің кейіпкерлері басқаларға зияны жоқ, қайырымды. Осы қасиеті оны басқа кейіпкерлерден оқшау етеді. Халық қадірлейтін қасиеттердің иесі етіп көрсетеді. Сондықтан мақсатына жетіп отырады.

Ақымақ бала мен тазша туралы ертегілер шоғырына әділетсіздік пен сараңдық, жалқаулық сыналады. Сатиралық ертегінің кең танымал қаһарманы. Ол – өте ақылды-айлалы. Өзінің тапқырлығы мен табанды амалының арқасында тіпті, ханды да алдап кетеді. («Тоғыз тоңқылдақ, бір шінкілдек», «Кейқуат», «Ақымақ бала», «Қу тазша», «Айлалы тазша», т.б.).

Бірқанша ертегілер Орта Азия халықтарына кең тараған қаһармандар – Алдар көсе, Қожанасыр, Жиренше есімдерімен байланысты айтылады. Алдар көсе Шығайбай секілді дүниеқор сараңды алдап соғады. Тіпті, шайтаннан да қулығын асырады. Осы арқылы жақсы-жаманды тез аңғара білетін ақылды, қу, тапқыр адамдарды дәріптеп, ақымақтық-сараңдықты шенейді.

Сатиралық ертегінің бір түрі – анекдот. Оның басты ерекшелігі мынада: анекдот белгілі бір ұзақ сонар уақиға туралы әңгіме емес, қысқа ғана, аса елене бермейтін, қалт еткен бір құбылысты күлкі арқылы өрнектеп, маңызды қорытынды жасайды.

---

<sup>160</sup> Сонда. 232-б.



Фольклорлық анекдоттар әдетте қала өмірімен немесе белгілі бір жер аттарымен және Ахмет Ахай, Қожанасыр, Жалайыр, Тұрлымбет сияқты кейіпкерлерімен байланысты болып келеді<sup>161</sup>.

Қазақ анекдоттарының көпшілігі Қожанасыр есімімен байланысты болып келеді. Қожанасыр бір қарағанда өте аңқау, ақылы да шамалы адам сияқты болып көрінеді. Бірақ қандай қиын-қыспақ болса да Қожанасыр құтылып кетеді де, оның қарсыластары ақымақ болып қалады. Мәселен, «Мен сізге сенемін ғой», «Қожа қалай сот болды», «Менің шапаным үшін шу шықты», «Қожа қалай қой сойды», «Егер перінің қызын сүйгің келсе», т.б.

## Ертегіден тыс прозалық жанрлар (*аңыздық проза*)

Миф – халық әдебиетінің ең көне жанры. Миф дегеніміз – дүние-әлем туралы қиял-ғажайып түсінік. Қазақ фольклоры тұрғысынан қарағанда миф деп отырғанымыз – әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті, типологиялық сипаты мен оған сәйкес келетін дүниенің, жаратылыстың әр түрлі құбылыстары мен объектілерінің пайда болуын, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар<sup>162</sup>.

Адамзат қоғамы дамып, дүние туралы түсінік-сана кеңейген кезде алғашқы қауым адамдары табиғат пен адамның бір емес екенін түсінеді. Қоршаған ортадан, жан-жануарлардан өздерінің ерекшелігі бар екенін ұғады және оның себебін білуге ұмтылады. Сондықтан өздері туралы, Аң-құстар жайында түсіндірмелі мифтер шығарады. Алайда алғашқы қауым адамдары көне мифті қиял деп есептемеген, олардың мазмұнына шүбә келтірмеген. Басқаша айтқанда мифтік санадағы адам оны шындық деп білген. Мифтік сананың алғашқы кезеңінде жанды, жансыз заттарды

---

<sup>161</sup> Сонда. 236-бет.

<sup>162</sup> Сонда. 65-бет.

білмеген және адам мен жануарлар арасына шек те қоймаған. Мұндай ұғым дүниедегі нәрселердің бәрінің жаны бар дейтін анимистік сенімді қалыптастырған. Екінші жағынан, тотемдік мифтерде ол замандағы миф кейіпкерін жартылай аң, жартылай адам (зооантропоморфтық) кейпінде бейнелеген.

Мифтік дәуірде адам әр түрлі нәрсенің кейпіне түсіп өзгеріп кететіндігіне сенген. Мысалы, С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы «Ұйықтаған батыр» туралы мифті алуға болады. Демек, қазақ мифіндегі құбылудың себеп-салдары бар. Ғалымдардың айтуына қарағанда ол үш түрлі себепке байланысты болып келеді. Бірі – адам өте шаршағандықтан ұйықтап кетіп, сол бойда басқа, я болмаса аңға, құсқа айналып кетеді. Мұндай мифтер Африка мен Австралияның жергілікті тайпаларының фольклорында өте көп. Қазақ арасында да мұндай мифтерді кездестіруге болады.

Екінші себеп – адамның кінәлі болуы. Мұндағы құбылушылық жаза ретінде қабылданады. «Сынтас», «Келіншектау» мифтерінде қыздар әкесінің алдында кінәлі болғандықтан тасқа айналып қалады.

Құбылушылықтың үшінші себебі – зор қауіптен құтылу жолы. Адамға ғаламат қатер төнеді. Содан құтылу үшін ол не тасқа, не жұлдызға, т.б. нәрсеге айналып кетеді. Қазақта ондай мифтің бірі – Қазығұрт тауындағы «Қырық қыз» деп аталатын тастарға байланысты айтылады<sup>163</sup>.

Адамның қауіптен құтылу не шаршауына байланысты басқа кейіпке түсіп құбылу – адам өзін табиғаттан бөлмеген мифтік сананың алғашқы кезеңіне тән. Ал адамның кінәсіне байланысты басқа бір затқа айналуы мифтік сананың кейінгі өткен кезеңіне тән болғандықтан, бұл жаза түрінде адамның еркінен тыс бір себепке байланысты болатын жағдай деп білген. Өйткені бұл уақытта адам табиғат пен өзінің арасында айырма бар екенін ұққан. Кінәлі болып тасқа не аңға айналуы мифтік санадағы адамның сөздің магиялық күдірет күшіне сенуге негізделген «Келіншектау» мифі.

Қоғам дамыған сайын адамның санасы да өзгереді, өседі. Жаратылыс-табиғатты тануда бұрынғы мифтік түсініктер мен қиялға ғана емес, өздерінің өмір тәжірибесіне де иек артқан.

---

<sup>163</sup> Сонда. 72-73-бет.

Өздерін қоршаған ортаны, жан-жануарларды, әр түрлі құбылыс сырларын білуге ұмтылған. Осыдан келіп әр түрлі түсіндірмелі мифтер шығарған. Оларға аспан денелері, аңдар мен құстар және адамдар мен рулардың шығу тарихы жайындағы мифтер жатады.

«Классикалық көне мифтің басты кейіпкері – ілкі ата – демиург (первопредок – демиург), жасампаз қаһарман (культурный герой). Мифте әлемдегі нәрсенің бәрін жасаушы – солар, адам қоғамын, оның әдет-ғұрпын орнатқан да – солар, тіршілік атаулының бәрін дүниеге әкелген де – солар, адамға аң аулап, от жағып, тамақ пісіруді, яғни өмір сүруді үйреткен де – солар болып баяндалады»<sup>164</sup>. Сонымен, миф кейінгі замандарда тумайды. Ол алғашқы қауым жемісі болып табылады.

## Аңыз

Аңыз жанрының арғы түбі сөз жоқ ежелгі ру-тайпалық қауым кезінде жатыр. Оның көмескі көрінісін рулардың шығу тегін баяндайтын шежірелер мен тайпалардың соғысы туралы әңгімелерден атауға болады.

Аңыз дегеніміз – бір мекеннің, жергілікті жердің я болмаса бір елдің, тайпаның, рудың ауызекі шежіресі (устная хроника), бір аймақта болған оқиғаның әңгімесі<sup>165</sup>. Осыған байланысты аңызда белгілі бір жердің ғана оқиғасы әңгіме болады. Аңызда айтылатын оқиға ұлттық сипатта болып, аймақтық қана болады. Өйткені бір аймақтағы оқиғаға байланысты туған аңыз екінші жерге кең тарамайды. Тіпті, тараған күннің өзінде де алғашқы пайда болған аймақтық сипаты сақталады. Исатай-Махамбет жайындағы аңыздар Батыс Қазақстанда кең тараған. Алайда тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі халықтар мен бір кездерде бөлініп кеткен туыстас халықтардың аңыздары ұқсас болуы мүмкін. Бұған Қорқыт жайындағы аңыздарды айтуға болады.

Аңыз елдің бұрынғы тарихынан, өмірінен мағлұмат беріп, білімін кеңейтеді. Сондықтан оның танымдық функциясы

---

<sup>164</sup> Сонда. 89-бет.

<sup>165</sup> Сонда. 122-бет.

басым. Қазақстанның әр аймағында болған белгілі оқиғаларға байланысты айтылатын аңыздар көп. Сондай-ақ Әз Жәнібек, Жиренше, Асан қайғы, Абылай, Исатай, т.б. есімдері мен ақтабан шұбырынды кезіндегі оқиғалар және Қазақстанның әр жерінде болған көтерілістер жайындағы ауызша айтылатын прозалық шығармалар мен жер-суға байланысты айтылатын аңыздар бар.

Аңыз жанры ауызша айтылып тарайды әрі оқиғаның болған кезінен бері көп уақыт өтіп, әңгіме әсіреленіп, көркемдік сипат ала бастағандықтан, аңыздың варианттары пайда болып, оқиға көмескі тартады. Тіпті, оқиғаның мезгілі де ауысуы мүмкін. Аңыздық прозаның басқа жанрларынан мұның басты айырмашылығы тарихи шындық, ақиқатқа негізделуі.

Қазақ аңызын тарихи және топонимикалық деп екіге бөледі. Тарихи аңыздарда халық оқиғалар мен фактілерді өздерінің арман-мұраттарына сәйкестендіріп баяндайды. Тарихи аңыздарды тақырып-мазмұнына қарай шартты түрде бірнеше топқа бөледі: а) оғыз-қыпшақ заманынан елес беретін аңыздар (Қорқыт, Ахмет Яссауи, Арыстан Алып туралы әңгімелер, VIII – XII ғ.); ә) моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орда кезіндегі оқиғалар жайындағы аңыздар (Шыңғыс, Жошы, Тоқтамыс, Темір есімдеріне байланысты әңгімелер, XIII – XV ғ.); б) Қазақ хандығы тұсындағы оқиғалар мен қайраткерлер туралы аңыздар (Жәнібек, Асан Қайғы, Жиренше жайындағы әңгімелер, XV – XVII ғ.); в) қалмақтарға қарсы соғыс-ұрыстарға байланысты туған аңыздар (Абылай, Қазыбек, Әбілқайыр, Бөгенбай, Қабанбай аттарына қатысты әңгімелер, XVIII ғ.); г) Сырым, Исатай, Махамбет, Жанқожалар бастаған шаруалар көтерілісіне байланысты аңыздар (XVIII – XIX ғ.); XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыс туралы баяндалатын аңыздар<sup>166</sup>.

Уақыт өте келе әу баста аңыз түрінде пайда болған әңгімелер өзгеріске ұшырап, оқиға көмескіленеді және тың сапаға көшеді. Сөйтіп әпсана-хикаятқа айнала бастауы мүмкін. Дегенмен, тарихи аңызда бір кезде болған оқиғаның ізі сақталады. Мысалы, «Ақсақ құлан» аңызы бірнеше түрлі баяндалады. Себебі фольклорда тарихи факті сол қалпында суреттелмейді.

---

<sup>166</sup> Сонда. 126-127-бет.

Топонимикалық аңыз. Қазақтың топонимикалық аңыздары екі түрлі болып келеді. Бірі – тарихи оқиғамен, дәлірек айтсақ, қалмақтар мен қоқандықтарға қарсы соғыстармен байланысты болып келеді де, сол ұрыс болған жерлерді суреттеп, оқиғаны баяндайды. Мысалы, «Сары өзен» деп аталатын күй аңызы. Ал келесі аңызда топонимикалық сарын тарихи нақты оқиға аралас келеді<sup>167</sup>. Мысалы, «Шом қалған» аңызы.

Топонимикалық аңыздың екінші түріне мекен, жер-судың пайда болуын мифтік ұғыммен байланыстырмай-ақ қиялға негізделе әңгімелейтін шығармалар да жатады. Мәселен, «Жорғабел» аңызы. Мұндай аңыздарда оқиға қайғылы аяқталып, аңыз кейіпкері бақытсыз жағдайға душар болады. Қиял араласқан кейбір аңыздар факті-деректен алыстап, қоспалар қосылады, көркемдік сипат алады. Әсерлілігі артады. Сол себепті біртіндеп эпсана хикаят жанрына жақындайды. Мұндай шығармалар мағлұмат беруден гөрі эстетикалық функция атқаруға бейімделе бастайды.

## Хикая

Хикая дегеніміз – ел өмірде бар деп сенген неше түрлі жезтырнақ, үббе, албасты, күлдіргіш, жалғыз көзді дәу, шайтан, пері, дию сияқты нәрселер туралы діни нанымға негізделген әңгімелер<sup>168</sup>.

Бұл мақлұқтардың түп тегі – ежелгі замандағы мифтік сана мен діни нанымдар. Зерттеушілердің айтуына қарағанда хикая жанры – көне мифтің феодалдық қоғамдағы өзгерген түрі. Алайда хикая жанрының басты ерекшелігі сол айтушы оқиғаның шындығына күмән келтірмейді. Сондықтан ол оқиғаны болған деп баяндай отырып, тыңдаушыларды сендіруді мақсат етеді. Хикая көңіл көтеру үшін айтылмайды.

Хикаядағы оқиға түнде, тұманды кезде, иен жер, қалың тоғайлы тау іші, айналадағы қамыс арасында болатындықтан

---

<sup>167</sup> Сонда. 145-146-бет.

<sup>168</sup> Сонда. 95-96-бет.

тындаушыға қорқыныш тудыратын әңгіме болып келеді. Осындай хикаяның бірі «Мамай батырда» Мамай үйіне келген үш жолаушыға өзінің жезтырнақпен қалай кездескенін әңгіме етеді. Хикаяны айтушылар, аңшы, мерген, батыр болып, олар өз басынан өткен оқиғаларды қайтып оралғанда әңгіме етіп айтады. Сөйтіп оқиға біреуден-біреуге айтылу арқылы көпшілікке тарайды.

Алуан түрлі құбыжықтар жайындағы әңгімелер алғашында меморат (естелік) не хикая түрінде пайда болады да, даму барысында біртіндеп ертегіге сіңді. Кейбірі өзінше қалыптасады. Албасты жайындағы хикаялар да ел арасына кең тараған. Албасты хайуан кейде адам кейпінде сипатталады. Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов: «Албасты әйелдер босанғанда қастандық қылатын жын (дух). Оларды жезтырнақ деп те атайды. Албастылардың басшысы сөрел, бойы үш сажын, кеудесі қушық, аяғы бойына ұласып жатады, тұяғы жұқа болады...

Сөрел – орман перісі, кейбір ертегілердің мазмұнына қарағанда албастының күйеуі, әңгімелерде әрқилы бейнелерде кездеседі. Сөрел қалың жынысты тоғайларда тұрады, түрі адамдарға ұқсас, бірақ кеудесі тым ұзын, ағаштармен теңеседі. Адамды қытықтап өлтіреді»<sup>169</sup>, – деп жазады.

Албасты образы мен оның зиянды әрекеті жөніндегі хикая қазақтан басқа көптеген халықтардың (қырғыз, қарақалпақ, өзбек, түрік, татар, құмық, ноғай, түрікпен, ұйғыр, қарашай, т.б.) фольклорында, діни нанымдарында кең тараған. Бұл құбыжықтар көне мифтік ұғымдармен байланысты. Сондықтан хикая көне жанр болып есептеледі.

Жезтырнақ – тырнақтары жез болады. Бұл әйел бейнесіндегі жын (дух), орман-тоғайларда мекен етеді<sup>170</sup>. Жезтырнақ туралы хикая тек қазақ фольклорында ғана кездеседі. Хикая ұзақ даму жолын бастан өткергендіктен, сол мезгіл ішінде жаңа хикаялар туып отырса, екінші жағынан көнелері ертегіге айналған, басқа жанрлармен байланыста болған.

---

<sup>169</sup> Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – А., 1985. – 157-б.

<sup>170</sup> Сонда. 157-б.

## Әпсана хикаят

Әпсана-хикаят деп кейде ертеде болған бір оқиғаны көркемдей баяндайтын, бірақ көбінесе ойдан шығарылған, я болмаса кітаби және діни сюжетті барынша әрлеп, әсірелеп әңгімелейтін прозалық, шығармаларды айтамыз. Тақырыптық және сюжеттік мазмұнына қарай қазақ әпсана-хикаяттары шартты түрде тарихи-мекендік, кітаби-діни және утопиялық болып келеді<sup>171</sup>.

Аңыздың мақсаты тыңдаушыға мәлімет беру болса, әпсана-хикаяттың негізгі функциясы – ғибрат беру. Бұл екі жанрдың (аңыз, әпсана-хикаят) түп негінде өмірде болған бір оқиға болады. Әрі аңыз болған оқиғаның дәуіріне жақын болады. Оқиға онша көркемделмей, мағлұматтық мақсатта айтылады. Біртіндеп оқиға болған дәуірден алыстайды. Қоспалар қосылып, әу бастағы оқиғалар көмескіленеді. Әңгіменің көркемдік сипаты артады. Осыдан келіп аңыз әуел бастағы ерекшелігінен айрылады да, әпсана-хикаятқа ауысады.

Әпсана-хикаят кейде ойдан шығарылып, тарихи оқиғаға негізделмейді не болмаса басқа бір шығармадан (кітап, ертеке, құранның, т.б.) алынады. Белгілі фольклоршы ғалым С. Қасқабасовтың айтуына қарағанда, халық прозасының бұл екі жанры сонау алғашқы қауым адамдарының күнделікті тіршілігінде пайда болған. Сөйтіп, адамзат қоғамының әр кезінде туып та, өзгеріп те отырған. Бізге жеткендері сол бұрынғылардың негізінде туған шығармалар.

**Тарихи-мекендік әпсаналарда** белгілі бір жер-су мен мекеннің тарихы және тарихта болған адамның іс-әрекеті жайында сөз болады. Бірақ әңгіме дәл әпсана-хикаяттағыдай болмауы мүмкін. Соған қарамастан мекеннің де, адамның да тарихта болғаны шын. Сондықтан тарихи-мекендік деп аталады. Мәселен, «Тоқпанның балалары» әпсанасы және ажалдан құтылудың амалын іздеген Қорқыт туралы әпсаналарды атауға болады.

Түп тамыры көне заманның мифологиялық ұғым-нанымдарымен сабақтасатын хикаят жанрының қалыптасуы ислам дәуірінен бұрын. Ал ислам қазақ еліне кең тараған кезде ол жанр ретінде қалыптасқан. Ескендір туралы айтылатын фольклорлық

---

<sup>171</sup> Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – А., 1984. – 156-бет.

шығармалар эпсана-хикаятқа жатады. Ескендір патшаның өлмес суды іздеуі Рабғузидің «Кисса-сул әмбиясынан» келген. Екінші сюжет – қос мүйізді Ескендір мен шаштаразшы Низамидің «Ескендір-намасы» арқылы таралса, үшінші жұмаққа тап болып көз сүйегін алған Ескендір жайындағы сюжеттің негізгі – Талмудтағы мысал.

Утопиялық эпсана-хикаяттар – ғалымдардың айтуына қарағанда әлеуметтік өмірдің аласапыран шағында, халық бір қиындыққа тап болған кезде туатын көрінеді. Қауымға жайлы құтты қоныс не көпті қиындықтан құтқаратын бір қайраткер жөнінде аңыз-әңгіме шығады да, ол уақыт өте келе біртіндеп эпсана-хикаятқа айналады. Бұл шығармаларда өткен тарихтан бері қиялдан, арманнан туған оқиғалар мен кейіпкерлер дәріптеледі, заман, адам, жер-су, мекен халықтың қалауы бойынша суреттеледі, олар осылай болса екен деген тұрғыда көрсетіледі<sup>172</sup>. Мысалы, «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «Жер жаннаты Жиделібайсын», «Тығулы жатқан қазына», т.б.

«Жер жаннаты Жиделібайсында» кейіпкер елге, малға жайлы жержаһанды шарлайды. Осы сюжет кейде Асанқайғы, бірде оның әкесі Сәбит, кейде оның баласы Абат, кейде Өтеген батыр есімдеріне байланысты айтылады. Олар іздеген құтты мекен бірде Жерұйық деп аталса, бірде Жиделі-Байсын делінеді. Бұл – халық қиялынан туған жер. Сонымен, эпсана-хикаят – өз бойына миф пен аңыздың қасиетін сіңірген жанр.

Сюжеттік оқиғасына қарай тарихи-мекендік, кітаби-діни, утопиялық болып үш топқа бөлінетін эпсана-хикаяттың тарихи-мекендік, утопиялық сипаттағы әңгімелер эпсанаға, ал кітаби-діни оқиғаға құрылған шығармалар хикаят тобына жатады.

## Эпостық жырлар

Ежелгі замандардан бері талай ғасырлардың сүрлеу-соқпағы мен ұзақ даму жолынан өтіп бізге жеткен фольклордың құнарлы саласының бірі — эпостық жырлар. Эпос – халқымыздың сан

---

<sup>172</sup> Сонда. 175-бет.



ғасырлық арман-аңсарын, үміт-мұратын бойына сіңірген өнер мүлкі. Ол жұртшылықтың жай-күйін тербетіп рухани сұранысын өтеп келе жатқан бағалы байлық.

Эпикалық жырларды жинау, жариялау, зерттеу ісі ХІХ ғасырдан бастап қолға алына бастаған. Оның сыр-сипаты, даму жолдары, жанрлық, көркемдік ерекшеліктері образдар жүйесі туралы ілгерінді-кейінді зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Әсіресе ХІХ ғасырдың екінші жартысында эпикалық аңыздардың табиғаты жайында Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин түйін-тұжырымдары ерекше мәнді.

Эпикалық жырлардың көбірек зерттеу объектісіне айналған кезі ХХ ғасырдан басталады. Осы тұста Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов қатарлы оқымыстылар кейбір жырларды жазып алып жарыққа шығарған. Оларды жүйелеп, ғылыми тұжырымдар айтқан. Бұл мәселе қазан төңкерісінен кейін ерекше қолға алынды. Эпикалық жырлардың генезисі, тарихилығы, жанрлық белгілері мен көркемдік жайын сөз еткен арнаулы еңбектер жазылды. Осы қатарда М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, А.С. Орлов, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллин, Н.С. Смирнова, Е. Ысмайлов, Ы. Дүйсенбаев, Р. Бердібай, С. Қасқабасов, О. Нұрмағамбетова, Т. Қоңыратбаев, Ш. Ыбыраев, С. Садырбаев, Б. Әзібаева, А. Қыраубаева, Б. Абылқасымов, Т. Сыдықов тағы басқа ғалымдар орамды ойлар қозғап, эпикалық жырларды әр қырынан қарастырды, жекелеген зерттеулер жазды. Эпостанудың даму жолын аталған зерттеушілердің еңбегінсіз көзге елестету мүмкін емес. Ғалымдар ілгері-кейінді айтылған ой-тұжырымдарға сүйене отырып, эпикалық аңыз-дауларды жанрлық-стадиялық белгілеріне қарай төрт топқа бөледі: көне эпос, қаһармандық эпос, ғашықтық (романдық) эпос, тарихи эпос.

## Көне эпос

Өте ежелгі дәуірде қалыптасып, кейінгі замандағы эпостық дәуірге (әсіресе батырлық жырлар) негіз болған жыр түрі көне эпос деп аталады. Көне эпостың синкреттік сипаты басым болады.

Атап айтқанда мұнда фольклордың өзге жанрларының үлкен рөл атқаратындығы, әсіресе мифтің, ертегінің, аңыз-әңгімелердің, тұрмыс-салт жырларының тұтас көрінуі байқалады. Оның үстіне ежелгі замандардағы ру мен тайпалардың әдет-ғұрпы, салты, дүниетанымы да көне эпоста көркемдік ойлау тәжірибесімен астасып кеткен<sup>173</sup>.

Зерттеушілер «Құламерген, Жоямерген», «Дотан батыр», «Құбығұл», «Таласбай мерген», «Мұңлық – Зарлық», «Шолпан мерген», т.б. жырларды көне эпос үлгілеріне жатқызады. Көне эпос желісінің кейбірінде батырлық (әйел алу не ру, тайпа көлемінде), енді бірінде аңшы-мергендік арқау болған. Мәселен «Құламерген» жырының негізгі қаһарманы – Құламерген. Ол аңшылықты кәсіп етеді.

Тыңдасаң Құламерген бұрын өткен,  
Ақырда мұратына о да жеткен.  
Мұхиттың Ғазар деген аралында  
Өнерпаз мергендікпен мекен еткен.  
Астына Құлагер ат мініп жүрер  
Құс салып, қаршыға сап дәурен сүрер.  
Қызықтың неше түрлі бәрі өзінде  
Аң қуып, күндіз-түні ит жүгіртер<sup>174</sup>.

Құламергеннің бір аралды жалғыз мекен етіп, аңшылықты кәсіппен айналысуы эпостың көнелілігін көрсетеді. «Дотан батыр» жырында Құбақан байдың да мекені «елсіз, күнсіз жапан дала» болса, «Мұңлық – Зарлықтағы» Жаудыр шал да «қамыстан күрке қылып теңіздің жағасында балық аулап, жан сақтап, ауқат қылып жүреді». Сондай-ақ аңшылық өмір суреттері бұл жырдан да орын алған. Зарлық пен Мұңлық Шөгірлінің тауында аң аулап күндерін көреді. Үңгірде өседі.

Көне эпостың кейбірінде қалыңдық іздеп, қиын сапарға шығу тақырыбы басым жырланады. «Дотан батыр» жырында осы көне сарын көрінеді. Дотан күнбатыстағы Шынтемірдің Күнікей атты қызын іздеп, жеті жылдық қиын сапарға еріксіз аттанады. Мұның себебі әулеп, шаңырақ иесі деп есептелетін кенже баланы

<sup>173</sup> Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – А., 1993. – 60-б.

<sup>174</sup> Қазақ ауыз әдебиетінен таңдамалар. – Үрімжі, 1993. – 61-62-б.

«сынға» салып жетілдіретін көне салт жаңғырығы бар<sup>175</sup>. Кейін отыз тоғыз ағасына қалыңдық іздейді. Ол қандай қиындық болса да өз күшіне сенеді.

Ертегілік сарын көне эпостардың бірінде аз, бірінде мол көрініс беріп отырады. Алыс сапарға аттанған Дотанның мақсатына жетуге желаяқ, саққұлақ, таусоғар, көзбояушы, мергендердің көмегі аз болмайды. Осылардың ғажайып күш-қайрат, ерекше қасиеттерінің арқасында ғана Шынтемір ханның қызын алады. Мұндай ғажайып ерекшеліктері бар қаһармандар ертеректе де ұшырасады.

Көне эпоста адамзатқа қарсы жауыздық бейне – Мыстан кемпір. Оның айла-амалы да, күш-қуаты да мол. Қолынан келмейтін жамандығы жоқ. «Құламергенде» сумен ағып келген алтын шаш Гүлайымдікі екенін патшаға айтып береді.

Осылай залым кемпір сөз сөйлеген,  
Бар, – дейді, – бұл мұхитта Құламерген.  
Гүлайым алтын шашты қатыны бар  
Білмесең мынау соның шашы деген.

Патшаның тура жолдан таюына себепкер болады. Өтірік қайыршы болып, Гүлайымның су алатын жолын тосады. Оған өтірік жылап, Қасым патшамен өмірің қызық болады деп азғырады.

Мергендігі болмаса,  
Байында қанша өнер бар?  
Теңің емес күйеуің,  
Соның үшін айтам зар, –

дейді. Сөйтіп, Құламергеннің отбасын бұзушы Мыстан кемпір болады. Үш жүз жасқа келген мыстан адам баласына тек жамандық жасайды.

Мыстан кемпір «Мұңлық – Зарлық» жырындағы екі баланы ата-анасынан айырып бақытсыз етеді. Алпыс қатынның берген алтынына қызыққан мыстан обалды білмейді.

Мыстанның қолы қатты еді,  
Ұрған таяқ батты енді.

---

<sup>175</sup> Бердібай Р. Қазақ эпосы. – А., 1982. – 75-бет.

Жылаған даусын есітіп  
Біреу келіп қалар деп,  
Қол-аяғын берік ұстап  
Баланы суға атты енді.

Мыстан зұлымдықтың өзін сауап жұмыс деп дәлелдейтін халде көрінеді. Бұл сөз жоқ, ежелгі мыстан бейнесінің күшті эволюцияға түскенін танытады<sup>176</sup>. Мыстан жамандық жасау үшін неше түрлі айла-шарғы табады. Оның тұлғасынан да жан шошырлық. Жырда: «сол уақытта үш жүз елу жасқа келген, ыстық ішкен, суық тышқан, қабағы тырысқан, көрінгенмен ұрысқан, тізесіне шекпені жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген... жақсылық көрмеген, тілеуін құдай бермеген»<sup>177</sup> – деп сипаттайды. Мыстанның сиқы – осы.

«Дотан батырда» қалың тоғайлы өзенге келген Құбақанның балаларына алғашқы қауіп жалмауыз кемпірден болады.

Иісін адамзаттың алғаннан соң,  
Бұларға бір жалмауыз келе жатыр.

Тіпті, ұйықтап жатқан Дотанды жұтпақ болады.

Баланы ұйықтап жатқан көрді сонда,  
Қайран боп нұсқасына тұрды сонда.  
Жұтайын деп баланы келгенінде  
Тай теуіп жалмауызды қалды сонда<sup>178</sup>.

Дотан Көктайдың көмегімен аман қалады.

Мыстан кемпір бейнесі матриархат дәуірінде билік жүргізген ақылды әйелдердің өзгерген түрі<sup>179</sup>. «Мыстандардың хандарға, әкімдерге «ақыл айтып» беруші, дұшпанның сырын танығыш, құпиясын көргіш болып есептелуі бір кездегі әйел қауымы үстемдігінің, қарт аналардың культке айналуының, олардың дүниеде білмейтін нәрсесі жоқ деп саналуының жаңғырығы екені

---

<sup>176</sup> Бердібай Р. Қазақ эпосы. – А., 1982. – 75-б.

<sup>177</sup> Ғашық наме. – А., 1976. – 179-бет.

<sup>178</sup> Батырлар жыры. – А., 1961. – 2-т. – 149-бет.

<sup>179</sup> Каскабасов С. Казахская волшебная сказка. – А., 1972. – С-72.

табиғи. Сондықтан бұл мыстан кемпірлер «даналығы» ата еркі (патриархат) дәуіріне аяқ басады»<sup>180</sup>. Көне эпос кейіпкерлері көбінесе қаскөй күштермен (жалғыз көзді мыстан, жеті басты жалмауыз, дию, т.б.) күреседі. Қаһармандардың іс-әрекеті үлкен елдік мақсат үшін емес, өз руының мүддесі немесе жеке басы үшін болады. Дотан бірде Жазира бастаған қалмақтармен соғысады. Жырдағы жаулардың бірде жалмауыз кемпір, бірде қалмақ болып өзгеріп отыруы да әр заман шындығының елесінен хабардар етеді.

Сондай-ақ оқиға тым көтеріңкі ұлғайтыла суреттеледі. Күнекей қызды іздеп Дотан жеті жыл жол жүреді. Ешқашан шаршап-шалдығуды білмеді. Оның сапары жырда эпикалық әсірелеу тәсілімен бейнеленеді:

Бір заманда қыс болды,  
Қары жауып, мұз қатып.  
Бір заманда жаз болды  
Ұйықтаған жоқ бір жатып.

Оқымыстылардың айтуына қарағанда белгілі бір мақсат үшін алыс сапарға аттану, қиындығы мол жолға шығу да көне сарын қатарына жатады.

«Ер қанаты – ат» дейтін түсінік те көне эпостардан анық аңғарылады. «Мұңлық – Зарлықтағы» Зарлықтың Гүлсары тұлпарының шабысы да ерен.

...Шу дегенде Гүлсары ат,  
Қырық құлаш жазылды...  
Көтерілді Гүлсары ат  
Қарғығанда жануар  
Қырық арқан бойы ол кетті.  
Көкке қарап қырылдап,  
Ұшқан құстай қырылдап,  
Бұлтқа жақын ол жетті.  
Ар жағына дарияның,  
Мысықтай болып топ етті.  
Түскен жері тұлпардың,  
Ойыла жаздап солқ етті.

---

<sup>180</sup> Бердібай Р. Қазақ эпосы. – А., 1982. – 69-бет.

«Бұлтқа жақын жетуіне» қарағанда Гүлсарының «ұшатын» қасиеті барлығын көреміз.

Дотанның Қаракөк тайы:

Баланы тайы теуіп оятады,  
Оңтайлап өзін-өзі жаратады.

Құламергеннің аты:

Жануар құлагер жауды көріп,  
Пысқырып иесіне хабар берді.

Бұл екі ат та жауды күні бұрын біледі. Иелеріне хабар береді. Жырда бұлар ақылды жануар сипатында көрінеді. Ал Жоямергеннің Ділдеш аты бұлардан да асып түседі. Қысылған жерде Жоямергенге ақыл-кеңес айтады.

Мергенім, маған құлақ сал,  
Айтқан сөзді ұғып ал.  
Бұл дарияның түбінде  
Алтын қазан рас бар  
Ала алмайсың қазанды  
Бұл сөзімді естіп қал.  
Медет берсе құдайың  
Қазанға өзім барайын.  
Сенің үшін, жан достым  
Қорлыққа басым салайын, –

дейді. Сөйтіп, теңіз түбіндегі киелі қазанды алып шығады. Бұл – көне эпос пен қаһармандық жырлар дәстүріне де ортақ мотив. Тұлпарлардың мұндай қасиеттері көптеген дүние жүзі халықтарының қаһармандық эпостарында ұшырасады.

Сонымен бірге кейде оқиға жер асты – су патшалығында, жыландар елінде өтеді. Мифтік сана бойынша дүние-әлемнің үш бөліктен (төменгі, ортаңғы, жоғарғы әлем) тұрады дейтін көне түсінік те бұл жырдан көрініс тапқан. Тіпті, кейбір қаскөй күштер өңін айналдырып басқа кейіпке түседі.

Көш бастап келе жатып Құламерген,  
Баланы жылап жатқан көзі көрген.

Жалмауыз кемпірдің ұлы Орақ жас бала кейпіне түсіп жол тосады. Мұны білмеген Құламерген баланы артына мінгестіреді. Ол батыр мен әйелінің көзін байлап барлық қару-жарағын алады.

Сауытын, сайман-мылтық, оқ, найзасын,  
Жас бала түсіріпті бек сиқырлап.

Ақыры жеке шайқаста Орақты Жоямерген өлтіреді. Оның қыруар әскерін де қырып салады.

Көне эпостарда мифтік ұғымдар мен ертегілік сарындар аралас келе береді. Алайда зерттеушілердің көрсетуіне қарағанда мифтен гөрі ертегілік сарын басым екендігі айқындалған.

## Қаһармандық эпос

Қаһармандық жырлардың негізгі тақырыбы – сыртқы жауларға қарсы күрес, Отан қорғау. Яғни, батырлардың ерлік қимылдары шығарманың негізгі өрім-өзегі болып келеді. Қаһармандық эпос халықтың сан ғасырлық тарихын, салт-сана, арман-аңсарын жинақтайды. Әртүрлі оқиғаларды өзінше тұжырымдайды. Эпос тарихта болған оқиғаларды дәлме-дәл қайталамайды. Бірақ онда түрлі заманның сана-салты, наным-сенімінің із-сілемі сақталады. Ауызша айту арқылы бізге жеткен эпикалық жыр ұзақ даму жолын бастан кешті. Сонау «сақ заманында, алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау кезеңінде дала тайпаларында қаһармандық эпос пайда болды»<sup>181</sup>.

Қоғам дамуына байланысты эпикалық аңыз-даулардың хас белгілері түрленеді, жанрлық түрлері қалыптасады. Эпикалық жырлар ауыз әдебиетінің басқа жанрларымен байланыста дамиды. Әлде бір батырдың қоштасуы және соны жоқтауға байланысты өлең-жырларды алғашқыда бір ақын басын құрап, тұңғыш эпостық жырдың тууына негіз қалауы ықтимал<sup>182</sup>. Сонымен, елдің тыныштығы үшін күресу, жауды жену, бақытты заман, азаттық жолында әрекет ету қазақтың батырлық жырларының бәріне тән.

<sup>181</sup> Қазақ фольклорының тарихылығы. – А., 1993. – 177-б.

<sup>182</sup> Әуезов М. Шығармалар. – А., 1969. 2-т. – 206-б.

Қаһармандық жырлардың көбіне ортақ басты белгілерінің бірі болашақ батыр ғажайып түрде дүниеге келеді. Әуелі қартайған ата-ана баласыздық зарын тартады. Олар мұрагерінің жоқтығына, руының қорғансыздығына қайғырады. «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларының көптеген нұсқаларында кәрі ата-ананың бір перзентке зар болуынан бастайды. Алдымен Тоқтарбайдың байлығын таныстырып өтеді.

Халықтан асқан болды бай,  
Байлығында есеп жоқ.  
Айдалып бағып жайылды,  
Төрт түлік малдың бәрі сай<sup>183</sup>.

«Алпамыс батыр» эпосындағы Байбөрінің байлығы да осал емес.

Тоқсан мың екен қорасы,  
Мұрындық нокта тимеген.  
Түйешілер мінбеген,  
Сексен мың екен маясы.  
Шұрқырап жатқан бір жылқы,  
Тоғай сайын мың жылқы  
Есебі жоқ көп жылқы –  
Жиделі-Байсын даласы.

Осыншама байлықтың иелері Тоқтарбай мен Байбөріде бала жоқ. Сондықтан мұндай байлықтың құны шамалы. Өйткені Байбөрінің «соншама бай болса да, жоқ еді ердің баласы» деп оның баласыздығын бақытсыздық ретінде көрсетеді. Баласы болмағандықтан әркімге есесі кететінін Байбөрінің өзі де айтады:

...Сүйегім кетті жасық боп,  
Досым кетті қашық боп.  
Көретін күнім көр болды,  
Бір перзентке асық боп.  
Аққан жасым тия алмай,  
Перзенттің зары өтеді.  
Баласы жоқ адамның,

---

<sup>183</sup> Батырлар жыры. – А., 1963. – 1-т. – 21-бет.



Әркімге ақы кетеді.  
Байбөрі қубас деген сөз.  
Сүйегімнен өтеді.

«Қобыланды батыр» жырындағы Тоқтарбайдың да халі мүшкіл. Бала – әулет жалғасы. Екінші жағынан құда-жекжаттың көп болуы да балаға байланысты. Сондықтан баласыз Тоқтарбайдың «қайғымен қан жұтуы» орынды.

Сексен жасқа келгенше,  
Бір бала көрмей Тоқтарбай  
Қайғыменен қан жұтып,  
Ақылынан адасқан.

Баласыздық сарыны «Ер Шора» жырынан да орын алған.

Бір перзенттің жоғынан,  
Нәрікбай мен Құлқаныс  
Болмады көңіл тұрағы.  
Анда-санда аһ ұрып  
Жылаушы еді зарланып,  
Киіктей өлген лағы, –

дейді жырда.

Эпикалық жырда перзентсіз ата-ананың жайын ерекше мән бере жырлайды. Себебі болашақ батыр дүниеге жай келмеуі керек, төтенше жағдайда өмірге келуі шарт. Бұл – кейіпкерді басқалардан ерекшелендіретін көркемдік тәсіл. Сондықтан қартайған ата-ана әулие-әнбиелерге жалбарынып, тәңірден «тілеп алуы» керек. Қалай десек те қаһарманның ғажайып жағдайда тууы ертегі мен эпостың сюжеттік желісінде негізгі орында тұрады. Оның бірнеше түрі бар: төтем-бабаның баласы, аталар аруағының жәрдемі, мұсылман әулие-әнбиелердің көмегі және баланың төтенше жағдайда (әкесі үйде жоқта) тууы<sup>184</sup>. Болашақ батырдың ғажайып жағдайда дүниеге келуі түркі-моңғол тілдес халықтардың эпикалық аңыздауларында жиі кездесетін сарын.

Қобыланды, Алпамыс, Ер Кеңес, Шора осындай жағдайда

---

<sup>184</sup> Қасқабасов С. Ертегі пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. – А., 1981. – 240-б.

әулие-әнбиелердің желеп-жебеуімен дүниеге келген батырлар. Болашақ батырдың анасы жүкті болғанда жыртқыш жан-жануарлардың етіне жерік болады. «Алпамыс батырда» Аналық қабыланның етіне, «Ақжонас ұлы Ер Кеңесте» Арубибі жеті сары үйектің (жылан) басына, «Ер Шора» жырындағы Құлқаныс жолбарыс етіне жерік болады. Мұндай күшті хайуанаттардың етін жерік асы ретінде жеуі дүниеге келетін сәбиге ерекше қасиет дарытады деген түсініктің ұштығы да болуы мүмкін. Болашақ батыр осындай тосын, ерекше жағдайда тумаса, ол есейгенде сан мың жаумен жалғыз шайқаса алмас еді. Сондықтан қаһармандық эпоста батырдың ғажайып тууы керек. Эпостың жанрлық табиғаты осыны қажет етеді. Өйткені эпостағы қаһармандар көбінесе өмірдегі болған адамдардың емес, ел түсінігі бойынша болуға тиісті жандардың бейнесін елестетеді<sup>185</sup>. Кейіпкерлердің ғажайып жағдайда дүниеге келуі Орта Азия халықтарының фольклорында көп ұшырасады<sup>186</sup>.

Қаһармандық эпостардағы ғажайып жағдайда дүниеге келген батыр тез есейеді. Оның күш-қайраты жас кезінен-ақ байқалып, жедел жетіледі. «Қобыланды батыр» жырында: Қобыланды алты жасқа келгенде-ақ тобылғы менді торыға мініп, қолына қару алады.

Алты жасқа келгенде,  
Арыстан туған Қобылан.  
Қазынадан қамқа киеді,  
Өзімнің емшім болсын деп  
Тобылғы менді торы атты  
Енші қылып мінеді.

Ал «Алпамыс батыр» жырында Алпамыс он жасқа келгенде қалыңдығын іздеуге аттанбақ болады. Ашуланған Алпамыс шұбар атты «құйрықтан алып лақтырады». Күш-қайратын осылай танытып, тұлпарға ер салады.

Саймандарын сайланып,  
Алтыннан кемер байланып,

---

<sup>185</sup> Бердібай Р. Қазақ эпосы. – А., 1982. – 94-б.

<sup>186</sup> Жирмунский В.М. Сказание об Алпамысе и богатырская сказка. – М., 1960. – С. 169-170.

Абжыландай толғанып,  
Қызыл найза қолға алып,  
Шұбарға қарғып мінеді.

Жасынан-ақ ерлік танытып, ерекше екенін көрсету басқа эпоста да ұшырайды. Ер Сайында:

Сегіз жасқа келгенде,  
Секіріп атқа мінгендей.  
Балдағы алтын ай болат  
Аш беліне ілгендей, –

деп дәріптеуі тегін болмаса керек.

Ер қоғаны боларлық батырды халық осылай мадақ етеді. Басқалардан айрықша етіп көрсету халықтың арман-аңсары, эпикалық әсірелеу.

Ғажайып жағдайда туып, тез ержеткен батыр өзіне лайық ат таңдап мінуі керек. Өйткені қиян-кескі шайқаста батырдың жеңіске жетуінің бір себебі астындағы мінген атына да байланысты. Батыр үшін жүйрік тұлпардың орны бөлек. Атсыз жеңіс жоқ. Осындай ұғым-түсінікті бойына сіңірген эпикалық жырларда жүйрік ат бейнесі ерекше ілтипатпен жырланады. Ат батырдың ең сенімді серігі ретінде көрсетіледі. «Қобыланды батырдағы» Тайбурылдың шабысын дамыту тәсілімен көтеріңкі шалқыта жырлайды.

Кешке таман Тайбурыл,  
Жын сокқанға ұқсады.  
Құлан менен құлжаның  
Ұзатпай алдын тосады.  
Көл жағалай отырған  
Көкқұтан мен қарабай  
Көтеріліп ұшқанша  
Белінен басып асады...

«Алпамыс батырдағы» Алпамыстың Байшұбары да нағыз жүйрік ат. Айлық жерді бір күнде басып өтеді. Эпикалық жырлардағы тұлпарлар тұлғасы мейлінше тартымды жырланады. Ел намысын жоқтаған батырдың атын да ерекше етіп көрсетеді.

Ауыздықпен алысып,  
Ұшқан құспен жарысып,  
Бір күн шапса шұбар ат  
Айлық жер алып береді.

«Ер Шора» жырындағы Шора мінген Шұбар аттың шабыс қарқыны да ғажап. Ақын, жыршылар ат сипатын бергенде небір тамаша көркемдеу құралдарын қолданған.

Кісі қарап болмайды,  
Ер Шораның бетіне.  
Ор қояндай ойнақтап,  
Келеді Шұбар секіре.  
Жер табанын тартады  
Айдаһардай лебіне.

«Ер Тарғын» эпосындағы тарлан ат та айшылық жерді алты аттайды. Эпикалық аңыздаулардағы жүйрік аттың көбі қиын-қыспақ шақта батырларға серік бола білетін ақылды жануарлар ретінде сипатталады.

Алпамыстың Байшұбары иесінің иісін сезіп, жеті қабат темір қапасты бұзып шығады. Алпамысқа мінгеспек болған мыстанды тебеді. «Ер Тарғында» Тарғынның арлан аты жау келе жатқанын иесіне сездіреді.

Бір уақыт болғанда,  
Бұл Тарланы пысқырды.  
Пысқырғанмен қоймады.  
Және жерді тебінді  
Хайуан бүйтіп не білді.

Батырлар образын жүйрік тұлпарлар толықтырып отырады. Олардың жеңіске жетуіне септігін тигізеді. Жау мен досты айыра білетін есті жануарлар ретінде көрсетеді. Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Қамбардың Қарақасқасы, Тарғынның Тарланы, Ер Шораның Шұбары осындай аттар. Батыр мен тұлпар бейнесін дәріптеу қазақ қана емес, түркі-моңғол халықтарының фольклорында ежелден қалыптасқан дәстүр.

Қаһармандық эпостарда батыр ерекше жағдайда ерлікпен үйленеді. Әр түрлі қиын сынақтардан өтеді. Қобыланды Құртқаны

алу үшін алдымен алтын теңгені атып түсіреді. Онан соң қызға таласқан қырық бес кез Қызыл ермен айқасады. Менменсіп шіренген оны тоқымға салып сүйретіп өлтiреді.

Қызыл ердi сүйреттi,  
Қабырғасын күйреттi.  
Менсiнбеген дұшпанды,  
Акыл тауып үйреттi.

Қобыланды өзiнiң алғашқы батырлығын осылайша танытады. Алпамыс батыр да Гүлбаршынды алу үшін Қараман бастаған қалың қалмақты жеңеді. «Ер Тарғын» жырындағы Тарғын батыр жаудың қамалын бұзып ерлік көрсетеді. Хан қызы Ақжүніс оның батырлығын білген соң ғашық болады. Қамбар батыр да Әзімбайдың жауы – қалмақтарды жеңіп, Назымды алады. Бұлардан шығатын қорытынды сол, батырлар қиын сындардан сүрінбей өтіп, ерлік, батырлық көрсету арқылы үйленеді. Бірақ мұның бәрі де батырлықтың алғашқы даярлығы. Екінші жағынан, батырлардың кәметке толғандығын көрсетеді.

Батырлардың нағыз ерлігі ел қорғау жолында, халықтың жауларына қарсы күресте көрінеді. Батырлар образы осы тұста сомдалады. Халық үшін туған батырлардың басты борышы елінің тәуелсіздігін қорғауы қажет. «Қобыланды батырда» Қобыланды ноғайлының жері мен елін жаулап алмақ болған қызылбастың елінен шыққан Қазанға қарсы аттанады. Қобыланды мен Қазан алдымен сөзбен қағысады, онан соң жекпе-жек соғысады. Жеке шайқасты:

Бiрғай сапты сүнгiнi,  
Бiрғай, ырғай салысты.  
Итерiсiп тұрысты,  
Найза қанға майысты...  
Тебiнгiге тер катып,  
Қақырғаны қан татып,  
Түкiргенi жын татып,  
Қанжарменен қармасты,  
Семсерменен серместi... –

деп суреттейдi.

Жекпе-жекте жау батырын жеңген Қобыланды самсаған қалың қолды да жалғыз жайпайды. Бұдан соң батыр Көбікті, Алшағыр, Шошай қатарлы жаулары жеңеді. Ноғайлы жұртының тыныштығы үшін күреседі. Жаудың сан мыңдаған әскерімен соғысады. Осындай қызыл қырғын шайқаста батырдың батыл-батырлығы, күш-қайраты даралана түседі. «Алпамыс батырда» Алпамыс өзі жоқта елін шауып кеткен Тайшық бастаған қалың қалмақтармен соғысады. Бірнеше батырларын жеңген Алпамысқа көп әскер лап қояды. Қиян-кескі ұрыс басталады.

Есепсіз қалмақ қырылды,  
Жабысқан бұдан удай боп.  
Майданнан аққын қызыл қан,  
Сарқырап ақты судай боп.  
Сол уақытта еш соғыс,  
Өткен емес мұндай боп.

Алпамыс елін шапқан қалмақтарға ойран салып, кегін қайтарады, халқының намысын қорғайды. Жырдың басты сарыны елінің бейбіт өмірі үшін күрескен ерлікті мадақтау. «Ер Тарғын» эпосындағы Тарғын батыр да ноғайлы елінің тыныштығы үшін күреседі. Өзінің күн-түн қатып жортқандығы мақсатын ашық айтады.

Аттанбадым олжа үшін,  
Аттанғаным кәпірге,  
Ата-бабам ежелден,  
Ескі кегі бар үшін, –

дейді Тарғын. Ноғайлы елінің жер-суын тартып алған қалмақтардан есе қайтаруды мақсат етеді. Соғысты алдымен қалмақтар бастайды. Тарғынның даңқы қалмақтардың қолбасшысы Домбауылмен шайқаста ерекше байқалады. Онан соң жаудың сансыз қолымен соғысып, оларды да жеңеді. Жалғыз Тарғынның осынша көп жауды жеңу себебі – ел намысы үшін алысқан батырды халықтың сүюі, халықтың да арман-мұраты. Сондықтан көпке қорған болған батырдың әрекетін үлгі етеді. Оның жорықтары күш-қайратын дәріптейді.

«Қамбар батыр» эпосында «алпыс үйлі арығымен, тоқсан

үйлі тобырды» бағатын Қамбар батыр да ел шетіне жау келгенде тегеурінді қимыл-әрекетке барады. Ноғайлы елінің еркіндігі үшін ұрысқа шығады. Айрықша күш иесі екенін көрсетеді.

Эпикалық жырлардың негізгі қаһарманы – батыр асқан күш иесі болғандықтан, олардың жаулары да осал емес. Бұл екі жақтың батырларының жекпе-жек сайысынан анық байқалады. Қалмақ батырлары Қазан, Көбікті, Алшағыр, Домбауыл, Тайшық, Қараман бәрі де ешкімнен кем түспейді. Жау батырларында да қайтпайтын жүрек, қажымайтын білек бар. Қобыланды батыр Көбіктіні Қарлығаның айла-ақылымен ғана «кіндіктің басынан» атып жеңеді. Ал Көбіктінің баласы Біршымбайдың күші әкесінен де асып түседі. Ол төрт батырмен жалғыз өзі соғысады. Оның күшін:

...Қобыландыны бір шаншып,  
Қарлығаны бір шаншып,  
Қарамайды бір шаншып,  
Ер Орақты бір шаншып,  
Көгала атпен Біршымбай  
Сыпыртып өтіп жөнелді.  
Және айланып толғанып,  
Және найза қолға алып,  
Ер Орақты бір шаншып,  
Қарамайды бір шаншып,  
Қарлығаны бір шаншып,  
Қобылындыны бір шаншып,  
Сыпыртып өтіп жөнелді, –

деп суреттейді. Осы қимыл іс-әрекетіне қарағанда Біршымбай да жеңілетін батыр емес. Қарлыға оны айламен өлтіреді. Эпикалық жырлардағы жау батырларын да орасан күш иесі етіп көрсетеді. Олардың батырлары да ұлғайтыла суреттейді. Екі жақтың батырларын қарама-қарсы қойып бейнелеу арқылы эпос қаһарманының ерлік күш-қуатын да көтере түседі.

Қаһармандық жырларда бұлардың басқа бір шоғыр әйелдер бейнесі сомдалған. Олар батырдың ақылды жары, көмекші серігі ретінде сипатталады. Қобылындының тұлпары Тайбурылды бағып-баптайтын Құртқа болады. Құртқа Қобыландының әйелі ғана емес, ақылшысы да бола біледі. Қараманның қолқалауымен

Қазанға аттанбақ болған Қобыландыға сәлем айтып, бұл сапарға бармауын өтінеді. Қараманның батыр емес екендігін де біледі. «Аздың бар ма теңдігі, құрдастың бар ма елдігі» дейді. Бұл сөзге тоқтамайтынын білген батырға:

Көбіктің екі аты,  
Үйіріне қарай қашқанда,  
Сол уақытта көрінер,  
Астындағы бурылдың  
Қырық үш күндік кемдігі, –

дейді Құртқа. Кейін айтқаны дәл келеді. Батыр кеткен соң ел-жұртының қандай күйге душар болатынын да айтып береді. Алшағырды алдап қорғаннан шығады. Алшағыр елді шапқанда от жаққан күлдің астына азық көміп кетеді. Өзінің ақыл-айласы арқылы Алшағырдың тұтқынынан босауға әрекет етеді. Құртқа қиын-қыспақ заманда жол таба білетін ақыл иесі екенін көрсетеді. Батырдың нағыз жанашыр жақыны бола біледі. Ел қамын да есінен шығармайды.

«Алпамыс батырдағы» Гүлбаршын да жағымды жағынан көрінетін образ. Ол – Алпамыстың қалыңдығы. Қалмақ батыры Қараманның құрығынан құтылу үшін түрлі айла табады. Алпамыстың келер жолына хат жазып кетеді. Ел жауы қалмаққа баруды ар санайды. Алпамыстың тілеуін тілейді:

Айналайын, қарағым,  
Құтты болсын талабың!  
Алла тағала жар болып  
Оныңның тұрсын самалың!–

деген сөзінен оның ой-арманы анық аңғарылады.

Алпамыс жеті жыл хабарсыз кеткенде көп қиындық көреді. Ұлтанның мазағына да төзеді. Бірақ Алпамысты үмітін үзбей күтеді. Батырдың адал да қамқор жары ретінде бейнеленеді.

«Ер Тарғын» эпосындағы Ақжүніс те халықтың қалаулы батырын ұнатады. Хан сарайын тастап Тарғынмен кетеді. Ақжүніс өзінің бас еркіндігін қорғай білетін жігерлі қыз сипатында көрінеді. Арттарынан келген қарт Қожакты ұтымды сөзі арқылы тоқтатады. Жыр алдымен Ақжүністің портретін жасайды.



...Бет ажарын қарасаң,  
Жазғы түскен сағымдай.  
Ет ажарын қарасаң,  
Қабығынан айырған,  
Арпа-бидай, ақ ұндай.  
Қасы сарыжадай керілген,  
Кірпігі оқтай тігілген,  
Бұралып белі бүгілген.

Ақжүніс – ажарына ақылы сай намысты қыз. Ол қиын сәтте батырға ақылшы, серік болады. Тарғын мертігіп жатқанда намысын қайрап, күш береді.

Ағаштан биік мерт тауып,  
Қорлықпенен өлген ер!  
Қай батырдан кем едің,  
Өлерде болдың кара жер, –

деп намыстанады. Тарғынның белінің жазылуына Ақжүністің осы сөзі себеп болады. Әрі батырдың бұдан кейін не істеу керек екенін айтып, оған ақыл-кеңес береді. Ақжүніс – батырдың ақылшы серігі, намысты, өжет қыз бейнесінде көрінеді.

«Қамбар батыр» жырындағы Әзімбайдың қызы Назым бейнесі де өзіндік іс-әрекетімен ерекшеленеді. Ол «тоқсан үйлі тобырды» асырап отырған Қамбардың адамгершілігін тани біледі. Кедей-кепшік қауымға пана болып жүрген оны ұнатады. «Жұртқа тұлға болғандай, сол себеп сені тежеймін» деп өзінің ойын ашық айтады. Алайда «шыбықтай белі бұралған, қағаздай кірсіз ажарлы» Назымға көп адам ынтық болады. Бірақ өзінен үміттенген адамдардың біріне назар аудармайды.

Жауап бермеді қыз Назым,  
Жиылып тұрған кісіге.  
Қарамады назар сап,  
Еш пенденің түсіне.  
Қалағаны келмесе  
Басқаменен ісі не? –

дейді жырда.

Оның ойлайтыны Қамбар ғана болады. Сондықтан «алты

ағасын, әкесін ақылменен билеген» Назым батырмен тілдеуге әрекет етеді. Өйткені Қамбарды ел қорғаны деп ұғады. Ол өз бақыты үшін күресіп, ақыры мақсатына жетеді.

Қаһармандық эпостарда әрі сұлу, әрі ақылды әйелдердің келісті де кемел образы жасалған. Олардың бәрі де батырларға қиын кезде ақыл-кеңес те бере білді, көмекші, сүйеніш те бола біледі. Сол себепті батырлардың жанашыр жары ретінде олардың іс-әрекетін мадақ ете жырлаған.

## Ғашықтық эпос

Қазақ халқы эпикалық мұрасының бір саласы – романдық немесе ғашықтық эпос. Романдық жырлар кезеңдік, стадиялық жағынан алып қарағанда, архаикалық, қаһармандық эпостан соңғы мезгіл туындысы<sup>187</sup>. Алайда бұл топтағы жырлардың да кейбірі «көне заманда, қазақ халқының басы құралмай, рутайпаларға бөлініп тіршілік етіп жүрген кездерде пайда бола бастаған деп топшылауға болады»<sup>188</sup>. Ал романдық эпостардың таңдаулы туындысының бірі туралы академик Ә. Марғұлан: «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» ескі дәуірдегі сюжеті біздің заманымыздан екі мың жылдан аса бұрын шыққан»<sup>189</sup>, – деп жазады.

Осы тұжырымға қарағанда романдық эпос та алыс замандардан бастау алады. Әрі ұзақ уақыт ауызша айтылып, біреуден біреу жаптап айту арқылы біздің заманымызға жеткен. Сондықтан романдық эпостардың да варианттары көп. Сондай-ақ сол нұсқалардың бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары да жоқ емес.

Бұл топтағы жырлардың негізгі тақырыбы – бас еркіндігі, сүйіспеншілік. Қазақтың ғашықтық жырларын үлкен екі топқа бөліп қарау қалыптасқан. Бірі – лиро-эпос, екіншісі – шығыстық дастандар. Бірде лиро-эпос, бірде ғашықтық жыр, соңғы кездері романдық эпос аталып жүрген шығармалар тобының басқа (көне, қаһармандық, тарихи) эпостардан жанрлық айырмашылығы бар.

---

<sup>187</sup> Типология народного эпоса. – М., 1975. – С.4.

<sup>188</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1960. – 1-т. – 1-к. – 501-б.

<sup>189</sup> Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – А., 1985. – 307-бет.

Әр топтағы эпостардың өздеріне тән ерекшеліктері жырдың оқиғасынан, қаһармандардың мұрат-мақсаты, іс-әрекеттерінен, көркемдік әдіс-тәсілдерінен анық аңғарылады.

Қазақтың ғашықтық жырларына «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Күлше қыз», «Мақпал – Сегіз», т.б. жатады. Эпикалық жырлардың басқа түрлерімен салыстырғанда ғашықтық жырларда халықтың тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, әдет-ғұрпы көбірек көрініс табады. Осыған орай қаһармандардың сыр сезімі кеңірек баяндалады.

### Қозы Көрпеш – Баян сұлу

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – қазақ романдық эпосының көнесі. Жыр арқауы – Қозы мен Баян арасындағы сүйіспеншілікке құрылған. Эпосты арнайы зерттеген оқымыстылардың мәліметіне қарағанда, жырдың башқұрт тіліндегі бір нұсқасын 1812 жылы Т. Беляев жазып алып Қазанда жариялаған көрінеді. Жырдың көптеген нұсқаларын ХІХ ғасыр бойында орыс ориенталистері жинап бастырған. Бұл эпостың сюжеттері қазақтан басқа башқұрт, Сібір татарлары, ұйғыр, саха, телеуіттерде сақталған. Ал қазақтарда жырдың жиырмаға жуық варианты бар екені анықталған. Көбіне жыр соңы қайғымен аяқталып, Қозы мен Баянның өлімімен бітеді. Ал екінші бір нұсқада Қозы тіріліп, екі ғашық қосылады. Балалы болып отыз бір жыл өмір сүреді. Зерттеушілер жырдың осылай бітуін айтушы ақын-жыршылардың ел аңсарына лайық жасаған өзгерісі деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, Қозы мен Баянның мазары деп аталатын күмбез қазіргі Аякөз ауданына қарасты Таңсық деп аталатын ауылдың (село) жанында.

Ғашықтық жырлардағы оқиға өрілімі сыртқы жаулармен шайқас болмағандықтан, онда әлеуметтік тұрмыс-салт көріністерінен хабар беретін жол-жоралғылар көп. «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» жырында Қарабай мен Сарыбай аңда жүріп достасып, құдаласады. Бұл өте ескі жыр болғандықтан баталасудың ең бір көне түрі көрінеді. Ана құрсағында жатқан балалар «белқұда», «ежеқабыл» деген шарт батамен қосылуға міндетті болады<sup>190</sup>.

---

<sup>190</sup> Әуезов М. Шығармалар. – А., 1969. – 373-б.

Сонымен, жарық дүниеге келмеген сәбилерді атастырып қояды. Сондай-ақ күн көрістің ең бір ескі түрі – аңшылық та көрініс тапқан. Қарабай өзі көлденең тартып, Сарыбайға буаз маралды атқызып алады.

Саған айтпай сөзімді кімге айтайын,  
Ұялмай үйге қайтып бос қайтайын.  
Өлсем де, атып берші, бір тояйын  
Мағшардағы күнәсін мен тартайын<sup>191</sup>, –

деп таусыла сөйлейді. Буаз маралды ату – нағыз қатыгездік. Кінәлі – Қарабай. Кенеттен қайтыс болған Сарыбайды айдалада қалдырып, марал мен егіз қодығын теңдеп алып тайып отырады. Ол адамгершілік, обал-сауапты белден басып, кете беретін дүниеқоңыз, қара жүрек жан екені бірден аңғарылады. Қатыгездік, дүниеқорлық, сарандық, опасыздық сияқты мінез-құлықтардың бәрі Қарабай бойынан табылады.

Тұрады сол Қаракең өнер басып,  
Кәпірді көрген адам тұрмас қостап.  
Маралды егіз қодығымен теңдеп алып,  
Достығын бек сөйлескен кетті тастап.

Адам өліміне де сезімі селт етпейтін мейірімсіз. Ол үшін дос-жар түкке тұрмайтын пейілі жаман адам ретінде көрінеді. Қарабайдың осындай мінез-машығы жырдың өн бойында көрініп отырады.

Сарыбайдың әйелінің ұл тапқанын хабарлауға келе жатқан адамдар жолда Қарабайға жолығады. Оларға Сарыбайдың жөнін де айтпайды. «Не етесің босқа сұрап Сарыбайды, сұрасаң Сарыбайды марғау еткен» деп қыңыр жауап береді. «Әйелің қыз туды» деп сүйінші сұраған сақау қатынды қамшымен сабайды. Бұл ісі де оның мейірімсіз, сарандығын көрсетеді. Ал бесікте жатқан Қозыны көргенде «Мені жұтар жалмауыз туыпты» деп Бақа айғырға міне қашады. Қарабайдың осы іс-әрекеттерінің бәрі де оның қандай адам екенін аша түседі. Ол уәдені ұмытып, тасбауыр жан екенін көрсетеді. Сарыбайға берген антын бұзып,

---

<sup>191</sup> Батырлар жыры. – А., 1963. 1-т. – 476-б.

тоқсан нарға теңдеген сабадағы қымызды жарады, жаман ырым бастайды. Бұл халық ұғымында үлкен кесірлік болып есептеледі. Оқиға дамыған сайын Қарабайдың сыр-мінезі әр қырынан толықтана түседі. Әу бастағы келісім бойынша құдалық жәйін сөйлесе келгендерге:

Былшылдама, сөзіңе тіпті, ермеймін,  
Ұмыт болған сөзді мен жөн көрмеймін.  
Сен он екің к... қыс, үйіңе қайт  
Жетім ұлға құда боп қыз бермеймін! –

деп уәдесіне қиянат жасайды. «Жетім ұл» деп Қозыға кінә артады. «Келіпсің сөйлескелі өңшең кедей» деген сөзінен де астамшылық аңғарылады.

Ақыры ол «Сарыбай ауылынан мазам кетті» дегенді сылтау етіп елден безеді. Мұндай ерсі қылықты әйелі мен қыздары қостамайды, қарсылық білдіреді.

Байғұс-ау, қандай адам серттен таяр,  
Біліп пе едің тайғанды құдай аяр, –

деген әйелінің сөзіне құлақ аспайды. Ата жұртын, ел мен жерін тастап белгісіз жаққа бет алады.

Қарабай тоқсан мыңмен өрге салды,  
Жылқыдан Аққайыңды мініп алды.  
Жетелеп Бақа айғырды жөнелгенде,  
Жұртында қотыр ала тай қалмады.

Алдымен, көш «Ертісті өрлеп» Қарасу көліне барады. Онан кері бұрылып Алатауды жағалайды. Іле басы Құлжаға тартады. Іледен Шыршыққа, онан Сырға дамылдап, қаңғырып Қоқанға барады. Бірақ тоқсан мың жылқыға қоныс табу оңай болмайды. Сондықтан Сарыарқаға, Бетпақдалаға оралады. Бірақ бұл жерге де тұрақтай алмай, Шу бойына келеді. Осы кезде торғауыттан шыққан Қодарға кездеседі.

Қаракең қырып-жойып Шуға барды,  
Ақымаққа құдай берген мұнша малды.

Арқадан кызы сұлу бай көшті деп,  
Торғауыттан бедеумен Қодар салды.

Жырдың қазақ шындығынан туғандығын көш «маршруты» растаса, Торғауыт қалмақтың көп замандар Қазақстанның шығыс өңірінде шектес жатқаны тарихи анық нәрсе. Торғауыттар Еділ сыртына, Россия қарауына 1608-1610 жылдарда көшкен. Демек эпостың Қодарға қатысты жерінің өзі оның көнелігіне өз тарапынан «күәлік» ете алады<sup>192</sup>.

Тоқсан мың жылқысы болса да ішіп-жеуге қимайтын аса сараң, ақылы жоқ Қарабай бәрінен мал-дәулетті артық көреді. Қызын да малы үшін «құрбандыққа» шалады.

Жас құлыным қырылды тамам, Қодар,  
Бір су тауып бере көр маған, Қодар.  
Сен шөлдетпей малымды алып өтсең,  
Ақ Баянды беремін саған, Қодар, –

деп уәде етеді.

Екі жасты бақытсыз ететіндердің бірі – Қарабай болса, екіншісі – Қодар. Ол көп жылқыны аман алып қалу үшін жанын салады.

Ант ұрған білдірмейді Қодар жасып,  
Әр жерден жүз кісілік құдық аршып.

Немесе:

...Жанды аямай қимылдап, айла тауып,  
Не кылса да Бетпақтан алып өтті.

Оның бойы «он кез» болса, «жауырынының жалпыға үш жарым кез», «сыңар жұдырығы қол ағаштай» деп портретін әсірелей сипаттайды. Мұндай адам үшін құдық қазып, су шығару онша қиынға түсе қоймайды. Шөлден аман қалған жылқыларды Аякөз, Лепсі, Үржар бойына әкеледі.

Осындай күш-қайрат иесі Қодар – ұрда-жық, ожар жан. Ол Баянды сырттай иемденеді. Атастырып қойған екі жастың

---

<sup>192</sup> Бердібай Р. Қазақ эпосы. – А., 1982. – 141-б.

арасына килігеді. Қодардың ойынша қыздың ұнатуы шарт емес, жүрекке әмір жүрмейтінін түсінгісі келмейді. Сондықтан ол озбырлық жасап, Баянды жүрекпен емес, білекпен алмақ болады. Екі жастың бақытсыз болуына себепші адамның бірі ретінде көрінеді.

Жырдың бас қаһарманының бірі – Қозы Көрпеш. Ол Баянды басқалардың айтуынан (бір нұсқада тазша, екіншіде – кемпір, енді бірінде Айбас) біледі. Өзінің қалыңдығы бар екенін Айбастан естіп сәлемдемесін алады. Баянның өзіне тең екенін біледі, көрмей ғашық болады. Онымен тілдесуге асығады. Өз ойын анасына да кесіп айтады:

Алдымда неше қатер, тұрса да оқ,  
Тартынып бұл сапардан қалуым жоқ.  
Сұлуым дүниенің жисаң дағы,  
Бір жырымдай болмайды көңіліме ток.

Қозы ғашық жары үшін ұзақ жылдардағы қауіпке, қиыншылыққа қарамастан атқа мінеді. Баянды іздеп табуға бел байлайды. Бірге жүрмек болған Айбасқа да тоқтау айтады. Өзі жалғыз баруды жөн көреді. Қозы Көрпеш алған бетінен қайтпайтын табанды, ақылды азамат ретінде көрінеді. Баян үшін мал-мүлкін тәрк етіп, елінен кетеді. Қиындыққа шыдап, Қарабайдың малын бағады. Қозының жақсы қасиеттерінің бірі – адалдық, адамгершілігі. Тіпті, өзінің қарсыласы Қодардың да «қанын жүктегісі» келмейді. Сонымен, Қозы Көрпеш – өзінің сүйген жарына қосылуды арман еткен жас ретінде жақсы жағынан көрініп отырады.

Жырдың негізгі желісі Баян үшін тартыстан басталады. Баян Қозының жайын апалары мен Айбастан естиді. Ол да Қозыны ұнатып, оған қосылуды арман етеді. Екіншіден, Қарабай мен Қодардың жауыздық әрекеті де Баянды ширата түседі. Қарабай антын бұзып, қызынан малын артық көрсе, Қодар зорлықпен алмақ болады. Осындай қысым-қиянатқа төзе алмаған нәзік жанды қыз өзінің сүйген жары Қозыны аңсайды. Сондықтан ол Айбасқа:

Сәлемде ініңізге іздеп келсін,  
Келмесе, сорлы Баян дегені өлсін, –

деп сәлем жолдап, көңілін білдіреді.

Баяннан үміттенушілер көп болса да, ол солардың біріне де назар аудармайды. Ақ ниет, адал көңілмен Қозыны сүйеді. Қозыға қосылу жолында көп әрекет етеді. Тіпті, Қозы өлімі үстінде Баянның өр мінез, өжеттігі айқындала түседі. Қапыда қаза тапқан жарының кегін қайтарып, Қодарды құдыққа түсіріп өлтіреді. Ең соңында өзі де мерт болады. Баян кіршіксіз сүйіспеншілікке дақ түсірмей, намысын қорғай біледі. «Өзінің сүйіспеншілік сезімін ажалдан да жоғары бағалайды, оған кір жұққызбайды. Оның махаббат жолындағы қасиетті ерлігі жер жүзі дастандарында, ең көркем үлгілерде ғана ұшырайтын зор қасиет болып суреттеледі... Қазақ ауыз әдебиетінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлудай» даңқы мол жайылған жыр жоқ деуге болады»<sup>193</sup>.

Жырда халықтың арыдан келе жатқан салт-дәстүрі кең көрініс тапқан. Тазша Сарыбайдың қазасын бәйбішесіне түс жорыту түрінде ескерте отырып, көңіл айтады. Сабырға шақырады.

Ханым көрсен жыларсың,  
Сарекемнің дертіне.  
Сабырдан басқа айла жоқ,  
Іштегі жанған дертіне.

Тайлақ би бастаған ел Сарыбайды жаназа шығарып құрметтеп жерлеуі, басына күмбез орнату, сауын айтып, ас беру, ат шаптыру – сахара елінің ежелден келе жатқан тарихи-этнографиялық салты. Сондай-ақ эпоста аракідік ертегілік ситуациялар да ұшырасады. Қозы Көрпеш Қарабайдың қойшысының орнына тазша кейпінде қалуы, Баян қойшының кім екенін білу үшін бір қызды «тоқты кебін кигізіп» жіберуі, т.б.

Қорыта айтқанда, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» айнымас сүйіспеншілікті үлгі ете жырлаған халқымыздың қымбат мұрасы. Осы сюжет негізінде белгілі жазушы Ғ. Мүсірепов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (1939) атты драма жазды. Кейін кино да («Поэма о любви») түсірілді.

---

<sup>193</sup> Әуезов М. Шығармалар. – А., 1969. 2-т. – 381-б.



## «Қыз Жібек» жыры

Қазақтың ғашықтық жырларының ішіндегі халыққа кеңінен танымал болған көлемді де көркем жырдың бірі – «Қыз Жібек». Жырдың тақырыбы – өздерінің ұнатқан адамына қосылуды арман еткен екі жастың арасындағы сүйіспеншілік. Мөлшермен айтқанда «Қыз Жібек» әңгімесі XVII ғасырда туғанға ұқсайды. Жырда Жағалбайлы елінің қонысы Қаратеңіз жағасы деп келеді. Мұнысы Каспий (Атырау) теңізі болу керек. Сол кезде шектілердің қонысы Ақжайық болған. Бұл екеуінің арасы, қоныс жағынан шалғай емес<sup>194</sup>.

Жырдың басты кейіпкерлерінің бірі – Төлеген. Ақын-жыршылар Төлегенді туған күнінен бастап таныстырады. Базарбай сексен жасқа келгенде Төлегенді көреді. Жырда оны былай таныстырады:

Төлеген деп қойыпты ұлдың атын,  
Құдай артық жаратқан оның затын.  
Баланы сипат қылып айтып болмас,  
Көрген жан ақылынан бір танатын.

Төлеген болашақ жарын өзі таңдауды мақсат етеді. «Он алты жасқа шейін қыз жаратпай» ат жетер жерді арылтады. Ақыры Ақжайықтағы алты шекті еліне аттанбақ болады. Қырық күндік шөлі бар, жүз күндік жол оңай сапар емес-ті. Осыны сезген анасы «ата-ананы зарлатып» ешқайда кетпеуін өтінеді. Сонда Төлеген:

Бір сұлу алмай, шешеке-ау,  
Сірә да көңлім тына ма?

Талап қылған ісінен  
Ат басын ерлер бұра ма? –

деп жауап қайтарды. Өзіне жар боларлық жанды таппай тынбай-тынын ашық айтады. Анасынан разылық алады. Ол әр көрген қызына бір жорғадан береді. Жыршы Төлеген әрекетін үдете жырлайды. Жібектің көшінің соңынан қуып келе жатқандағы ат шабысы әсірелеу тәсілімен беріледі.

<sup>194</sup> Сонда. 393-394-б.

Жер тарпынып жануар,  
Ауыздықты басады.  
Алдындағы белестен,  
Орғытып келіп асады.

Атшабысы Төлегеннің алып ұшқан көңіліне сәйкес келеді. Үлкен үміттің жетегінде келе жатқан жігіттің аңсарын аңдатады. Он бір көшті аралап Жібекті көрген соң Төлегеннің ынтығы арта түседі, оның сұлулығына көңілі толады. Өзіңе тең жар табады. Осы ойын Қыз Жібекке екінші рет жүргелі тұрып артынан жылап келген інісі Сансызбайға да айтады:

Батырлық, байлық кімде жоқ,  
Ғашықтық жөні бір басқа, –

дейді. Жібекке деген іңкәрлігі анық аңғарылады. Бірақ Төлеген арманына жете алмайды. Ол көптеген кедергіге жолығады. Ең бастысы – Бекежанның зұлымдығы. Ол екі жастың арасына килігіп Төлегенді өлтіреді. Жырда аса жарқын сипатталатын тұлға – Қыз Жібек. Оның кескін-кейпі, сұлулық-салтанаты барынша әсерлі бейнеленген:

...Қыз Жібектің ақтығы,  
Наурыздың ақша қарындай.  
Ақ бетінің қызылы,  
Ақ тауықтың қанындай.  
Екі беттің ажары  
Жазғы түскен сағымдай.  
Білегінің шырайы  
Ай балтаның сабындай.  
Төсінде бар қос анар  
Нар бураның санындай.  
Оймақ ауыз, құмар көз  
Іздеген ерге табылды ай.

Бұл – Қыз Жібектің сыртқы сын-сымбаты. Ал оның Төлеген отырған отауға беттегендегі қимыл-қозғалысын, кербездігін соншама әсерлі де әдемі етіп көрсете білген. Мәселен:

Қылаң етіп, қылт етіп,  
Сылаң етіп, сылт етіп,

Тау суындай құлтылдап,  
Сүмбіледей жылтылдап,  
Буындары бұлтылдап,  
Айдынды туған Қыз Жібек  
Отауға қарап жөнеді.

Осындағы қанықты бояу баламалардың бәрі де Қыз Жібектің тұлғасын нақтылай түседі және оның ішкі жан толқынынан да хабардар етеді. Жібек сұлу ғана қыз емес, парасат-пайымы мол, намысты жан. Талай жігіт Жібекке ынтызар болса да, олардың біріне де назар аудармайды. Төлегеннің қандай жігіт екенін бір көргеннен-ақ таниды. Көңілі толады. Бұдан кейін жүрек қалауы, жан жылуын Төлегенге арнайды. Оның жолын сегіз жыл тосып, өзінің адал жар екендігін көрсетеді. Сүйген адамы мерт болғанда басына түскен қайғыны да көтере біледі. Бірақ аяулысынан айрылған каралы жанның халы Жібектің зарынан анық аңғарылады:

Жайықтың суы ылай-ай,  
Көр болды көзім жылай-ай.  
Төлеген сынды мырадан,  
Айырдың өзің, құдай-ай!

Осындай қиын сәтте Хорен қалмақтың зорлықпен алмақ болуы Жібекке ой салады. Ата жауы қалмақтан құтылудың амалын ойлайды. Төлегенді жоқтай отырып:

Сол елде жігіт жоқ па, тәңірі-ай,  
Жесірін іздеп келіп неге алмайды?

Немесе:

Сол елді өзім іздеп кетер едім,  
Жіңішке әйел жолы таба алмайды, –

деген сөздерді бекер айтпаған. «Жау қалмаққа бенде болып отырған» шарасыз шақта не істеу керек? Қандай шешімге келуге болады? Ол қайнысы – Сансызбайға қосылуды жөн көреді. Біріншіден, жау қалмақтың олжасына айналғысы келмейді. Оған арланады. Сондықтан Жібек жаттан гөрі жақынды таңдайды. Бұл дұрыс байлам. Жібектің осы әрекетін жеңгесі де қолдайды.

Бағынды құдай ашсын деп,  
Кәпірдің көңілін бассын деп.  
Ертелі-кеш, зар қылып,  
Құдайдан мен де сұрадым, –

дейді. Жібек өзінің ақылы, тапқырлығы арқасында қалмақтың атын алдап алады, жауынан құтылады. Жібектің амал-айласымен іс оңына келеді. Жырда жағымды жағынан көрінетін кейіпкер – Сансызбай. Ол хабарсыз кеткен ағасының не өлі, не тірі екенін білуді азаматтық борышым деп ұғады. Сондықтан ағасын іздеп шығады. Сансызбай ретіне қарай батырлық та, батылдық та көрсете біледі. Қалмақ ханы Хоренмен жекпе-жекке шығып, оны жеңсе, кейіннен көп қалмақты қырады. Жырда Сансызбай ерлігі көтеріңкі әсерлене көрсетіледі. Хореннің тартқан оғы Сансызбай сауытының сегіз қабатынан өтіп тоқтауын «Қырық шілтен» пірлердің көмегімен байланыстырады. «Қыз Жібекте» зорлықшыл Хореннің көрінуі тарихи шындық логикасынан шет емес. Ақ Жайық пен Ақ Еділдің арасында көп замандар қалмақ билеушілері үстемдік үшін соғыстар жүргізгені мәлім<sup>195</sup>.

Жырдағы ұнамсыз жағынан көрінетін кейіпкерлер – Бекежан мен Хорен. Бекежан ішкі, Хорен сыртқы жау. Екеуі де өз мақсаттарына күшпен жетуді ойлаған озбыр жандар. Әсіресе екі жастың бақытсыз болуына тікелей кінәлі – Бекежан. Ол – Төлеген мен Жібектің арасына қыстырылып, өзінің қастандығын арамзалықпен іске асырған қара жүрек жан. Төлегенді батырлар дәстүрімен жекпе-жекке де шақыра алмай, «бір қурайды паналап» келіп атады. Өзінің мұндай жауыздық ісіне қымсынуды да білмейді. «Қорлықпенен өлсін деп» айызы қанғандай болады. Бекежан қыз сезімімен санаспайды. Бақытқа жымсықы жолмен жетпек болады. Ол – аяушылықты білмейтін қайырымсыз, қатыгез жан. Ақыры Бекежанның осындай зұлымдығы өзінің түбіне жетеді.

Хорен де өз күшіне сенген озбыр. Көп қолмен келіп, елге қысым жасап, сес көрсетеді. Жібекті сырттай иемденеді. Мұның да ақылы аз, оजारлығы басым. Сансызбайдың артынан қуып жеткенде бірден мен-мендік танытады. Оны жекпе-жекке шақырады. Бұл жерде оның батырлығы да байқалып қалады.

---

<sup>195</sup> Бердібай Р. Қазақ эпосы. – А., 1982. – 152-б.

Алайда Хорен ақылдың адамы емес, Жібектің алдауына түседі. Тұлпарынан айрылып, күлкілі жағдайда қалады. Жібекті алу жолында қанша әрекеттенгенімен ойға алғанын орындай алмайды. «Қыз Жібек» жырында халықтың тұрмыс-салт көріністерінің көп суреті айқын көрініс тапқан. Тізіле шұбырған көш көрінісі қазақтың бұрынғы көшпелі тұрмысының айқын айғағындай. Сондай-ақ жырда ескерту, қоштасу, арыздасу, жоқтау секілді тұрмыс-салт жырларының түрлері бар. Қорыта айтқанда, «Қыз Жібек» – қазақ ғашықтық жырларының тамаша үлгісі.

### Айман – Шолпан

«Айман-Шолпан» халық арасына кең тараған жырдың бірі. Жыр алғаш рет 1896 жылы Қазан қаласынан (Жүсіпбек Шайхысламұлының ұсынуымен) жарық көреді. Онан кейін бір қанша рет басылған. «Айман-Шолпан» лиро-эпос пен тарихи поэманың түйіскен, екеуінің де элементі табылатын жаңа бір түрі деуге болады. Оқиғасы тарихта расталған, қатысушыларының бір қатарынан-ақ тарихта аттары мәлім адамдар»<sup>196</sup>. Бұған қарағанда жырға өмір шындығы арқау болған. Басқаша айтқанда жырдың кейбір кейіпкерлері XIX ғасырда өмір сүрген тарихи адамдар. Оқиғаның өтетін мекені, кейіпкерлердің өскен ортасы белгілі. Сондықтан ғалымдар жырдың оқиғасы XIX ғасырдың бірінші жартысында болған деп мөлшерлейді. Әрі тарихи шындыққа негізделгенін айтады. Жырдың сырт өрнегі мен кейбір сарындары ескі эпостан ауысқанымен, ішкі құрылысы мен бағыты, әсіресе адам мінезін даралауы, жаңа жанр – поэманың нышанын танытады<sup>197</sup>. Сонымен, жырда әлеуметтік өмірдің қайшылығы көрініс тапқан. «Айман – Шолпанда» Маман мен Көтібар арасындағы тартыстың кесірінен тұтқын болған Айман мен Шолпан бас азаттығы мен намыс үшін әрекет етеді. Жырдың өн бойында Айманның тапқырлығы, ақылдылығы ерекше көзге түседі. Жайдақ нарға мініп келе жатқан Шолпанды босатуды ойлайды. Айманның ақылымен бұл іс те оңына келеді. «Алмасан

<sup>196</sup> Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – А., 1985. – 202-бет.

<sup>197</sup> Бердібай Р. Қазақ эпосы. – А., 1982. – 154-б.

өз қолына ер Көтеке, көн шалбар қисық найза мазамды алды» деп шағынады. Мұнан кейін Шолпанды елге қайтарады. Тіпті, Көтібардың ауылды шауып алатынын естігенде алдын-ала қам жасайды. Әр жағдайды арыдан ойлайды. Айман үнемі амал-айла жасап Көтібардың ығына жығылады. Көтібардың тілек-талабы:

Болады неке оқып қиылғанда,  
Ел-жұртың тамам-тегіс жиылғанда.  
Мен сізден қашамын ба бөтен жаққа  
Құданың асығыс жоқ бұйырғанда, –

деп ұтымды жауап қайтарып, оның ұсынысын кейінге қалдырады. Аңғал Көтібарды алдарқата отырып, Әлібектің келуін күтеді. Теңгені де өзіне қарсы қояды. Бұл да Көтібарды кідірте тұрудың бір амалы. Бала арқылы алпыс күнге дейін неке қимау талабын қояды. Осының бәрі де өз басына бостандық алып, екі елді татуластыру мақсатында істеледі. Ақыры Шолпанды Арыстанға қосады. Көтібар мен Әлібек арасына түсіп, «жақсы жолмен» ел арасының егесін бітіреді. Айманның ақылы, тапқыр-тәсілі нәтижесінде жұрт тыныштығы, ел бірлігі қалпына келеді. Айман үлкен адамгершілік жасап, ел ризалығына ие болады. Көтібар мен Маман арасындағы кикілжің ертедегі қазақ қоғамының ішкі қайшылығы – барымта мен қарымта әрекеті. Көтібар өркөкірек, бір беткей томырық, зорлықшыл жан ретінде көрінеді. Бірақ қанша мықты болғанымен, Айманның шылауынан шыға алмайды. Шығармада ұнамсыз іс-әрекетімен көрінеді. Арыстан екінші қатардағы кейіпкер болғандықтан ол шығармада аз көрінеді. Бірақ о жар мінезді ағасының теріс әрекетін қостамайды. Қайта ел тыныштығын бұзбауды лайық көреді. Шолпан арқылы Маман байға сәлем жолдап, малын қайтарып беретіндігін ескертеді. Ол көптің қамы үшін, істің жақсылықпен бітуін ойлаған ақ ниеттің иесі ұнамды қаһарман. «Айман-Шолпанда» Маман байдың дәулеті мен даңқы эпикалық әсірелеу тәсілімен суреттеледі.

Сөйлейді Маман батыр ауық-ауық,  
Байлатты бес жүз інген түйе сауып.  
Саба артып тоғыз нарға Маман келді,  
Он алты масатыдан кілем жауып.

Болмаса Маманның ұлы жоғын Көгібардың бетіне басуы да көне сарын болып табылады. Бұдан шығар түйін сол жырға бұрынғы эпикалық дәстүрдің әсері болған. Осы жыр негізінде М. Әуезов «Айман-Шолпан» атты төрт перделі комедия жазған. Жазушының бұл пьесасы ұлттық драматургиямызға қосылған үлес болып табылады. Қорыта айтқанда, «Айман-Шолпан» халықтың әлеуметтік-салттық суреттерін шындық тұрғыдан сипаттаған татымды жыр.

Халық арасына кең тараған романдық эпостың бір шоғыры – шығыстық желіге құрылған жырлар. Олар: «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Сейфүлмәлік», «Таһир-Зухра», «Бозжігіт», «Иранғайып-шаһ Ғаббас», т.б. қазақ ақындары шығыстық желіні нәзира тәсілімен қайта жырлап халық арасына кеңінен таратып отырған. Шығыстан тараған ғашықтық жырлардың бір шоғыры «Ғашық-наме»<sup>198</sup> (алғы сөз, түсініктерін жазып, құрастырған – Ұ. Сұбханбердина) деген атпен жарық көрген. Бұл топтағы жырлардың басты идеясы – ғашықтық аңсар, іңкәрлік, айнымас махаббат. Шығыстан тараған ғашықтық жырларда батырлық жырлар мен ертегі элементтері ұшырасып отырады. Мәселен, «Сейфүлмәлік» жырында Сейфүлмәлік тондағы қыздың суретін көріп ғашық болады. Бұл мекені белгісіз пері қызы болып шығады. Қызды іздеу барысында сан түрлі қиындықтарға (зәңгілер еліне тұтқын болады, маймылдар патшалығында біраз уақыт тұрады. Ит басты, адам мүшелі жандардың арасында жүреді. Алып хайуанаттардың жерінен өтеді, жыртқыш аңдарды өлтіреді, т.б.) тап болады. Жүз мың жолдастарының бәрінен айрылады. Құстың аяғынан ұстап теңізден өтеді. Диодың тұтқынындағы қызды құтқарады. Талай ел мен жерді кезіп, ақыры Бәдіғұл Жамалды табады. Екі ғашық мұратына жетеді. Сан түрлі қимыл-қыспақ, қауіп-қатерді Сүлеймен пайғамбардың жүзігінің шарапатымен жеңіп отырады. Оқиға қиял-ғажайып түрде баяндалады. Сейфүлмәлік қаншама кедергі, қиындықтарға кезіккенімен алған бетінен қайтпайды. Өзінің ғашығы Бәдіғұл Жамалға ғана қосылуды арман етеді. Осы жолда ол жасымас жігер, қажымас қайрат, табандылық пен тұрақтылық көрсетеді.

---

<sup>198</sup> Ғашық-наме. – А., 1976.

«Жүсіп – Зылиха» эпосында Зылиха Жүсіпті түсінде көріп ғашық болады. Шығыстың көптеген ақындары жырлаған бұл шығарманың желісі де ғашықтыққа құрылған. Өзінің ұнатқан адамы Жүсіпке қосылу жолындағы Зылиханың төзімі керемет. Ол Жүсіптен басқа бір пендеге назар салмай, соған ғана қосылуды мұрат тұтады. Жүсіпті қырық жыл бойы сағынышпен сарғайып күтеді. Ең соңында армандарына жетеді. Бұл жырдың да ертегілік сипаты басым. Жүсіпті ағалары құдыққа тастағанда бір күдірет сақтап аман қалады. Мың екі жүз жасқа келген Заһит молда дүниге Жүсіп есімді адам келетінін алдын-ала кітаптан оқып біледі. Қылыш есімді біреу Жүсіпке зәбір көрсеткенде жеті күн боран соғып, жанбыр жауады. Жақып пен қасқыр сөйлеседі. Ғашықтар түстерінде тіл қатысады. Осы сияқты қиял-ғажайып араласып отырса да негізгі мақсат айнымас адал сүйіспеншілікті дәлелдеуге саяды. Сондықтан бұл топтағы жырлардың да мәні зор. Шығыстық желіге құрылған жырлардың кейбіреулерінде оқиға қайғымен аяқталады. «Таһир-Зухра» жырында патша қызы Зухра мен уәзірдің ұлы Таһир екеуі бірге өседі, бірін-бірі ұнатады. Бірақ патшаның әйелі өзінің қызын дәрежесі «төмен» уәзірдің баласына бергісі келмейді. Ғашығы үшін көп азап көрген Таһир өледі, оның өлімін көрген Зухра да опат болады. Екі ғашық еріксіз ажырайды, мақсаттарына жете алмайды. Осы секілді жағдай «Бозжігіт» жырында да кездеседі. Патша баласы Бозжігіт түсінде көрген Қарашашқа ғашық болады. Мақсаттарына жете алмаған екі ғашық арманда өледі.

Бұл топтағы жырлардың біразында ғашықтар бірін-бірі түсінде көріп ғашық болады. Жыр қаһармандары көбіне ақылды, өнерлі біреудің (патшаның) жалғыз баласы болып келеді. Оқиға көбіне қалалық жерде өтеді. Мәлім дәрежеде оқиға өріліміне ертегілік, қиял-ғажайып элементтер араласып отырады. Ғашығын іздеген жігіттер көптеген қиындықтарға, қаскөй күштерге (дию, пері, мыстан) тап болып отырады. Бұл жырдағы тартыстық серпінді арттыра түседі. Сондай-ақ шығыстық сюжетке құрылған романдық эпостарда халық әдебиетінің басқа жанрлар (айтыс, жар-жар, естірту, көңіл айту, қоштасу, т.б.) кезектесе келіп үйлесім, өрнек табады. Сонымен бұл топтағы жырлар арқылы қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен тарихи тамырластықты



байқасақ, екіншіден еркін махаббат, ізгілік-адамгершілікті қадір тұта жырлаған мәнді мұра болып табылады.

Фольклор мен әдебиетке ортақ осы мол мұраны ХХ ғасырдың соңғы он жылында кей ғалымдар арнайы зерттеп, ой-тұжырымдар ұсынғаны белгілі. Ғалым Б. Әзібаева бұл топтағы шығармаларды «дастандық эпос» деп атап, эпикалық шығармалардың басқа түрлерінен кейін қалыптасқан деген байламға келген.

Бұрынғы анықталған эпикалық жанрлардың қатарына қосып, халықтың эпостық мұрасын шығу тегі мен генезисі, даму жолдары, эволюциясы, жанрлық белгілеріне орай төмендегіше жіктеген:

- Ертегілік эпос;
- Батырлық эпос;
- Романдық (ғашықтық) эпос;
- Тарихи эпос;
- Дастандық эпос<sup>199</sup>.

Сондай-ақ қазақ дастандық эпосын іштей тағы бірнеше түрге бөледі. Олар: а) хикаялық; ә) діни; б) романдық (ғашықтық); в) қаһармандық-романдық; г) қаһармандық-хикаялық дастандар. Зерттеуші бұл жанрды фольклор тұрғысынан қараса, әдебиеттің ежелгі дәуірін зерттеген А. Қыраубаева қисса-дастандарды нәзира дәстүрімен байланысты қарап, олардың мифтік негіздері мен ондағы «Мың бір түн» желілерін анықтайды. Діни тақырыпқа жазылған қисса-дастандарға талдау береді.

## Тарихи жыр

Тарихи жырлар өмірде болған саяси оқиғалар негізінде туады. Бірақ тарихи оқиғалардың ізі өзгеріссіз қаз қалпында сақталмауы да мүмкін. Мұнда үлкен оқиғаның жекелеген факторлеріне, бұқара қауымнан өзінің қайратымен, жүректілігімен, ақылымен дараланып шыққан кәдімгі қарапайым адамдарға мән беріледі. Бірақ олар, яғни жеке факті де, адам да жалпы тарихи жағдайдан бөлек алынбайды. Тіпті, тарихи жырдың бүкіл мазмұнының өзі

---

<sup>199</sup> Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. – А., 1998.

сол заманының оқиғаларынан туып өрбіп жатады<sup>200</sup>. Қазақтың тарихи жырларын жинауға, зерттеуге белгілі ғалымдар ат салысқан. Олардың алғашқылардың бірі ретінде халқымыздың қадірлі перзенті Шоқан Уәлиханов есімін айту керек. Ол тарихи жырды жеке жанр ретінде қарап, мәнді пікір айтқан. Академик В.В. Радлов та тарихи жыр үлгілерін өзінің он томдық жинағына (3-том) кіргізсе, Г.Н. Потанин кейбір тарихи жыр үлгілерін жазып алады. Тарихи жырларға анықтама беріп, пікір айту А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов еңбектерінде де кездеседі. Оны ғылыми тұрғыдан тереңдеп зерттеуге М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов сынды жазушыларымыз қомақты үлес қосқан. Сонымен бірге бұл тарапта Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайлов, Н.С. Смирнова, Б. Кенжебаев, Б. Шалабаев, Р. Бердібаев, С. Садырбаев, Ә. Қоңыратбаев, М. Жармұхамедов, С. Қасқабасов, Н. Төрекұлов, т.б. қатарлы ғалымдар келелі істер тындырды. Тарихи жырды зерттеуге әр кез көңіл бөлініп келеді. Бір шоғыр ғалымдар тарихи оқиғаларға қатысты туған өлеңдер мен жырларды зерттеп «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» атты ұжымдық монография жазды. Соңғы кездері Б. Рахымов, З. Сейітжанұлы, А. Ғабдуллина, С. Сәкенов, Ә. Тарақ сияқты зерттеушілер нәтижелі ізденістер жасады.

Қазақ халқының басынан өткен түрлі оқиғалар із-түзсіз кетпей, көптеген жырлар туғызған. Атап айтқанда XVIII ғасырдағы Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Өтеген, Олжабай, Ер Жәнібек, Арқалық туралы жырлар мен XIX ғасырда өмір кешкен Исатай, Махамбет, Досан, Бекет, Сұраншы, Жанқожа, т.б. ел намысының жоқшысы болған белгілі тарихи адамдар жайындағы жырларды айтуға болады. Тарихи жырлар эпикалық дәстүр аясында туып, оның белгілерін бойына сіңіргенімен, көне эпостарға тән қиял-ғажайыптық элементтер жоққа тән. Шындыққа сыйымсыз гиперболалық тәсілмен әсіреленген батырлық қимылдар мен оқиғалар көп кездеспейді. Қайта нақтылы өмір шындығы негізінде туғандықтан, тарихи оқиға мен фактінің іздері мол. Тарихи жырлар – эпикалық дәстүрдің жаңа белесі.

---

<sup>200</sup> Қазақтың тарихи жырларының мәселелері. – А., 1979. – 23-б.

XVIII ғасырдағы тарихи жырларда қазақ халқы өмірінің белгілі бір кезеңдегі азаттық күресінің шындығы көрініс тапқан. Басқаша айтқанда Жоңғар қалмақтарының шапқыншылығына қарсы күресте қаһармандық көрсетіп, елдің еркіндігі үшін күрескен ерлердің өнегелі іс-әрекеттері жырланады. «Абылай хан» жырындағы:

Ежелден қазақ, қалмақ жерге талас,  
Ел шауып, кісі өлтіріп жасаған қас.  
Жеңіліп кейде олар, кейде бұлар,  
Егестен ел ортасын таппай талас<sup>201</sup>, –

деген жолдар XVIII ғасырдағы аумалы-төкпелі заман суреті екені даусыз. Жырға Абылай өмірінің қадау-қадау тұстары арқау болған. Оның жас кезінде жетім қалып, қиындық көруі, Төле биге бақташы болып «Сабалақ» атануы, елді жау шапқанда Бөгенбай қолымен бірге жорыққа аттануы, қысыл-таяң шақта Шарышпен жекпе-жекке шығып, жау батырын жеңуі, қазақ жасақтарының жеңіске жетуіне себепкер болуы, т.б. Абылайдың іс-әрекеттері баяндалады. Осы жырдағы Абылайдың Қалдан Серенге тұтқын болуын мұрағат құжаттары да растайтыны белгілі. Сонымен бірге Абылай заманында елді сыртқы жаудан қорғауда асқан ерлік жасаған батырларға да сипаттама беріледі. «Батырдың атақтысы Ер Қабанбай» десе, «Жапырып мың сан қолды жерге тыққан» Бөгенбайды атап өтеді. Сондай-ақ Шақшақ Жәнібек, Алтай мен Ақтамберді, Есенбек, Малайсары мен Ақтамберді, т.б. көптеген батырлар мен Кеңгірбай, Боранбай, Избасты, Бұқар жырау секілді бүкіл қазаққа танымал адамдардың есімдерін тізбектеп көрсетеді. Бұлардың бәрі де өмірде болған, есімдері ел есінде қалған тарихи тұлғалар. Жыр тарихи шындықтан алшақ кетпейді. XVIII ғасыр қазақ елі үшін ең ауыр кезеңнің бірі болды. Жоңғар басқыншылар қазақ жеріне үздіксіз шабуыл жасады. Осындай қиын шақта тұлпар мініп, ту көтерген батырдың бірі – Қабанбай. Ол туралы бір шоғыр жыр бар. Белгілі фольклоршы Б.Абылқасымов «Қабанбай батыр» жырының гуманистік мақсаты айқын: бейбітшілік, тыныштықты соғысқа қарсы қояды. Бұл орайда ол бүгінгі күннің

---

<sup>201</sup> Абылай хан. – А., 1993. – 183-б.

де талабын қанағаттандыра алады дер едік. Қабанбай шабылған елінің намысын қуушы<sup>202</sup>, – деп жазады. Жау келгенде ел қорғаны болған Қабанбай тыныштық кезде де халқының қамын ойлаған ақыл-парасат иесі ретінде көрінеді. Мәселен:

Қосылмаса бастарың,  
Қайырылмаса достарың...  
Мұнан да қорлық өтер ме,  
Бұл сүйектен кетер ме?  
Бір біріңе әкімсіп,  
Қолдарыңды көтерме.  
Зейін болып дұшпанға,  
Бас имендер бөтенге, –

деген қоштасуында үлкен мән жатыр. Жыр белгілі кезеңдегі болған оқиғаларды арқау еткен құнды мұра.

Қанжығалы Бөгенбай батыр да қазақ елінің тәуелсіздігі мен бірлігі жолында күрескен ерлердің бірі ретінде аталады. «Бөгенбай батыр» жырында батырдың қартайған шағы көрінетіндіктен, қиян-кескі ұрыстағы қимылдары байқалмайды. «Жыр қанша ұзақ болғанмен сұрапыл соғыс, жауыздық, жанжал, қантөгіс жоқтың қасы. Төңіректе тыныштық бермей елдің шырқын бұзған қалмақтар шабуылы да жанама, сырттай ғана айтылып отырады. Бірлік пен бітім, берекелі өмір сөз болады»<sup>203</sup>.

Алайда Бөгенбай XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақтың жері мен елін сыртқы жаудан қорғау жолында ерен ерлік көрсетіп зор беделге ие болған даңқты батыр, қолбасы.

Шақшақ Жәнібек – XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген замандастары Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен, Қабанбай, Бөгенбай, Байғозы батырлармен бірге қазақ елін, жерін жоңғарлық қалмақ шапқыншыларынан қорғаған батырлардың даңқты қолбасыларының бірі<sup>204</sup>. «Шақшақ Жәнібек батыр» жырында батырдың кезіндегі ерлік қимылдары көрініс тапқан. Жырда:

---

<sup>202</sup> Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – А., 1979. – 107-б.

<sup>203</sup> Сонда. 121-б.

<sup>204</sup> Адамбаев Б. Шақшақ Жәнібек батыр // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – А., 1979. – 126-б.

Қысып тақым ер Жәнібек шу деді,  
Бірін шаншып, бірін шауып түйреді, –

деп суреттеледі.

Осы қатарда Олжабай батыр есімін де атаған орынды. Бұл да ел қорғаудағы ерлігімен үлгі-өнеге көрсеткен батыр. «Олжабай батыр» жырынан да жоңғар жаулаушыларының озбырлық әрекеті мен оларға қарсы соққы берген батыр бейнесі көрінеді. Ел арасына кең тараған жырдың бірі – «Өтеген батыр». Бұл жырдың да өрім-өзегі өмір шындығы. Өтеген жайындағы тарихи батырлық жырлар мен дастандардың мазмұны жоңғарлармен соғысқа «ақтабан шұбырынды» оқиғасына, одан кейінгі қазақтардың қол жинап, жоңғарларды талқандауына құрылған<sup>205</sup>. Жырда бүкіл қазақ халқының басы бірігіп, шапқыншы жауға соққы беруі шынайы жырланады:

... Елін қорғап өлімнен,  
Жауға қарай қол шықты.  
Қолды бастап, найза ұстап,  
Өтеген батыр ол шықты.

Халық қамын ойлаған батыр кейде жайлы қоныс іздейді.

Даярланып сапарға,  
Іздеуге қоныс беттеді.  
Қара қазан, сары бала  
Қамын ойлап батырдың,  
Еш бір тыным көрмейді, –

дейді жырда. Өтеген «қара қазан, сары баланың қамы үшін» әрекет етеді. Сонымен, Өтеген туралы жыр, аңыздардың көпшілігінде ол халық қамқоры ретінде көрінеді. Тарихи жыр тарихтың дәлме-дәл көшірмесі болмағандықтан, ондағы кейбір деректердің өзгеруі мүмкін. Халық идеалына сай қоспалардың болуын да жоққа шығаруға болмайды. Бірақ қалай десек те бұл топтағы жырлар тарихи шындыққа негізделгені анық. Енді бір шоғыр шығармалар

---

<sup>205</sup> Смирнова Н.С. Өтеген батыр // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – А., 1979. – 152-б.

XIX ғасыр оқиғаларын қамтиды. Оларға «Исатай – Махамбет», «Досан батыр», «Бекет батыр», «Жанқожа батыр», «Сұраншы батыр» т.б жырлар жатады. Бұлардың ішінде көлемді де көркемі – Ы.Шөрековтың «Исатай – Махамбет» дастаны. Шығарма Исатайды таныстырудан бастайды. Жырда оның кісілігі мен кішілігіне назар аударады. Жұрт қамын ойлаған азамат екенін көрсетеді.

... Жасы он беске келгенде  
Жұрт пайдасын ойлады...  
Жиырмаға келгенде  
Жиылған дуды көргенде  
Оза шауып бәйге алды.  
Жиырма беске келгенде  
Астананың қамы үшін,  
Түн ұйқысын бөлгенде,  
Түгесілмес қайғы алды.

Жырда Исатай шаруалар көтерілісінің басшысы, көп қамы үшін қару алған батыр ретінде сипатталады. Ал Махамбет оның сенімді серігі, көтерілісті ұйымдастырушының бірі. Шығармада Махамбеттің де көрсеткен ерліктеріне көңіл толарлықтай жолдар баршылық. Автор Исатай мен Махамбетке ғажайып ерлік дарытпай, олардың қимыл-әрекеттерін шындық шеңберінде жырлайды. Халықтың патша мен хандық әкімшілікке қарсы болып, көтеріліске шығу себептерін, саяси әлеуметтік мәнін терең ашады. Ақын ақиқатты арқау етіп, халықтың патша өкіметіне қарсылығын, қаһармандығын көркем куәлікке айналдырған.

1870-73 жылдары Маңғыстау маңындағы көтеріліске байланысты туған жырдың бірі – «Досан батыр». Патша өкіметі 1868 жылы «Жаңа ереже» шығарды. Отарлық езгі барған сайын қатая түседі. «Осы отаршылдық қысымға шыдай алмаған кіші жүз қазақтары 1870 жылдың март айында көтеріліске шығады. Көтеріліс алдын ала әзірленбеген, шаруалардың әр жерден, әр ауылдан бұрқ еткен бас көтеруі түрінде өтеді. Көтерілісті әуелі халық батыры Досан Тәжиев (1829-1876) бастаған<sup>206</sup>. Осы тарихи оқиға негізінде «Досан батыр» жыры туған. Әу баста аңыз, әңгіме

---

<sup>206</sup> Төрекүлов Н. Досан батыр // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – А., 1979. – 206-207-б.

түрінде айтыла жүріп, кейіннен көлемді жырға айналған. Ең толық, көлемді нұсқасын С. Жанғабылов 1939 жылы жырлаған. Бұл нұсқада Маңғыстау қазақтарының патша үкіметі мен Хиуа, Бұхара хандықтарының озбырлығына қарсы күресі суреттеледі. Досан көтеріліс басшысы, ержүрек, намысшыл батыр ретінде сипатталады. Шығарма соңында қолға түседі. Сондай-ақ жырдағы адам, жер – мекен атаулары өз қалпында аталады. Жыр – белгілі кезең шындығын қамтыған, деректі айқын мәнді мұра.

Ал «Бекет батыр» жырының басты образы Бекет. Ол Шекті руының батыры Есет Көтібаровтың 1855 жылғы шаруалар көтерілісіне қатынасқан, тарихи адам<sup>207</sup>. Жырда 1855-1858 жылдарғы кіші жүз қазақтарының Ресей патшалығына, оның отаршылдық қысымына қарсы көтерілген халық наразылығының кейбір оқиғалары елес береді.<sup>208</sup> Жырдың бір нұсқасы алғаш рет 1895 жылы (И.В. Аничковтың жазып алған нұсқасы) Қазан қаласынан жеке кітап болып шығады. Бұдан толық нұсқасын Ә. Диваев 1897 жылы Қазаннан бастырып шығарады.

«Бекет батыр» жырының тағы бір нұсқасы ғалым С. Садырбаевтың 1990 жылы жарық көрген «Қазақ халық әдебиеті» атты оқу құралында жарияланған. 1855 жылы 8 шілде күні таң ата Есет, Бекет, Ерназар бастаған көтерілісшілер Суықсудағы Арыстан Жантөриннің шатырына шабуыл жасайды. Арыстанды өлтіріп, оннан астам болыс билерді жазалайды. Әскери отрядтарының тас талқанын шығарады<sup>209</sup>. Бұған қарағанда жырдың тарихи негізі айқын.

Шығармада Бекет Серкебайұлы халық батыры ретінде жырланады. Ол халық намысын қорғап, қысым-қиянатқа қарсы әрекет етеді. Сол үшін Сібірге жер аударылады. Халық мұндай азаматты ардақ тұтып, ол туралы аңыз, жырлар тудырған. «Бекет батыр» – сондай жырдың бірі. «Жанқожа батыр» да халық арасына кең тараған тарихи жыр. Мұнда ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында Сыр бойындағы қазақтардың Қоқан билігіне қарсы күресі көрінеді. Көтеріліс басшысы – Жанқожа Нұрмұхамедұлы

---

<sup>207</sup> Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. – А., 1992. – 42-б.

<sup>208</sup> Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – А., 1979. – 217-б.

<sup>209</sup> Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. – А., 1992. – 44-б.

(1780-1860). Жырды 1893 жылы орыс зерттеушісі Н.Г. Веселовский (Мұсабай жыраудан жазып алып) Петербург баспасынан шығарады. 1894 жылы И.В. Аничков Қазан қаласында бастырады. Жырдың бірнеше нұсқалары бар. Олар көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да әртүрлі. Қай жыр болсын Жанқожаны азаттық үшін алысқан ер кейпінде көрсетеді. Тарихи нақты мағлұматқа құрылып, негізінде эпос үлгісінде жырланған Жанқожа бейнесі әсерлі<sup>210</sup>. Жанқожа жайындағы жырлар да бір жағынан Хиуа, Қоқан хандықтарына, екінші жағынан патшалық Россияның отарлау саясатына қарсы бағытталған күресі нанымды көрініс тапқан. Мұсатай нұсқасындағы:

...Болғанда қазақ – киік, орыс – тазы,  
Орыстың мұсылманға түсті назы, –

дейді. Болмаса:

Қамысы Сыр бойының буын – буын,  
Кім айтар ішпедім деп Сырдың суын.  
Жанқожа жалғыз шыққан батыр еді,  
Бұл қазақ жықты ортадан алтын туын, –

деген жолдар анық айғақ бола алады. Осы шағын үзіндінің өзінен-ақ көп жайды аңғаруға болады. Белгілі бір тарихи кезеңдегі оқиғалардың жыр – куәлігіндей әсер қалдыратын «Жанқожа батыр» жырының да мәні зор.

Бұл топтағы жырлар мол шоғыр құрайды. Басқаша айтқанда XVIII – XIX – XX ғасырларда халқымыздың басынан сан түрлі тарихи үлкен оқиғалар өткен. Сол белгілі дәуір шындығы тарихи жырларда көрініс тапқан. Бұл шығармаларда эпосқа тән белгілер кейде мол, кейде аз ұшырасып отырады. Тарихи шындықты эпикалық дәстүр негізінде жырлаған, бірақ өзіндік ерекшелігі бар жанр. Өз тамырын тарихи аңыз, өлеңдерден тапқан тарихи жырлар халқымыздың еркіндік – тәуелсіздік жолындағы күресінің көркем шежіресі, эпикалық дәстүрдің бір белесі. Белгілі бір халық өмірінің шындығынан мәлімет беретін жырлардың танымдық та, эстетикалық та мәні үлкен. Әрине, көптеген тарихи жырлар әлі

---

<sup>210</sup> Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – А., 1982. – 222-б.



күнге дейін жарық көрген жоқ. Көлемі шағын еңбекте олардың бәрін қамту да мүмкін емес. Сондықтан біз бірнеше тарихи жырларды қысқаша сипаттаумен шектелдік.

## Айтыс өлеңдері

Қазақ халқының әлеуметтік-тұрмыстық ерекшелігіне сәйкес туып қалыптасқан фольклорлық мұраның үлкен бір саласы – ақындар айтысы. «Айтыс» деген атауы – айтысу, тартысу, дауласу немесе жарысу, сынасу мағынасында қолданылады. Бұрын үлкенді-кішілі даулар кезінде шешендер айтысы болған. Ақындар айтысы – өлеңмен айтыс. Анығында өлең жарысы, өнер жарысы есебінде қолданылады. Ақындар айтысы – көпшілік алдында тыңдаушы, сыншы жұрттың көз алдында туып, орындалады. Өнмен, не әр ақынның арнаулы сарынымен қобызға, домбыраға, гармонға қосылып айтылады. Ақындардың солайша кезектесіп, жауаптасатын суырып салма өлеңдері, екі жақты айтыс болады<sup>211</sup>.

Айтыс – өлеңді қолма-қол суырып салып (импровизация) айтатын өнер сайысы, синкреттік сипаты басым жанр. Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, айтыстың алғашқы үлгілерінің тууына тұрмыс-салт жырлары негіз болған. Батыс түрік қағандығы кезіндегі (VI-VII ғ.) қытай жылнамаларының деректерінде «түріктер бие сүтінен жасалған қымызды ішіп қызып алған соң, ән шырқап бір бірімен өлең айтысады»<sup>212</sup> – деп жазылған. Бұған қарағанда да айтыс арыдан келе жатқан дағдылы дәстүр екені анық. Тіпті, оның түп тамырын «алғашқы қауымның әлеуметтік – экономикалық тіршілігінен іздеу керек» (Едіге Тұрсынов) деген тұжырым да негізсіз емес. Қалай десек те айтыс әріден – көне дәуірден тамыр тартады. Бірақ ақындық айтысы бірден қалыптаса қоймаған, ұзақ даму жолынан өткен.

Халық өмірінен мәнді орын алып, күні бүгінге дейін толастамай тың сапаға ие бола жалғасып келе жатуы айтыстың өміршең екенін көрсетеді. Халық әдебиетінің ең бір мол жанры

<sup>211</sup> Әуезов М. Айтыс өлеңдері // Айтыс. – А., 1965, 2-т. – 9-б.

<sup>212</sup> Қазақтың қысқаша тарихы. – Үрімжі, 1987. – 167-б.

ретінде айтыс, тек XIX ғасырдың ортасынан былай қарайғы кезеңде ғана жазылып, жарық көріп таныла бастайды. Бұл іске Т.А. Сейдалин, С.А. Жантөрин, Б. Дауылбаев, Ж. Шайхысламов, т.б қатарлы жинаушылар ат салысқан<sup>213</sup>. Белгілі оқымыстылар Ш. Уәлиханов, В. Радлов айтыс жанры жайында бағалы пікірлер айтқан. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы, Ә. Диваев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров қатарлы белгілі адамдар елеулі еңбек еткен. Кейінгі жылдары М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ы. Ысмайылов, М. Қаратаев, Ә. Тәжібаев, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Р. Бердібай, М. Дүйсенов, М. Жармұхамедов, Н. Төреқұлов, т.б. ғалымдар арнайы еңбектер жазып, айтыс табиғатын жан-жақты қарастырған.

Айтыс қазақта ғана емес, басқа да көптеген елдердің өмір – тіршілігінен орын алған. Атап айтқанда қырғыз, қарақалпақ, қарашай, малқорда, сондай-ақ Шығыс пен Батыстың кейбір елдерінде (араб, келттер, труверлер т.б.) болған. Алайда айтыс әртүрлі халықтарда түрлі формада айтылады.

Айтыс өнер жарысы болғандықтан нағыз төкпе ақындардың даңқын айтыс өнері шығарып, шыңдаған. Айтыс үстінде өзінің алымдылығын – шалымдылығын танытқандар ғана ақын ретінде танымал болған. Өйткені айтыс көпшіліктің көз алдында өтетіндіктен тыңдаушы қауым айтысушы екі ақын өнерінің куәсі болады. Әрі кімнің шынайы шеберлік танытып, орамды ой айта алғанын барлап – бағалап та отырады. Ертедегі ел ақындарының көбі осы жолдан өту арқылы белгілі болған өнер иелері. Олар: Жанақ, Түбек, Сабырбай, Орынбай, Шөже, Кемпірбай, Әсет, Сүйінбай, Жамбыл, Құлмамбет, Ұлбике, Ырысжан, Сара, Ақсұлу, Мұсабек, Біржан, Майкөт, Қабан, Ақбала, Тоғжан, Манат, т.б. қатарлы ақындардың есімдері айтыс арқылы қалың көптің қалаулы адамдарына айналған.

Ғалымдар айтыс өлеңдерін мазмұнына, тақырыбына қарай екіге бөледі. Бірінші халықтың әдет-ғұрып салтына байланысты туған айтыстар. Екіншісі – ақындар айтысы. Әдет-салт айтыстарын мазмұнына қарай бірнеше түрге (бәдік, жар-жар, қыз бен жігіт, мысал, дін, жұмбақ айтысы) жіктесе, ақындар айтысын

---

<sup>213</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1960. – 1-т. – 1-к. – 671-б.

түре айтыс, сүре айтыс деп бөледі. Түре айтыс бір-бір ауыз өлеңмен жауаптасып отыратын жалпылық түр болса, сүре айтыс суырып салма өлеңге әбден төселген, нағыз ақындардың көсіле жырлайтын түрі<sup>214</sup>. Біз мұның бәрін қамтуды мақсат етпедік, тек басты-басты бір-екеуіне ғана қысқаша тоқталамыз.

**Қыз бен жігіт айтысы.** Бұл айтыс халықтың әдет-салтына байланысты өтетін ойын-сауықтарда жиналған көпшілікті көңілдендіріп, ойын-тойды қызықты өткізу мақсатында айтылады. Мұны «халық толық айтыс деп атамай «қайымдасу» деп те атаған. «Қайым өлеңнің басы Күдері Қожа мен Ұлбике айтысы» – дейді М. Көпеев. Қайымдасу айтыстары әдетте қыз бен жігіттің бір-бірін дәріптеп мақтауынан яки әжуа-күлкі етіп тиісе қағысуынан басталады. Мұның көне үлгілерінде бастапқы екі жол екі жаққа бірдей бастан-аяқ өзгеріссіз қайталаанады да, айтылар негізгі ой соңғы, шешуші тармақтарда ғана беріледі. Бұл ерекшелік жаңа талап жастардың құрастырып айтуына жеңіл болғанын аңғартады<sup>215</sup>. Мәселен, Күйкентай қыз бен Оспантайдың айтысында Оспантай:

Өлеңде шабыс та бар, табыс та бар,  
Өр кезең өріс те бар, жеңіс те бар.  
Баласы көргендінің жақсы айтады,  
Аузында қос қалқаның періште бар, –

деп Күйкентайды көтере сөйлеп, сыпайылық байқатады. Сонда Күйкентай:

Өлеңде шабыс та бар, табыс та бар,  
Бересі не болмаса алыс та бар.  
Мереке күнде мұндай бола бермес,  
Бозбала, барың болса қарыштап қал<sup>216</sup>, –

деп қисыны келіп қалғанда айтысуға дайын екенін білдіреді. Айтысқа ақындық өнері болмаса да, өлеңге бейімі бар жастар

---

<sup>214</sup> Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – А., 1958. – 310-б; Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1960. – 1-т. – 1-к. – 682-б.

<sup>215</sup> Жармұхамедов М. Алғы сөз // Айтыс. – А., 1988. – 2-т. – 12-б.

<sup>216</sup> Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті. Хрестоматия. – А., 1990. – 161-б.

жаттанды өлеңнің бірер жолын өзгертіп те айтыса беретін болған. Айтысты алдымен әзіл-қалжыңнан бастаған олар біртіндеп бір-біріне деген ықылас, сыр-сезімдерін де білдіріп отырады. Оспан-тай:

Біз кетерміз отарға малды бағып,  
Суық күнде қалтырап дірдек қағып.  
Сағынармын, қош қалқа, сонда сені,  
Көздің жасын құйғанда мұз боп танып, –

дейді. Бұған Күйкентай былай жауап береді:

Ұмытсам да өзгені, сені ұмытпан,  
Сені тәуір көремін бір қылықтан.  
Алыс аулың кеткенде аяу – қалқам  
Сәлем айтсам жете ме бұлдырықтан.

Айтыс соңында екі жас бір біріне деген ынтық көңілдерін білдіреді. Алыс кеткенде айтылар сағыныш сарындарын жеткізеді. Кейде қыз бен жігіт айтысының барысында әлеуметтік мәселелердің тілге тиек болып отыруы мүмкін. Жамбыл мен Айкүмістің айтысындағы Жамбылдың «жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт» деген сөзінің астарында үлкен шындық бар. Ол тұста қазақ жастары өздерінің ұнатқан адамдарына қосыла бермеген. Жамбыл осы шындықты меңзейді.

**Жұмбақ айтысы.** Ақынның білім-білігін қажет ететін айтыстың бірі – жұмбақ айтыс. Қарсыласының тосыннан қойған сұрағына шапшаң, дұрыс жауап беру үшін ақынның көп нәрседен хабары бар жан-жақты болуы шарт. Сонда ғана айтысқа түскен ақындар жөпелдеме берілген жұмбақты дұрыс шеше алады. Кейбір жағдайда өлеңмен сөз сынасып, бір-бірінің шама-шарқын байқаған ақындар айтысының соңы жұмбаққа ұласады. Осындай жағдай Ұлбике мен Күдеріқожа айтысынан да байқалады. Ұлбике:

Қарағай садақ, қырық кез оқ бар белімде  
Сендей ақын жоқ па екен өз елімде.  
Екі сексен, бір тоқсан жұмбағым бар  
Жүйрік болсаң соны тап қапелімде, –

десе, Күдеріқожа:

Қарағай садақ, қырық кез оқ бар белімде  
Ақын қайда дәл мендей өз елінде.  
Екі сексен, бір тоқсан жұмбағыңыз,  
Есептесем екі жүз елу күнді, –

деп шешеді.

Әсет пен Ырысжан да кездейсоқ кездесіп айтысады. Үйде ән салып отырған қыз үстіне кірген Әсетті Ырысжан «топастау тор шолақтың біреуі ғой» деп көзге ілмейді. Қыз сөзі шамбайына батқан Әсет әуелі сыпайы бастап «тартармын асықпасаң табағынды» деп, ол да асқақтай сөйлейді. Біраз қағысқан екі ақынның шабыт-шалымы тең түскендей болады. Енді басқа айлаға көшкен Ырысжан сөз соңын жұмбаққа айналдырады. Тәуекелге бел буған Әсетке қыз төрт түрлі жұмбақ айтпақ болады.

Бірінші жұмбағы:

Бір сарай нұрланады жалғыз «менмен»,  
«ра» мен «нон», «хи» менен «зи» оған ерген.  
Бұл бес харіп бес сөздің әуелінде,  
Білдің бе мағынасын қайдан келген –

деп басталатын жұмбақ жиырма бес тармаққа созылады. Осындай қиын да күрделі жұмбақты Әсет қырық тармақтан тұратын өлеңмен іркіліссіз шешіп береді. Жұмбақта астармен айтылған патша әкімдерін санамалап атап, олардың паракор, озбырлықтарын әшкере етеді.

Ақыры Ырысжанның төрт жұмбағын да дұрыс шешкен Әсет сөзден тосылмай, жеңіске жетеді. Өзінің алғыр да алымды ақын екенін танытады. Сондықтан кезінде зерттеушілер бұл айтысты жоғары бағалаған.

Кейде бірден жұмбақтан бастап, жұмбақпен бітіретін айтыстар да болады. Бұл ретте Нұржан мен Сапарғали Қожахметов пен Кердері Әубәкір айтысын атауға болады. Сапарғали:

Бір үй бар, әйнегі, әм есігі,  
Ішінде Құдай берген бар несібі.  
Болады бірде жанды, бірде жансыз,  
Біlmесе хақ тағала жоқ кәсібі, –

Нұржан:

Демеймін бұл сөзінді бос болады,  
Жұмбақты шешсем көңілім хош болады.  
Жұмыртқа әйнегі жоқ, әм есігі  
Әуелі жансыз, ақырда құс болады, –

деп шешеді. Бұл онша елеулі нәрсе болмағанымен, бірақ шындық өмірден алынғаны хақ.

Алқалы топ алдында екі ақынның қиыннан қиысқан жұмбақпен айтысуы оңай болмаған. Сондықтан жұмбақ айтысына кез келген ақын қатыса бермеген. Өйткені жұмбақ айтысы ұшқыр қиял, таным түсінігінің кеңдігін қажет етеді.

Ежелгі наным-сенімге байланысты туған айтыс үлгілері де бар. Соның бірі өлі мен тірінің айтысы. Бұған Ақбала мен Боздақ айтысы жатады. Боздақ пен Ақбала бірін-бірі ұнатады, бірақ қосылуға мүмкіндік жоқ. Боздақ қайын жұртына барып, қайтарда Ақбаланың ауылына келсе, қыз қайтыс болып кетіпті. Сонда Боздақ зират басына барып былай дейді:

Алтайдан Аққайыннан ерімді тоздап келдім,  
Бұл мола кім болды деп қозғап келдім.  
Бір бата кімде болса қылайын деп,  
Жалғызы мен Бөргенің Боздақ келдім.

Бұған Ақбала былайша жауап береді:

Жалғанның сұмдығынан Ақбаламын,  
Немді айтып, өліп қалдым, мақтанамын.  
Жалғызы сен Бөргенің Боздақ болсаң,  
Жалғызы мен Қырғидың Ақбаламын.

Айтыста мақсаттарына жете алмаған екі жастың арман-мұңдары анық аңғарылады. Боздақ:

Қайтты екен Ақбала қыз қолаң шашың,  
Көрінген жабысыңқы қиғаш қасың.  
Ақбала, әлің келсе көтер басың,  
Тіріде еске түсті берген асың, –

десе, сонда Ақбала:

Орнынан жидегенді қолаң шашым,  
Қалпында тұр дейсің бе қиғаш қасым.  
Басымда әлім келіп көтере алман  
Тең көрген ханышамен қайран басым, –

деп өзінің зар-наласын айтады. Бұл айтыста мұң-нала басым. Арманда кеткен жастардың көңіл-күйі, реніш-қайғысын көрсету басым. Соңғы уақытта айтыстың бұл түрі кездеспейді.

Айтыс ақындары кейде адамды аң не хайуанат не затпен (домбыра) айтыстырады. Айтыстың мысал түріне жататын бұл айтыста тек шындық меңзеліп, кемшілік сыналады. Жұманазар мен домбыраның айтысында Жұманазар:

Домбыра, сөз сөйледің мән-жай білмей,  
Тартсам да қанша тәуір күйге келмей.  
«Бетімді сабалад» деп күнә тақтың,  
Күнәні маған қойдың, өзің білмей, –

дейді. Сонда домбыра былай жауап береді:

Менсіз сен барып па едің ұлы тойға,  
Сөйлеуім менің саған ұнамай ма?  
Қолыңа ұстасымен қиқылдатып –  
Саласың өлгенде әрең «Айтжан – айға!»  
Ішек тағып, бетім түзеп әдемілеп  
Тартсаңыз одан кейін болмайды ма?

Жұманазар домбыраға «күйге келмедің» деп кінә тақса, домбыра да қарап қалмай, ақынды жазғырады. «Ішек тағып, бетім түзеп, әдемілеп» тартсаңыз болмай ма? – деп күтімсіз қалғанына қынжылады.

Темірбай мен сиырдың айтысында малды дұрыс бағып-қақпайтын Темірбайға сиыры өкпе айтады. Мал мен адамның айтысы арқылы ерінбей еңбек ету ескеріледі. Шаруаға ыңғайы жоқ адамды сынға алады.

XIX ғасырдың аяқ шенінде, XX ғасырдың басында қазақ ақындарының Бұхарада, Ташкентте, Түркістанда, Қазанда оқып келгендері жалпы айтыспен қатар, діни айтысты ақындық жарыс салтына енгізеді<sup>217</sup>. Қыз Болық пен Елентай айтысында Болық:

---

<sup>217</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1960. – 1-т. – 1-к. – 711-б.

Ақын жігіт атанған Елентайым,  
Өнерпаздың өнерпаз білер жайын.  
Жауап бер бір азырақ сөз сұрайын,  
Әуелі не жаратты бір Құдайым? –

деп сұрайды. Бұған Елентай «жер менен көк жаралды елден бұрын» деген жауап айтады. Болықтың сауалдарына Елентай ұтымды жауап қайтарады. Бұл тақырыптағы айтыстар ислам дінінің шарттарынан хабардар етеді. Имандылық – адамгершілік парыз-қарыздарда сақтауға шақырады.

**Ақындар айтысы.** Ақындар айтысы – халық әдебиетінің күрделі жанрының бірі. Айтыс – ұзақ уақыт халықтың рухани қажетін өтеп келе жатқан өнер. Айтыс өнерінің дамуына, сөз жоқ, көшпелі тіршілік қалыбының әсері болғаны даусыз. Өмірдің өзі қолма-қол төгіп айтуға бейімделген. Халықтың көңіл сергітер орны үлкен жиын-тойлар болса, ол ешқашан айтыссыз өтпеген. Өйткені әлеуметтік өмірдің сан түрлі сұрау-сырлары айтыс арқылы ашылған. Екіншіден, сөз бен сөз жарасым тапқан ұшқыр ой, көркем өлеңнен эстетикалық ләззат алған. Сондықтан «Өнер алды – қызыл тіл» деп бағалаған халық үшін айтыстың ерекше мәні болғаны хақ. Ақындықтың қатал қағидасы – айтыста өзін көрсете алмаған өнер иесі ақын деген атқа ие бола алмаған. Себебі суырып салып (импровизация) айтудағы тапқырлық пен ой-өрісінің кеңдігі екі ақынның жекпе-жек айтысында анық аңғарылады және көптің көз алдында өтеді. Ірі айтыс ақындары бірден қалыптаса қоймаған. Сан рет үлкенді-кішілі айтыстарға қатысып, бірде жеңсе, бірде жеңілген. Осылайша ысылу, төселу, толысу сатыларынан өткен. Айтыста ақындарға сөз еркіндігі берілген. Мәселен, Тезектің ордасына тосыннан келген Сүйінбайды жақтырмаған ол:

Төрт қазық аяғына қақпаймысың,  
Киімін отқа өртеп жақпаймысың.  
Абылай жазалыны қайтушы еді,  
Жазасын жазалының таппаймысың? –

деп Жылкелді, Бапау атты екі ұрысына қарата сөйлейді. Жағдайды алдын ала аңғарған Сүйінбай:



Хан Тезек, келіп едім көрейін деп,  
Сәлемін пайғамбардың берейін деп.  
Екі ұры аттандырған қолға түсіп  
Хан тақсыр, отырмысың өлейін деп?! –

деп бастаған Сүйінбай бұдан да ауыр сөздерді іркілмей айтады:

Хан Тезек, қарамысың, төремісің,  
Жемесең ұрлық етін өлемісің?!  
Жетім менен жесірдің ақысын жеп  
Барғанда акіретке беремісің?!

Мұндай батыл да батырып сөйлеу Сүйінбай сияқты «от ауыз орақ тілді» ақындарға тән ерекшелік.

Балтамен айтысқа түскен Шөже:

Ұры Балта, білдірдің ұры атыңды,  
Ұрлықпенен кетірдің ұятыңды.  
Көл қорыған қызғышты көп көргенмін,  
Топшыңнан сындырайын қанатыңды, –

деп Балтаның ұрлығын әшкерелесе, Балта оған:

Жылқымды айдап салдым қалың қаудан,  
Ойнап күліп жүремін денім саудан.  
Мордар құл аяғыңды абайлап бас  
Шақырған кім бар сені Алатаудан, –

дейді. Шөженің ата-тегінің қырғыз екенін мін етіп айтады. Жеке бастарындағы кем-кетіктерін қазбалаудан басталған қақтығыс қоғамдық кемшіліктерді сынауға дейін көтеріледі. Жамбыл мен Құлмамбет айтысында елінің байлығын айтып мақтанған Құлмамбетке Жамбыл халық атынан тіл қатып:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,  
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.  
Қарабайдай сараңдар толып жатыр  
Оны мақтап шалықпай жөніңе қайт! –

деп ұтымды жауап қайтарады. Ел бірлігі мен ел қорғаған ерлікті алға тартады. Халық қорғаны болған Сұраншы, Саурық сынды

батырларды мадақ етеді. Құлмамбетті жүйелі сөзбен тоқтатып, жеңіске жетеді. Көптің көкейіндегі мәнді мәселені тиек етуі Жамбылдың мерейін үстем етеді.

Айтыс ақындары өлең-өнер сайысында асқақ, шарықтап сөйлеп, қарсыласына сөз нөсерін жаудыруы жеңіске жетудің бір тәсілі іспетті. Біржан Сараны іздеп келген сәтте-ақ бірден:

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,  
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.  
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар  
Аулында Тұрысбектің өлер жері, –

деп тым асқақ сөйлеуі осыны аңғартқандай. Екі үздік өнер иесі бір-бірінің талантын, сөз сайысындағы шеберліктерін қапысыз танып, бағалайды.

Біржан:

Ел-жұрттың қорықпайды екен көз жасынан,  
Сан жүйрік көріп едім мен жасымнан.  
Кемітер дұшпан шіркін қай жерінді,  
Адамзат озар емес бір басыңнан, –

деуі өте орынды айтылған сөз. Біржан Сараның аса дарынды өнер иесі екенін бірден байқаған. Болмаса Сараның:

Жалынмен жанып тұрған нөсерге өшпес,  
Болатпын екі жүзді талмас кеспес, –

деген сөзін де шынай шындық десек болады.

Талай рет топты жарып, жүлде алған ақын қыздың басында да мұң мұнары бар еді.

Адамға жол бермеген қайран тілім,  
Күні өтіп, қор боп өтті қызыл гүлім.  
Сіздерден ұялағаннан үндемеуші ем  
Есекке қосақтаулы өтті күнім, –

деп Сара ащы шындықты ашына айтады. «Адамға жол бермеген қайран тілі» Жиенқұлға келгенде күрмеледі. Өйткені ол Сараның теңі емес еді. Сара осы жерден тосылып, жеңіледі. Оны өзі де мойындайды.

Қажеке, күні құрсын ұрғашының,  
Билігі болмаған соң бір басынан, –

деген сөзді тегін айтпаған. Бұл сол тұстағы бүкіл қазақ қыздарының зары десек те артық айтқандық болмайды. «Ел ағаларына сенген сорлы» басына бостандық тілейді. «Дені сау кез болмадым бір тазаға» деп қамығады.

Қазақ қыздарының сорына айналған қалың малды сынап, бас еркіндігін талап ету айтыстың әлеуметтік мән-маңызын көтере түседі. Қоғамық кесапатты кесіп айту – үлкен батылдық. Бұл тұста Біржан мен Сара өз заманының озық ойлы, нағыз қайраткері деңгейіне көтерілген. Ескі қоғамдағы қазақ қыздарының басындағы әлеуметтік теңсіздік айтылады. Екі ақын көптің көңіліндегі түйінді дөп басуы бұқараның тілегімен табиғи үндестік тапқан. Сондықтан бұл айтысқа көпшіліктің ықылас-ілтисаты бір сәт суыған емес. Сондай-ақ Біржан – Сара айтысы – өзінің көркемдік деңгейі, айшық-ажары жағынан да айтыс өнерінің үздік үлгісі.

Соңғы кездері ақындар айтысы жүйелі өткізіліп келеді. Ежелгі дәстүр қайта жалғасты. Қолма-қол төгіп айтатын мәселе ретінде дамыту өмір талабына айналды. Бірақ мазмұны жағынан бұрынғы мен бүгінгі айтыстың айырмашылығы бар...

## Балалар фольклоры

Халқымыз «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» деп ұрпақ өсіруге ерекше мән берген. Әр сәбидің дүниеге келуін елеулі оқиға деп білген. Бұған ұрпақ жалғастығы ретінде қарап бүкіл әулет үлкен қуаныш санаған. Себебі «адам ұрпағымен мың жасайды». Бала дүниеге келгеннен бастап ержеткенге дейін әдет-ғұрып аясында өтетін түрлі жөн-жоралғылар болған. Жаңа туған нәрестеге арнап шілдехана жасау, ат қою, қырқынан шығару, бесікке салу, тұсау кесу, ашамаймен атқа мінгізу сияқты әр кезеңге лайық жөн-жоралғының бәрін дәстүрге орай ойын-сауықпен өткізетін болған. Әркім өзінің әл-ауқатына қарай жасайтын той-томалақтың қай-қайсысы болса да өлең-әнсіз өтпеген.

Бала тәрбиесіне әр ата-ана, бүкіл халық немқұрайды қарамаған. Сондықтан бала өмірінің әр белесіне орай өтетін ырым-кәде, салттарды өлеңмен өрнектеп өздерінің сезім-тілектерін білдіріп отырған. Тікелей бала тәрбиесіне бағышталған, сәбидің жандүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына негізгі ұйытқы болатын шығармалар өзінше арна түзеді. Мұны фольклор ілімінде «балалар фольклоры» деп атау қалыптасқан<sup>218</sup>.

Балалар фольклорының жиналып, жариялануы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Академик В. Радловтың көп томдық еңбектерінің 3-томында (1870) өтірік өлең үлгілері енгізілген. Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (1879) балаларға арналған алғашқы оқулық болып табылады.

Қазақ фольклорының бір саласы – балалар фольклоры. Өйткені оның өзіне тән ерекшеліктері бар. Соңғы кездері балалар фольклорының болмыс-бітімін саралаған арнаулы еңбектер жазылды. Ғалым К. Ісләмжанұлы балалар фольклорының жанрлық сипаты мен түрлерінің құрамы, атқаратын қызметі, тақырып-мазмұны, кімдер шығарып, орындайтыны, идеялық-көркемдік ерекшеліктеріне қарай төмендегіше топтастырған:

I. Әлпештеу поэзиясы

Бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдарқағу жырлары.

II. Жеткіншектер поэзиясы

Маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдері, балалар өлеңдері (такпақ, сұрамақ), қызықтама, өтірік өлең, мазақтама.

III. Ойындық фольклор

Ойын өлеңдері: тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ.

Ойынға байланысты жырлар: ойынға шақыру, қаламақ, санамақ, драмалық ойындар<sup>219</sup>.

Балалар фольклоры орындауына қарай екі түрге бөлінеді. Бірін үлкендер шығарып, өздері орындайды. Соның бірі – бесік жыры. Бұл өлең бесікте жатқан баланы тербетіп отырып айтады. Бесік жырының жанға жағымды әуені баланы тыныштандырады, тез ұйықтап кетуіне әсер етеді. Бесікті тербетіп отырған ана

---

<sup>218</sup> Ісләмжанұлы К. Рухани уыз. – А., 1995. – 11-б.

<sup>219</sup> Сонда. 22-23-б.

өзінің аналық сезімін бесік жыры арқылы білдіреді. Баласының ержеткенде жақсы адам болуын арман етеді.

Айырқалпақ киісіп,  
Ақырып жауға тиісіп,  
Батыр болар ма екенсің?  
Бармақтарың майысып,  
Түрлі ою ойысып  
Ұста болар ма екенсің?  
Тандайларың тақылдап,  
Сөйлегенде сөз бермей  
Шешен болар ма екенсің, –

деген жолдар осындай тілектен туған.

Ата-ана үшін баладан қымбат ешнәрсе жоқ. Баласына бар мейір-шуағын арнап, кейде оны түрлі асыл заттарға балайды.

Айналайын шырағым,  
Көлге біткен құрағым.  
Жағамдағы құндызым  
Әуедегі жұлдызым.  
Әлди, балам, әлди-ай<sup>220</sup>.

Сөз бен саз арқылы баласын тербетіп әлдилейді. Бесік жыры арқылы баланы тыныштандырып, ұйықтауға бейімдесе, екінші жағынан, тәрбие беру мақсатын да көздеген. Әр ана үміт-тілегін сәбидің жас кезінен бастап-ақ құлағына сіңіруді жөн санаған.

Бесік жырынан басқа да үлкендер айтатын өлеңдер бар. Олар «Бесікті аластау», «Қуыр, қуыр, қуырмаш», «Бірім-бірім», «Тұсау кесу», т.б. Бұл тәрізді сәбилік салт өлеңдер баланың жас ерекшеліктеріне қарай түрлі мақсатта айтылады. «Қуыр, қуыр, қуырмаш» өлеңі баланың алақанын қытықтап, ойын түрінде орындалады. Баланы күлдіріп, көңілдендіру үшін айтылса, «Тұсау кесу» өлеңі басқа мақсатты көздейді. Апыл-тапыл жүре бастаған баланың аяғын ала жіппен орап байлайды да елгезек адамға кестіреді.

---

<sup>220</sup> Ақ сандық, көк сандық. – А., 1988. – 19-20 бб. Бұдан кейінгі өлең үзінділері осы кітап бойынша беріледі.

Қаз-қаз балам, қаз балам,  
Қадамыңды жаз, балам.  
Күрмеуінді шешейік  
Тұсауыңды кесейік, –

деп баланың қолынан жетектеп, тұсау кесу өлеңін айтады. Көне түсініктермен сабақтасып жатқан бұл өлеңде баланың тұсауы кесілсе тез жүріп кетеді деген наныммен астасып жатқаны анық. Түптеп келгенде осы өлеңдердің бәрінде ата-ананың ақ тілегі көрініс тауып отырады.

Тұтастай алғанда, іштей көптеген жанрлық түрге бөлінетін балалар өлеңдері сан алуан тақырыпты қамтиды. Сонымен бірге олардың жасалуы, стильдік-көркемдік әдіс-тәсілдері мен композициялық құрылымы жағынан да әртүрлі болып келеді. Бүкіл өмірі табиғат аясында өтетін елдің тіршілігінде жаратылыс құбылыстарының әсері аз болмағандықтан балалар өлеңдерінің кейбірі («Жау, жау, жаңбыр», «Ай туады дөңгелек», «Жазда», т.б.) табиғат көріністері, жыл мезгілдеріне байланысты туған. Мәселен,

Қара тұман, қайт, қайт!  
Әке, шешең өлді.  
Желмен хабар келді, –

десе, кейбір өлеңдер арнау-тілек түрінде келеді.

Ақ балық-ау, ақ балық,  
Қармағымды қап балық!

Немесе:

Май берейін, құрт берейін,  
Күннің көзі шық-шық!

Балалар өлеңдерінің ойынға негізделген кейбірі сұрау-жауап, диалог түрінде айтылып ерекшеленеді. Сұрамаққа жататын «Бұлтқа» өлеңінде:

– Ақсың, сұрсың, қарасың,  
– Қайда қалқып барасың?  
– Жерге нөсер төгемін,  
– Өссін гүлдер, көп егін! –

деп бұлттың қайда қалқып бара жатқанын сұрайды. Сұрақ-жауап яғни диалогқа құрылған өлеңдер де бар.

- Ауылың қайда?
- Асқар тауда.
- Қойың қайда?
- Қошқартауда.

Сан-салалы жанрлық түрден тұратын балалар фольклорының мазмұны да, атқаратын қызметі де түрліше болып келеді. Ойнамайтын бала болмайды. Сан түрлі қимыл-қозғалысқа толы ойын баланың ой-өрісін кеңейтіп, денелерін шынықтырады. Ойын үстінде әртүрлі өлең-тақпақтар айтылады. «Соқыр теке», «Аксерек, көксерек», «Ұшты-ұшты», «Қалай айтуды білемін», т.б. ойындар арқылы бала тақпақ айтуға, ән салуға, би билеуге жаттығады. Екінші жағынан, ептілік-шапшаңдыққа, қиынның қисынын табуға, жігерлік-тапқырлыққа баулу көзделген. Осы арқылы баланың шығармашылық құштарлығы артады.

Бір айта кетер жай – балалар фольклорының кейбір жанрлық түрлері (ертегі, жұмбақ, төрт түлік жырлары, өтірік өлеңдер, т.б.) үлкендерге де, балаларға да ортақ болып келеді. Өйткені бұл жанрлық түрлерді әу баста үлкендер шығаруы мүмкін. Алайда балалар фольклоры да ұзақ тарихи дәуірлерді басынан өткергендіктен, өзгеріске ұшырайды. Біртіндеп балалардың таным-түсініктеріне лайықталып өзгереді, өңделеді. Неғұрлым балалардың айтуына оңай, қызықты, жеңіл ұйқасқа құрылған өлең-тақпақтар бала жадында тез сақталады, қолдауына ие болады. Балалар фольклорының әсіресе ойындар мен ойын өлеңдерін жеке дара да, топталып та айта беретіндіктен ұжымдық сипаты басым болып келеді. Сонымен, тәрбиелік-танымдық, эстетикалық мәні зор балалар фольклоры – халық әдебиетінің бір саласы.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	3
Тұрмыс-салт өлеңдері.....	14
Аңшылыққа байланысты өлең.....	16
Егіншілік кәсіпке байланысты өлең.....	21
Төрт түлік туралы өлеңдер.....	23
Қымызмұрындық тойы мен өлеңдері.....	31
Наурыз өлеңдері.....	33
Наным-сенімдерге байланысты өлеңдер.....	37
Арбау өлеңдері.....	40
Бақсы сарыны.....	42
Бата-тілек өлеңдері.....	44
Жарапазан.....	49
Үйлену салт өлеңдері.....	51
Той бастар.....	52
Жар-жар.....	53
Сыңсу.....	54
Некекіяр.....	57
Мұң-шер өлеңдері.....	58
Арыздасу.....	59
Естірту, көңіл айту.....	60
Жоктау.....	62
Лирикалық өлеңдер.....	65
Қара өлең.....	65
Тарихи өлең.....	68
Ән өлеңдер.....	71
Мақал-мәтелдер.....	72
Жұмбақтар.....	78
Жаңылтпаштар.....	81
Өтірік өлеңдер.....	83
Шешендік сөздер.....	85
Халық прозасы.....	95
Ертегілер.....	95
Жануарлар жайындағы ертегі.....	97
Қиял-ғажайып ертегі.....	100
Батырлық ертегі.....	101
Новеллалық ертегі.....	102
Сатиралық ертегі.....	103



Ертегіден тыс прозалық жанрлар (аңыздық проза) .....	105
Аңыз .....	107
Хикая .....	109
Әпсана хикаят .....	111
Эпостық жырлар .....	112
Көне эпос .....	113
Қаһармандық эпос .....	119
Ғашықтық эпос .....	130
Қозы Көрпеш – Баян сұлу .....	131
«Қыз Жібек» жыры .....	137
Айман – Шолпан .....	141
Тарихи жыр .....	145
Айтыс өлеңдері .....	153
Балалар фольклоры .....	163

Оқу басылымы

*Сейітжанұлы Зұфар*

## **ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ**

*Оқу құралы*

Стереотиптік басылым

Редакторы *Гүлжан Рүстембекова*  
Компьютерде беттеген *Сәуле Сарпекова*  
Мұқабасын көркемдеген *Ринат Сқақов*

**ИБ №6560**

Басуға 22.07.2020 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84<sup>1/16</sup> Көлемі 10 б.т.

Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №795

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.